Республика стала членом СБСЕ, Всемирного банка и Международного валютного фонда, подписала Уставы Международного банка реконструкции и развития, Международной ассоциации развития, Многостороннего агентства гарантий инвестиций, Международного центра по урегулированию инвестиционных споров. Крепнут наши деловые контакты с зарубежными предпринимателями. В Казахстане более 1 100 участников внешнеэкономических связей, в том числе 116 совместных предприятий, действуют 21 внешнеэкономическая ассоциация, совместный международный коммерческий банк, открыто восемь иностранных предприятий.

Казалось бы, можно похвалиться. Однако с каждым днем все очевиднее становятся трудности, с которыми столкнулось наше молодое государство, и главная из них: потенциальные возможности Казахстана и современный уровень его экономического развития далеко не адекватны друг другу.

Сегодня народное хозяйство республики характеризуется глубокой деформацией отраслевой структуры, высокой инерционностью и ресурсоемкостью, зависит от импорта товаров народного потребления. Фактически республика представляет собой сырьевой придаток, 90 процентов экспортной ее продукции приходится на сырье, материалы и полуфабрикаты: нефть, газ, уголь, цветные металлы.

Как переломить это положение? Если продавать по-прежнему сырье, коренным образом изменить ничего не удастся. Деньги сами по себе тоже ничего не решают: нужны техника и технологии, опыт организации и управ-

*Журнал "Деловые люди", октябрь 1992 года, № 10 (27), стр. 56

ления производством. Именно поэтому, бывая за рубежом, встречаясь с государственными лидерами и представителями деловых кругов, я никогда не ставлю целью получить любой ценой кредит.

Я убежден: предоставление даже огромных кредитов, несмотря на их очевидную значимость, не может служить главным средством развития экономики помощи зарубежных партнеров. Куда более перспективным представляется взаимовыгодное сотрудничество на основе прямых иностранных инвестиций, оказание помощи в подготовке кадров для рыночной экономики, практическая помощь в структурной перестройке народного хозяйства.

Между прочим, такой подход встречает понимание у деловых кругов Запада. Мы можем похвастать тем, что самые крупные в СНГ инвестиции сделаны в Казахстан: это недавние крупномасштабные контракты с всемирно известными "Шевроном", "Бритиш Гас", "Аджип", касающиеся разработки богатейших нефтегазовых месторождений. Для меня очевидно, что успех в преобразовании экономики (и в итоге всей жизни народа) могут принести лишь собственные усилия в совокупности с поддержкой зарубежных партнеров, основанной на их заинтересованности и взаимном доверии.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ НАТО-НЫҢ БАС ХАТШЫСЫ МАНФРЕД ВЕРНЕРДІ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ*

Алматы, 4 қараша 1992 жыл

Беделді халықаралық ұйым басшысының сапарын саяси тұрғыдан Қазақстан үшін өте маңызды оқиға ретінде бағалаймын. КСРО-ның құқылы мирасқорларының бірі бола отырып, республика осыдан туындайтын міндеттемелерді дәлме-дәл сақтайды. Ол Хельсинки Қорытынды актісіне қол қойды, НАТО-ға кіретін мемлекеттер – Англиямен, Италиямен, Франциямен, ГФР-мен басқаларымен маңызды экономикалық байланыстарға көшті.

Бірақ Қазақстан жерді шығыс пен батысқа, солтүстік пен оңтүстікке бөлмей орналасқан, сондай-ақ шалғайдағы елдермен экономикалық байланыстарды белсенді дамытуда. Мысалы, Түркиямен және Иранмен қатынастар барған сайын тығыз бола түсуде. Онда жаңа ғана республиканың мемлекеттік делегациясы ресми сапармен болып қайтты.

Біз өркениетті әлем құндылықтарына сүйенген демократиялық мемлекет құрғымыз келеді.

Бұл процесс күрделі жағдайда өтуде. Оны жеңілдету үшін республика ішкі ғана емес, сондай-ақ сыртқы да тұрақтылықты қажет етеді. Міне сондықтан біз көршілермен, басқа мемлекеттермен достық қатынасты нығайтуға, ТМД шеңберінде күш-жігерді неғұрлым тығыз үйлестіруге ұмтылып отырмыз. Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде маңызды стратегиялық орын алатын мемлекеттің қазір жасалып жатқан әскери доктринасы да осыған бағытталған.

Біздің Азиядағы сенім шаралары туралы конференция шақыру инициативамыз да осыдан келіп шығады. Мұнда жанжал жағдайын тудыра алатын көптеген материал шоғырланып қалды. Мақсат – тұрақтандыру процесіне Азия елдерінің өздерін қосуда болып отыр. Сонда үздіксіз дипломатияны жүргізу, шиеленісті бәсеңдету үшін дер кезінде шаралар қолдану мүмкіндігі туар еді. Принципінде мұндай ұйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңеспен тығыз ынтымақтастыққа шыға алар еді. Бұл идеяны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы, аймақтың көптеген елдері қолдады. Қазақстан басшысы НАТО тарапынан да осындай қолдауға үміт білдірді.

* "Егеменді Қазақстан" газеті, 5 қараша 1992 жыл.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ВСТРЕЧЕ С ГЕНЕРАЛЬНЫМ СЕКРЕТАРЕМ НАТО
М. ВЕРНЕРОМ***

Алма-Ата, 4 ноября 1992 года

— ...Я расцениваю визит руководителя влиятельной международной организации как очень важный для Казахстана в политическом плане.

Будучи одним из правопреемников СССР, республика четко соблюдает вытекающие из этого обязательства. Она подписала Хельсинкский заключительный акт, вышла на серьезные экономические контакты с входящими в НАТО государствами — Англией, Италией, Францией, ФРГ и другими.

Но Казахстан, не разделяя Землю на Восток и Запад, Север и Юг, активно развивает экономические связи как с ближними, так и дальними странами. Все более тесными становятся, к примеру, отношения с Турцией и Ираном, где только что побывала государственная делегация республики с официальными визитами.

Мы хотим построить демократическое государство, основанное на ценностях цивилизованного мира.

Этот процесс проходит в сложных условиях. Чтобы облегчить его, республика нуждается не только во внутренней, но и внешней стабильности. Вот почему мы стремимся укреплять отношения дружбы с соседями, с иными государствами к более тесной координации усилий в рамках СНГ. На это направлена и разрабатываемая сейчас военная доктрина государства, которая занимает важное стратегическое положение на стыке Европы и Азии.

Отсюда вытекает и наша инициатива — созвать конференцию по мерам доверия в Азии: здесь накопилось много материала, способного создавать конфликтные ситуации. Цель в том, чтобы к стабилизационному процессу подключить сами азиатские страны. Тогда бы появилась возможность проводить превентивную дипломатию, своевременно принимать меры для снижения напряжения. В принципе, такая организация могла бы выйти на тесное сотрудничество с СБСЕ. Эта идея поддержана генеральным секретарем ООН, многими странами региона. И я надеюсь на такую поддержку и со стороны НАТО.

Также я выражаю вам благодарность за предложение посетить штаб-квартиру НАТО в Брюсселе и заверяю, что в вопросах, которые вызывают озабоченность НАТО, Казахстан будет и впредь проводить стабилизирующую политику.

*Газета "Казахстанская правда", 5 ноября 1992 года.

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ПРЕЗИДЕНТУ США Б. КЛИНТОНУ***

Алма-Ата, 5 ноября 1992 года

– Я искренне поздравляю Вас в связи с избранием Президентом Соединенных Штатов Америки.

И я уверен в том, что успешно развивающиеся казахско-американские отношения приобретут всесторонний и взаимовыгодный характер в интересах народов обеих стран.

*Газета "Казахстанская правда", 6 ноября 1992 года.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ ӘКІМДЕР МЕН ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ,
ЖЕРГІЛІКТІ КЕҢЕС ТӨРАҒАЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КЕҢЕСІНДЕГІ БАЯНДАМАСЫ*

Алматы, 10 қараша 1992 жыл

Ең алдымен біздің осы кеңеске өте зор мән беретіндігімді атап өткім келеді. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаумен басталған және республиканың дүниежүзілік өркениет арнасына нақты енуіне бағытталған зор өзгерістерді жүзеге асыру көбіне бүгін осы залда жиналған адамдарға байланысты.

Ағымдағы кезеңнің маңызды мәселелері өзіміздің егеменді мемлекетіміздің тұңғыш Конституциясының жобасы мен түбегейлі экономикалық реформаларды тереңдетудің үкімет бағдарламасы туралы сіздердің пікірлеріңізді тыңдағымыз келеді. Бұл екеуі де Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясында талқыланбақ. Сіздер айтқан ойлар мен ұсыныстар республикамыз бен оның халқының тағдыры үшін ерекше маңызды шешімдер қабылдауда парламентарийлерге елеулі көмек көрсететініне сенімдімін.

Негізгі Заңның жобасымен жұмыс соңғы екі жыл бойы жүргізіліп келе жатқанын еске салғым келеді. Осы уақыттың ішінде ол мамандардың, тәуелсіз шетел сарабын қоса алғанда терең зерттеуінен өтті. Өздеріңізге мәлім, құжатты бірінші оқылымында парламенттің сегізінші сессиясы мақұлдағаннан кейін, ол бүкілхалықтық талқылауға берілген болатын.

Сол кезден бері өткен төрт ай Конституциялық комиссия атына 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертулер енгізген республика азаматтарының жоғары белсенділігін байқатып отыр. Олардың көпшілігі қазақстандықтардың бүгінгі проблемалар мен оларды тиімді шешу жолдарын терең түсінетінін көрсетті.

Сонымен қатар Конституциялық комиссия Ресей, Беларусь, Қырғызстан конституцияларының жобаларын жасаушылармен консультациялар өткізді. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық қауымдастықтың, АҚШ конгресі кітапханасының зерттеу орталығының мамандарын, соттарды, университеттердің

* "Егеменді Қазақстан" газеті, 11 қараша 1992 жыл.

профессорларын қамтитын американ адвокаттар қауымдастығының қорытындысы алынды. Сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің кеңесіне қатысушылар – адам құқықтары жөніндегі топтың, Франция, Дания, Құрама Штаттар мен кейбір басқа елдердің құқық профессорлары айтқан ескертулер де назарға алынды.

Өздеріңіз түсініп отырғандай, барлық ұсыныстар мен ескертулер ескеріле қойған жоқ, оның үстіне, олардың көпшілігі бір-бірін жоққа шығарады. Сондықтан, кейбір пікірталас мәселелеріне қысқаша тоқтала отырып, мен, негізінен, сіздердің назарларыңызды бүкілхалықтық талқылаудың қорытындысы бойынша жұмыс тобы жобаға енгізген және Конституциялық комиссия мақұлдаған өзгерістерге аударғым келеді.

Өз жұмысымызда біз халықаралық құқықтар нормаларына сай келетін шынайы демократиялық Конституция құру ниетін ғана басшылыққа алмағанымызды атап көрсетемін. Біз өзімізге адамдарды біріктіретін Конституция керек екеніне сүйендік. Оның бірде-бір тармағы қоғамда айтыс тудырмай, жағдайды өршітпей, тайталасқа арандатпау керек. Бізге кез келген өткір мәселелерді ашық талқылап, олар бойынша көп ұлтты мемлекетте барлық адамдардың теңдігін қамтамасыз етуді көздейтін біздің принципті саясатымызға сай келетін шешім табуымыз керек. Мен қоғамды қайта өзгертудегі біздің барлық табыстарымыздың негізі – барлық қазақстандықтардың бірлігі, келісімі мен татулығы екенін қайталаудан ешқашан да жалықпаймын.

Сондықтан мен республика азаматтарының мейлінше алуан түрлі, бірақ бірыңғай әсерлі сезімін тудырған проблемалардан бастамақпын. Әңгіме біздің мемлекеттік тілдер мәртебесіне қатысты конституциялық құрылыс негізінің сегізінші тармағы туралы болып отыр. Үш жыл бұрын біз қазақ тілін мемлекеттік тіл деп таныдық. Және осы уақытқа дейін бұл шешім ешкімге де қысым жасаған емес. Кәнігі төрешілердің өктемдігіне берілген іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге қатысты асығыс-үсігіс жасалған шешімдер өзінің теріс рөлін атқарады. Нақ осы негізде қоғамда белгілі бір шиеленіс туды, оны, турасын айтайын, Қазақстаннан тыс жердегі "тілектестер" барынша ушықтыра түсті. Бірақ тіл проблемасы ешбір жағдайда арзанқол даңғойлықтың, даурықпа алып-сатарлықтың объектісі болмауы керек. Бәз біреулер қабылданған Заңның күшін жойып, біз Қазақстандағы тыныштыққа үміт арттамыз деп ойлай ма екен? Шынымен риясыз адамға, қазақ тілінің жайы бүгінде мүшкіл жағдайда екені түсініксіз бе? Біздің ортақ Отанымыздың ата-бабаларының көптеген ұрпақтарының тілі жойылмауға тиіс. Кімнің өз еркімен мақау болғысы келеді?

Біздің тіл саясатымыз заңда да, нақты өмірде де қазақ тіліне де, орыс тіліне де, ұлттық азшылықтардың тіліне де құрмет көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

Бірақ айта кетейін, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы даурығу – патриотизмнің сыртқы жағын ғана қампайту болмақ. Ең бастысы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде нақты қалыптасуына жан-жақты мүмкіндік туғызу. Әрине, бұған тынымсыз жұмысқа толы жылдар мен көптеген қаржы кетеді, ал ол бүгінде өте тапшы.

Біз қазақ тілін іс жүргізуге кезең-кезеңмен парасатты енгізу одан орыс тілін алып тастау дегенді білдірмеуі керек екеніне сенімдіміз. Ол, айтқандайын, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінің бірі болып табылады. Республика халқының едәуір бөлігінің қазақ тілін білмеуі – біздің жан қайғымыз және қасіретіміз. Біз оны жеңіп шығамыз. Қазақстан азаматтарының барлығы бірдей орыс тілін жетік меңгеруі республика өмірінің бүгіні мен ертеңінің сөзсіз басымдылығы болып табылады. Өйткені ол қазір шын мәнінде еліміздің халықаралық байланыстарында және оның бүкіл дүниежүзілік өркениеттің жетістіктеріне қосылуы жолында зор рөл атқарып отырған ұлттаралық қатынас тілі болып отыр.

Бірақ, гәп мынада: "ұлттаралық қатынас тілі" ұғымының өзі бұдан бұрын талай рет атап көрсетілгеніндей, өзіндік нақты заңдық негізсіз қалып отыр. Азаматтардың өзара келісімі мен таңдауы бойынша кез келген тіл ұлттаралық қатынас тілінің қызметін атқара алады. Тілдерді мәдени игілік ретінде танудың өзі де айқын заңды салдарға ие болмай отыр. Сондықтан бәрімізді толғандырып отырған осындай барлық проблемалардың нақты шешімін табу үшін конституциялық құрылыс негізінің сегізінші тармағын былайша редакциялау жөнінде тоқтамға келдік:

"Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады.

Қазақстан Республикасы орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей еркін қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Азаматтардың ана тілінде сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.

Мемлекеттік тілді білмеуіне қарай азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шектеу қоюға тыйым салынады". Мен осындай түсіндіруді қолдауға шақырамын.

Конституциялық құрылыс негізінің айқын түсіндіруді талап етіп отырған өзге маңызды ережесі өкімет билігін бөлу принципі болып отыр. Конституциялық комиссияның соңғы мәжілісінде бәрі де ең басты мәселеде мәмілеге келгені қуанышты. Сөйтіп билікті бөлу принципі тек республикалық дәрежеде жүзеге асырылатынын және оны мемлекеттің барлық жоғары құжаттарының бүкіл мазмұны арқылы дәйекті жүргізу қажеттігі танылатынын түсіністік.

Бұл, ең алдымен, Парламенттің жалғыз ғана заң шығарушы орын екенін, ал өкілетті органдардың сатылы тік желісінің жоқ екенін білдіреді. Міне, сондықтан Жоғарғы Кеңестің Төралқасы мәжілісінде атап көрсеткенімдей, Пар-

ламенттің анықтауын біршама өзгерген редакцияда берген жөн болар. Парламент "... өзіне халық жүктеген заң шығарушы өкімет билігін жүзеге асырушы тұрақты қызмет істейтін және жеке дара орган болып табылатынын" атап көрсету керек. Айтқандайын, осындай тұжырым "Конституциялық құрылыс негізінің" төртінші тармағымен неғұрлым қисынды түрде сәйкес келеді. Мұнда "Қазақстан халқы егемендіктің иесі және республиканың мемлекеттік өкіметінің жалғыз негізі болып табылатыны" атап көрсетілген.

Жоғарғы кеңес Төралқасының жақын арада болған мәжілісінде, біз өкімет билігін пәрменді түрде бөлудің және қарама-қарсы салмақтың икемді механизмін құрудың қисынына одан әрі сүйене отырып, Президентке жергілікті әкімдерді өзі тағайындайтын құқық беру, Министрлер кабинетінің құрамын оның өзі айқындап, тек Премьер-министрдің кандидатурасын Парламентте бекітуге ұсынуы жөн деген ортақ пікірге келдік.

Әрине, дербестік бақылаусыздықты, оның үстіне, ойына келгенін істеуді білдірмейді. Конституция жобасында Министрлер кабинетінің мүшелерін олар Конституцияны және заңдарды бірнеше қайтара бұзған жағдайда міндетінен босату жөніндегі процедураны көздеуге шешім қабылданды. Бұл орайда Парламент Президенттің алдында үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл қалып, меніңше, Президент пен Парламенттің Министрлер Кабинетіне қатысты рөлін жеткілікті түрде айқын көрсетеді.

Үкімет билігінің дербестігін және маңызын атай отырып, оның өкілеттілігін жеке бөлімге шығаруға болады. Және бұл жай ғана құрылымдық қайта құру болып шықпақ емес. Көні, ашығын айтайықшы. Президент Үкіметсіз жұмыс істеуі керек деп санайтындар, мұның "бұлтартпас" үлгісі ретінде АҚШ-ты мысалға келтіретіндер дұрыс айтып жүр ме? Мен бұлай емес екендігіне сенімдімін. Құрама Штаттардағы және Қазақстандағы жеке меншік пен мемлекеттік меншіктің арақатынасы мүлдем әртүрлі болғандықтан да бұл дұрыс емес. Және бұл айырмашылық таяу арада жойыла қоймайды. Олай болса, бізде экономиканың мемлекеттік секторының қызметін Министрлер кабинетінен басқа кім реттеп отырмақшы?...

Ал егер айқын белгіленген өкілеттігі бар кабинеттің қажеттілігі бұлжымас шындық болса, онда үкіметті басқаратын Премьер-министрдің рөлін де сөзсіз көтеру қажет.

Конституция жобасын даярлау кезінде аса күрделі мәселелердің бірі мемлекеттік құрылыс мәселесі болғандығын ерекше атап көрсеткім келеді. Қазақстанның ішкі жағдайына қандай басқару түрі мейлінше сәйкес келетінін түпкілікті айқындау қажет болды. Біздің республикамыз – президенттік, парламенттік жолмен немесе аралас басқарылуы керек пе?

Өздеріңізге белгілі, қазіргі күйіндегі Конституция бойынша да Президент бүкілхалықтық негізде сайланады, ол мемлекет басшысы және атқару өкіметі басшысы қызметтерін бірдей атқарады, мұның өзі президенттік республика

принципіне едәуір дәрежеде сәйкес келеді. Бірақ Конституциялық комиссияның өз таңдауын білдіруде ең алдымен себепші болған жағдай бұл емес. Біздің дәуіріміздің өтпелі сипаты, ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің күрделілігі, мемлекетіміздің ұлан-байтақ ауқымы, оның этникалық құрамы анағұрлым салиқалы дәлелдер болып шықты. Осының барлығы президенттік республиканың күшті атқару өкіметінің қажеттілігін айқындады.

Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшелері сияқты сіздер де жоғарыдан төмен қарай қатаң атқару өкіметі билігін озбырлықпен пайдалану үшін қажет емес екенімен келісерсіздер деп үміттенемін. Тек осы өкімет билігі ғана қазіргі жағдайда заң шығарушы және сот органдарының өмір сүруін және олардың өкілеттіктерін икемді түрде бөлуді нақты қамтамасыз ете алады.

Тек осы ғана түбірлі өзгерістерді жүзеге асырып, гиперинфляциялық тоқыраудан шығуы, қылмыс жасаушылықтың өршуін, құқықтық шектен шығушылықты тоқтатуға мүмкіндік береді. Анығын айтқанда, тұрақтылық және прогресс жолымен жүруге мүмкіндік беретін ең аз деген әлеуметтік-экономикалық іргетасты қамтамасыз етеді.

Мұның бәрі бос сөз емес, олардың дұрыстығын тәжірибе қазірдің өзінде көрсетіп отыр. Корея, Түркия, Пәкістан Республикаларына, соғыстан кейінгі Германия Федерациялық Республикасына, Францияға қараңыздаршы. Тек күшті атқарушы өкімет қана олардың елеулі табыстарға жетуін мүмкін етті. Азаматтары өздерінің құқығы мен бостандығын сақтауға кепілдік жасаған, Лос-Анджелестегі тәртіпсіздіктерді батыл да әділ жолмен басқан Президент Бушқа ду қол шапалақтаған Құрама Штаттарға қараңыздаршы. Мысалды алыстан іздемей-ақ қоялық. Бір нәрсе айдан айқын: әкімдер билігінсіз, қатаң президенттік биліксіз біз өзіміздің болашағымызға сеніммен қарауымызға мүмкіндік берген биылғы астықтан мол өнім жинай алатын ба едік?

Естеріңізде болсын, мен кейбір ТМД елдерінде орын алып отырғанындай, Президентке қайдағы бір айрықша өкілеттіктер беру туралы сөз қозғап отырған жоқпын. Мен тек бүкіл мемлекеттік басқару механизмінің тиімді жұмысын қамтамасыз ететін айқын белгіленген конституциялық құқықтар туралы айтып отырмын.

Ал олар әлі нақтылана түсуі қажет. Жобада Президенттің халыққа және республика Парламентіне үндеу жолдау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әкімдерін тағайындау құқығы енгізіліп отырғанын атап өткен жөн. Президенттің Парламент қабылдаған заңдарға вето қоюының мерзімдері нақтыланды. Президенттің төтенше жағдай енгізу үшін қажетті конституциялық негіздері айқын көрсетілді. Оның отставкаға кету мүмкіндігі реттелді. Вице-президент өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда жаңа үміткерді Президент республика Парламентімен келісетіні туралы ереже бекітілді.

Біздіңше, бұл, біріншіден, президенттік билікті жоғарыдан төменге дейін өн бойына кешенді конституциялық реттеуді аяқтауға, екіншіден, президенттік билікті абсолюттендірудің мүмкін болмайтындығына кепілдікті күшейтуге және сонымен бірге президенттік өкілеттіліктердің "ыдырауына" жол бермеуге, үшіншіден, оларды жүзеге асыру процесіне қандай да бір болмасын күш көрсетуге жол бермеуге және төртіншіден, заң шығару процесіне қатысу жөнінде Президенттің мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады.

Айрықша маңызды жағдайды атап айтқым келеді. Президенттің, Парламенттің, Министрлер кабинетінің өкілеттіліктерін анықтай отырып, біз егемендіктің иесі және мемлекеттік биліктің негізі Қазақстан Республикасының халқы болып табылатындығын басшылыққа алдық. Ол өз өкілдерін сайлау мен шақырып алу жолымен саяси көп қырлылық негізінде, референдумдарға қатысуы мен заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері органдары мемлекеттік билікті жүзеге асырады. Халық атына тек қана халықтың қалаулылары – Президент пен республика Парламентінің сөз сөйлей алатындығы күмән келтірмейді ғой деп ойлаймын. Тек солар ғана референдум өткізу жөніндегі шешімді қабылдауға құқылы болуға тиіс.

Жобаны бүкілхалықтық талқылаудың көрсеткеніндей, жаңа құқықтық институттарды енгізуге – Парламентті таратуға және Президенттің қызметтен бас тартуына республика азаматтарының көзқарасы әрқилы. Ал олар менің инициативам бойынша Конституциялық комиссияда қаралғандығын атап өтпекпін. Әлемнің көптеген елдерінің – Францияның, Италияның, Германияның, АҚШ-тың, Үндістанның және басқаларының практикасында бар тежеу мен қарсы салмақ жүйесі элементтерінің ең маңыздысы болып саналатыны белгілі. Референдум белгілейтін импичмент пен парламентті тарату нағыз халықтық билікті қамтамасыз ететіндігінің де маңызы аз емес.

Дегенмен, Конституциялық комиссияның көптеген мүшелері қазіргі кезде Президенттің биліктен бас тартуы және республика Парламентін тарату мүмкіндігін Конституциямен бекітуді қабыл алмау туралы пікір білдірді. Олар өз айқындамаларын Грузия мен Тәжікстанда болған жағдайлар талдамасы, ТМД-ның кейбір мемлекеттеріндегі Президенттер мен Парламенттер арасындағы елеулі алауыздық оқиғалары, сондай-ақ саяси-құқықтық мәдениетіміз деңгейінің объективтік бағасы Президентті кері шақырып алу және Парламентті тарату сияқты құралдардың биліктің басына төнер ауыр шоқпарға айналуының нақты қаупін көрсетеді деп негіздеді.

Бұл ойлардың қисыны бар екені сөзсіз. Конституцияны қабылдай отырып біз, табан тірейтін айқын шындықтан алшақ кетпеуге тиіспіз. Сондықтан да, біздің аса маңызды міндетіміз билік институттарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, конституциялық дағдарыстың мүмкіндігін болдырмау екендігін атап өткім келеді. Қазір биліктің бейберекет ауысуына жол беру – мемлекетті жаппай аласапыран толқынына батыру деген сөз. Қазақстан ТМД шең-

берінде саяси-құқықтық тұрақтылықтың өзіндік бір үлгісі бола алады және болуға тиіс. Біз республиканың барлық өкімет органдары өз өкілеттіктерінің толық мерзімін өтеуі үшін барлық күшімізді жұмылдыруға тиіспіз.

Бұл сот органдарына да қатысты, оның қызметінің болашағы жөнінде екі пікір бар: оларды қазіргі түрінде сақтау немесе біртұтас сот жүйесін құру. Сот пирамидасының тиімді қызметі жағдайында екінші пікірдің приципті артықшылығы айдан анық, ал оның үстінде Конституциялық сот немесе палата тұруға тиіс. Сонымен бірге іргетасын тиісінше өзгертпестен оның жоғарғы бөлігін реформалау, ал оған бірнеше жыл қажет, жергілікті жерлердегі сот органдарын жансыздандыруға әкеп соғады, заңдылықты қалыптастыруды және бүкіл сот жүйелерін қайтадан бастауға мәжбүр етеді. Конституциялық комиссияның және республикалық Заңгерлер одағының кейбір мүшелерінің пікірі бойынша қоғам демократия әліппесін енді тани бастағанда, ал мемлекетте құқықтық шексіздік барынша қарқын алған кезде мұны жасауға болмайды.

Бұдан басқа, бұл мәселенің саяси астарын да ескеру қажет. Президентке де, Парламентке де өзінің риясыз пікірін айтуға қабілетті үшінші биліктің қалыптасуы үшін біздің барлық жағдайларды жасауымыз қажет. Бұл, әсіресе, Конституцияны нақты орындауға қатысты. Ал Конституциялық сот нақ осымен айналысуға тиіс.

Басқа бір мәселе – әрбір сот орнының өкілеттілігін айқын ажырату, ал ол бүгінгі таңда бізде жоқ. Осылайша сол Конституциялық соттың нақты қылмыстық және шаруашылық мәселелерін, сондай-ақ өз инициативасы бойынша іс қозғау мен қадағалау қызметін алудың қажеті жоқ.

Осы тақырыпты жалғастыра отырып, тәуелсіздік, бостандық және сот жүргізудің толық риясыздығы принципі сот органдарының жүйесі және соттарды тағайындау қандай да болмасын партиялық ой-пікірлерден және Парламентке тән саяси өзгешеліктерден тыс тұруды талап ететінін атап өткім келеді.

Қазіргі демократиялық елдердің көпшілігінде соттарды тағайындау құқығы президентке берілген. Президент оларды жоғары (немесе бас) соттың ұсынысы бойынша тағайындайды.

Сондықтан да мен тиісті баптың мынадай редакциямен берілуін ұсынамын:

"Президент Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы және Жоғары арбитраж соттарының мүшелерін тағайындайды, төменгі сот судьяларын тағайындауды жүзеге асырады".

Сонымен бірге, судьялыққа үміткерлерді анықтаудың және әділ сот жүргізу мәселелерінің зор маңыздылығын ескере отырып, арнайы орган – Жоғары сот кеңесін құрған және оған тиісті өкілдіктер берген жөн болар еді.

Бұл ретте Конституция жобасын мынадай баппен толықтыруға болады:

"Судьялар тәуелсіздігінің кепілі Жоғары сот кеңесіне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Осы кеңес әділ соттың жүргізілуін ұйымдастыру, судьялыққа тағайындау, оларды ауыстыру және өкілеттігінен айыру, оларды ынталандыру және жаза қолдану мәселелерін қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының төрағасы, Әділет министрі, бас прокуроры, Қазақстан Республикасының Президенті адвокаттар мен құқық саласындағы басқа да мамандар қатарынан тағайындайтын үш адам, парламент өкілеттік беретін үш депутат Жоғары сот кеңесінің мүшелері болып табылады.

Мемлекет судьялардың жоғары мәртебесіне сай келетін әлеуметтік, материалдық және олардың тәуелсіздігінің басқа да кепілдіктерін қамтамасыз етеді".

Конституция жобасында құқықтар мен бостандықтар туралы тарау ерекше орын алады. Олардың ауқымы жалпыға бірдей қабылданған дүниежүзілік конституциялық практиканы ескере келіп, республикада қалыптасып отырған ақиқат шындықтар негізінде көрсетілген. Негізгі Заңда жария етілген құқықтар бұрынғы конституциялардағы сияқты, сөз жүзінде емес, қайта нақты болғаны маңызды. Бұлай болмаған жағдайда біз азаматтардың конституция идеясының өзіне деген сенімін жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан конституциялық құқықтар мен бостандықтарды тағайындау аз, оларды практикада жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін сенімді кепілдіктер жүйесімен жабдықтау қажет.

Бүкілхалықтық талқылау барысында нақ осы ой талай рет айтылды. Ағымдағы заңға жасалған сілтемелер қисапсыз көп сұрақтар туғызды. Ондай сұрақтардың бар болуынан көптеген адамдар конституциялық құқықтар мен бостандықтарды едәуір шектеудің ықтимал қатерін көріп отыр.

Ағымдағы заңның осындай шектеуіне жол бермеу туралы ескерту беделді халықаралық ұйымдардың жоба бойынша жасаған қорытындыларында да бар. Осыған байланысты 2-баптың жаңа редакциясы ұсынылды. Ол құқықтар мен бостандықтар туралы тарауларда сілтеме нормаларын алып тастауға, сондай-ақ оларды шектеудің ықтимал оқиғалары мен тәртібін айқын реттеуге мүмкіндік береді.

Ең көп ұсыныстар мен ескертпелер – 5 мыңға жуық – экономикалық және әлеуметтік құқықтар туралы тарауға келіп түсті. Олардың едәуір бөлігі республикада құрылып жатқан нарықтық экономиканың ақиқат шындықтарын ескермей, Конституциямен белгіленетін тиісті кепілдіктерді күшейтуге бағытталған. Жалпы алғанда мұндай ұсыныстарда біздің күні кешегі өткен кезіміздің таңбасы жатыр, қалыптасып жатқан жаңа қоғамға бөлу, масылдық психологиясының көңіл-күйін алып бармақшы. Жобаның, әлеуметтік-

экономикалық кепілдіктері туралы мәселедегі табиғи орындылығын көптеген адамдар долбарлы кірпияздықпен қабылдауда. Оған қоса, кейбіреулер КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясының тиісті баптарының тұжырымдамасын қайталап көшіре салуды тікелей ұсынуда.

Жобада еңбек ету құқығының болмауына байланысты көптеген адамдар түсінбеушілік және тіпті ашу-ыза білдірді. Бірақ, мемлекет кепілдік беретін "еңбек ету құқығы" идеясының өзі теңгермешілік психология өктемдік еткен жағдайда, мүшелерінің қауырт, жоғары өнімді еңбекке табиғи ынтасы жоқ қоғамда ғана тууы мүмкін екенін түсіну маңызды.

Алайда, Конституцияны бекіте отырып, бізге өмірден алшақ кетпеу, талай ондаған жылдарға созылған өктемдіктен құлашты бір-ақ сермеп, кемелденген демократияға жетіп баруға болмайтынын ұмытпау керек екенін мен талай рет айттым. Бұл ретте, сірә, бұқара санасына қарай икемдік жасау керек сияқты. Жобада қалпына келтірілген еңбек ету құқығы базалық халықаралық-құқықтық құжаттардың беделімен дәріптеліп отырған мән-жайды ескеру керек.

Осыны басшылыққа ала отырып, жобаның тиісті бабының, бір жағынан, еңбек ету құқығын жариялайтын, екінші жағынан, нарықтық қатынастарды дамытуға және еркін тауар өндірушіге кең өріс ашатын мәміле редакциясы ұсынылады.

Сондай-ақ республика азаматтарына мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсету мен білім алу құқығына кепілдік беру қажет деп танылды. Бұл мекемелердің материалдық базасы талай ұрпақтың еңбегімен құрылды, ал қаржыландырылуы салық төлеушілердің есебінен жүргізілді. Бұл ретте Конституцияда осындай ережелердің болуы нарықтық экономиканың талаптарымен сыйыспайды дегенмен келісуге болмайды, өйткені, жобада денсаулық сақтау мен білім берудің жеке меншіктік жүйесін дамытуға кең өріс берілген.

Азаматтардың негізгі конституциялық міндеттеріне арналған 6-тарауда олардың шеңбері республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндетімен толықтырылды. Мемлекет беделін нығайтуға бағытталған мұндай ережені өркім қолдайды ғой деп ойлаймын.

Сонымен қатар, әскери міндеттілік туралы бап жаңа редакцияда баяндалған. Ол ағымдағы заңда әскери қызметшінің келісімімен республикадан тыс жерде қызмет етуі мен әскери қызметін атқарудың негізі және Қарулы Күштерді кәсібилендірудің құралы ретінде келісім-шарт жүйесін ескеруге мүмкіндік береді.

"Экономика негіздері" тарауында ұжымдық меншік деген сөз алынып тасталды. Бүкіл өркениетті әлем меншіктің екі-ақ түрін: жеке меншік пен мемлекеттік (немесе жария) меншікті біледі. Бұл ретте жекеменшікке жеке-леген азаматтар мен олардың бірлестіктерінің (мысалы, акционерлік қоғам-

дар, серіктестіктер мен т. б.), меншіктер жатады. Сондықтан ұжымдық меншік, категориясына бас тарту колхоздардың, артельдердің және басқа да кейбір еңбек бірлестіктерінің субъектілік құқығын конституциялық негізден айырады деген пайымдау негізсіз. Олардың қайсысын жеке меншік – басқаша айтқанда, азаматтардың өз меншігіндегі нақты үлесін айқын анықтау, қайсысын мемлекеттік меншік қатарына жатқызу керек екендігін бір мәнді белгілеу қажет.

Азаматтардың қоғамдық соның ішінде діни бірлестіктерінің меншігін дербес ұжымдық меншік ретінде бөліп алу, сөйтіп Конституцияда осы түсінікті сақтау қажеттігін дәйектеу әрекеттері де негізсіз. Дегенмен қоғамдық бірлестіктер меншігінің белгілі бір ерекшеліктері бар – ол мемлекеттік меншікке жатпайды және сонымен бірге жеке меншік міндетін атқармайды, өйткені жеке меншіктің экономикалық мүдделерді қорғауға емес, қайта қоғамдық немесе діни қызметтің материалдық базасын құруға бағытталған. Дүние жүзінде ол еш жерде ұжымдық категорияға жатқызылмайды. Әдетте, қоғамдық бірлестіктер меншігінің құқықтық тәртібі жеке меншіктің құқықтық тәртібіне жақын белгіленеді.

Осы тарауда кәсіпкерлік бостандығы тек жеке меншік құрылымдарға ғана қатысты деп айқын көрсету ұйғарылды. Мемлекеттік құрылымдарға кәсіпкерлік бостандығын беру жөнсіз, өйткені бұл оларды коммерцияландырып жіберетіні соншалық, тіпті өздерінің тиісті мемлекеттік міндеттерін жүзеге асыруын тым қиындатады. Бұл ретте меншік иесі ретінде мемлекеттің құқықтары шектеліп қана қоймайды, сондай-ақ республика экономикасын, соның ішінде оның өмірлік маңызды салаларын басқаруға қатер төндіріледі.

Мемлекеттің аумақтық ұйымы және жергілікті өзін-өзі басқару туралы тарау елеулі өзгерістерге ұшырады. Оны түпкілікті бекіту кезінде шын мәніндегі унитарлық және аумақтық тұтас мемлекет жағдайында жергілікті деңгейдегі мәселелерді конституциялық тұрғыдан реттеумен әуестенуге болмайтынын ескеру маңызды екені шүбәсіз. Оларды қажетті икемділік пен нұсқалылық кепілдігін беретін ағымдағы заңдар тәртібінің толық қарауына беру орынды.

"Сайлау" жөніндегі тарауда, бір жағынан, сайлау процестерін ұйымдастырудың демократиялық негіздері күшейтілсе, екінші жағынан, біздің республикамыздың өзіне тән ерекшеліктері өте айқын көрсетілген.

Төте және жалпыға бірдей сайлау арқылы сайланған Президент, шын мәнінде, республика халқының басым бөлігінің қолдауына ие болуға тиіс. Міне, осы жағдайда ғана Мемлекет басшысының іс-қимылы заңды деп танылып, оның өзі мен оның атқарушы өкіметі реформалық өзгерістер жүргізу үшін толық еркін іс-қимыл жасайтын болады. Сондықтан жобаның соңғы нұсқасында көпшілік дауыс бергендердің емес, электораттың тізіміне енгіз-

ілген сайлаушылардың жалпы санынан көп дауыс жинаған адамның Президент болып сайланатыны көзделген.

Саяси партиялардың құрылуымен сипатталып отырған қазіргі заманғы қоғамдық-саяси жағдайларға талдау барысы Конституцияда республика Парламентіне сайлау ретін бекітудің дұрыстығы туралы ойлануға мәжбүр етеді демекпін. Қазір бір мандатты сайлау округтері бойынша сайлау өткізу жөнінде бір жақсы пікір айту дұрыс болмас, өйткені Парламенттің келесі құрамының партиялық тізімдер бойынша сайлануы әбден мүмкін.

Әрине, осы баяндамада, комиссия енгізген барлық өзгерістерге бірдей тоқталып, ұсынылып отырған бірқатар түзетулерден бас тарта қою қиын. Сондықтан алдын ала айтатын, принципті пікірлерге сәйкес, жобадан өлім жазасын қолдану мүмкіндігі туралы қалыпты алып тастау, қоғамдық бірлестіктердің заң шығарушылық инициативасы құқығын бекіту туралы, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеу туралы, екі палаталы парламент тағайындау туралы ұсыныстар қабылданған жоқ.

Соңғы мәселеге, шамасы, айрықша тоқталған жөн болар. Расында, әлемнің көпшілік мемлекеттерінде екі палаталы парламент құрылымы бар. Оның басты мақсаты парламенттің көп партиялы жағдайдағы қызметінің тұрақтылығына кепілдік жасау, заң шығарушылық процесін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады. Парламенттің негізін салушы – Англия – бастапқыда мұны оппозициялық күштердің өз қайшылықтарын шешетін органы ретінде көрген. Нақ сол жерде, көшеде емес, тек парламентте ғана барлық идеологиялық қызбалықтар сыртқа шығуы тиіс болатын.

Конституциялық комиссияға республика парламентіне осындай құрылым енгізу туралы 60-тан астам ұсыныс түсті. Бірақ ол осындай құрылымы бар мемлекеттердің түбірлі өзгерістер кезеңінде заң шығарудың жеделдігін қамтамасыз ететін нақ бір мандатты жүйеге деген ұмтылысын ескере отырып, бір мандатты парламентті жақтап шықты.

Конституция жобасына сәйкес парламентке кең өкілеттіктер берілетінін айту керек. Ол жеке дара заң шығарушы мемлекеттік өкімет органы екенін мен бұған дейін айтқанмын. Парламент сессияларына Конституцияны, шекараны өзгерту туралы мәселелер енгізіліп, заңдар қабылданады, әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешудің тәртібі белгіленеді.

Бюджетті қарауда және бекітуде, оның ішінде валюталық бөлігін де, бюджеттің атқарылуына бақылау жасауға әдетте парламентке бірінші кезектегі рөл беріледі. Мемлекеттік салық пен жиналымдарды тек республиканың заң шығарушы органы ғана белгілейді.

Халық депутаттарына мемлекеттік заемдар және республиканың экономикалық және басқа да көмектері туралы мәселелерді шешуге, халықаралық шарттарды бекітуге және бұзуға құқық берілетіндігін атап өткен жөн.

Парламенттің және оның лауазымды адамдарының өкілеттіктеріне қатысты жекелеген жаңалықтар республиканың жоғары заң шығарушы органының осы өкілеттіктерін барынша толық анықтауға бағытталған.

Ең алдымен, парламент депутаттары республика халқының өкілдері болып табылатындығы тиісті бөлімге жаңалық енгізіп отыр. Бұл ереженің маңызы мынада: мұның өзі депутат ең алдымен өз сайлаушыларының мүддесін жақтайтын, олардың алдында есеп беретін және оны қайта шақырып алуы мүмкін императивтік мандаттан бас тартуды көздейді. Императивтік мандаттан еркін мандат берілген парламент депутатының айырмашылығы, сайлаушылар алдында аманатпен және басқа да міндеттермен байланысты емес, тек олардың ғана емес, бүкіл халықтың мүддесін қорғайды. Бұл кезде өз электоратымен байланысты болуы жоққа шығарылмайтыны сөзсіз.

Конституция жобасын талқылау барысында республикалық заң шығару органының аталуы туралы мәселе әлденеше рет көтерілді.

Оны анықтау кезінің негізгі республика халқының өзіне заң шығарушылық құқықтың берілетіндігін тану болып табылады. Ал ол бұл құқықты жеке дара және тұрақты жұмыс істеуші, заң шығарушы билікті жүзеге асырушы органға береді. Басқа ешқандай да органдар заң шығару қызметіне ие емес.

Осылайша Кеңестердің біртұтас жүйесі туралы біздің әдеттегі түсінігіміз бұзылады, заң шығарушы және өкілетті органдар арасында айқын шекара пайда болады. Міне, өмірде жоқ пирамиданың шыңында тұратын "жоғарғы" органның болмайтыны да сондықтан.

Бұдан басқа институт атын таңдаған кезде, оның атқаратын басты міндетін, өкілеттілік мазмұнын, қызметін, құрылымы мен жұмыс тәртібін, Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен ұлттық дәстүрлерін негізге алу жөн екені айқын.

Осындай ойлар қисынына "Ұлттық заң шығару жиналысы" деген ат барынша сәйкес келеді.

Жаңа негізгі Заңды қабылдаудың барынша айқын қажеттілігіне қарамастан кейбіреулер бұған сенімсіздікпен қарап, қазіргі Конституцияға тиісті түзетулер енгізумен шектеліп, өтпелі кезеңге уақытша сипаттағы Конституциялық акт керек деп пайымдағанын да айтқан жөн.

Турасын айтайын: бізде бұл мәселе бойынша күдік жоқ. Дегенмен, талқылау осымен аяқталды деп ойламау керек. Сіздердің ұсыныстарыңызды да, парламенттің алдағы сессиясы жұмысының нәтижелерін ескеру қажет.

Біздіңше, Конституцияны қабылдаудың қажеттілігі мына себептерден айқын көрінеді:

Біріншіден, империя қирандысы үстінде пайда болған қайбір мемлекет болмасын өзін-өзі нығайту бағытын ұстауға тырысады. Соның ішінде өзін метрополияға тәуелді құрылым ретінде сипаттап келген бұрынғы құқықтық

жүйені алмастыру арқылы да нығайтуға ұмтылады. Және, ең алдымен, ол дүниеге жаңа келе жатқан мемлекеттің бүкіл заң шығару базасының өзегі Конституцияға қатысты.

Екіншіден, таза құқықтық тұрғыдан келгенде жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру ескірген, бірақ әзірге қолданылып жүрген Конституцияға түзетулер енгізу жолымен, сондай-ақ Президент және Министрлер кабинетінің актілері арқылы өтіп келеді. Ал бұл конституциялық құрылыстың ең жақсы жолы емес. Ал Негізгі Заң ағымдағы заң шығару жағдайына орай өзгеретін болса, оның беделінің түсері сөзсіз.

Үшіншіден, өзара ұстамдылық және қарсы салмақтың тиімді жүйесі негізінде мемлекеттік билікті икемді бөлуді қамтамасыз ететін заңдық акті керек.

Төртіншіден, шын мәнінде қабілетті сот билігінің көмегімен нақты қорғалатын құқық пен бостандықты конституциялық жолмен бекіту қажет.

Бесіншіден, Қазақстанның аумақтық тұтастығына конституциялық кепілдік қажет, ал оның маңыздылығын бұл ортада айтып жатудың қажеті болмас.

Сыртқы саяси аспектінің де маңызы аз емес. Егер біздің Конституция бүкіл дүние жүзіне Қазақстан жалпыадамзаттық құндылықтарды бәрінен де жоғары қоятындығын және бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа тату көршілік және ынтымақтастықтың ізгілікті ниетімен ғана енетіндігін көрсеткен жағдайда ғана Қазақстан Республикасы бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың лайықты және тең құқылы мүшесі бола алады.

Өз сөзімді аяқтай келіп, бізге жаңа тәуелсіз мемлекеттің алғашқы Конституциясын қабылдау керек екенін тағы да атап өткім келеді. Оны ұзақ мерзімге мызғымас етіп жасауға ұмтылу аңғалдық болар еді. Бірақ ол демократиялық қоғам құру және нарықтық қатынастарды нығайту жағдайында біздің алға жылжуымыздың берік негізі болуға тиіс. Ал біздің өркениетті болашағымыз осы іске өзіміздің қаншалықты салмақтылықпен, парасаттылықпен және жауапкершілікпен кірісетінімізге байланысты болмақ.

ДОКЛАД
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА РЕСПУБЛИКАНСКОМ СОВЕЩАНИИ ГЛАВ АДМИНИСТРАЦИЙ
И ПРЕДСЕДАТЕЛЕЙ МЕСТНЫХ СОВЕТОВ
НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ О ПРОЕКТЕ КОНСТИТУЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН*

Алма-Ата, 10 ноября 1992 года

Прежде всего, я хотел бы подчеркнуть, что придаю нашему совещанию большое значение. От людей, собравшихся сегодня в этом зале, зависит очень многое в осуществлении тех громадных преобразований, которые начались с провозглашением независимости Казахстана и направлены на реальное вхождение республики в русло мировой цивилизации.

Нам очень важно услышать ваши мнения по ключевым вопросам текущего момента: о проекте первой Конституции нашего суверенного государства и правительственной программе углубления радикальных экономических реформ. И то, и другое будет предметом обсуждения на предстоящей сессии Верховного Совета. Убежден, что мысли и предложения, высказанные вами, серьезно помогут парламентариям в принятии решений, столь важных для судеб республики и ее народа.

Хочу напомнить, что работа над проектом Основного закона ведется на протяжении последних двух лет, за это время он прошел глубокую проработку специалистами, включая независимую зарубежную экспертизу. Как известно, после одобрения документа в первом чтении восьмой сессией Парламента он был вынесен на всенародное обсуждение.

Четыре месяца, минувшие с тех пор, выявили высокую активность граждан республики, передавших в Конституционную комиссию более 18 тысяч предложений и замечаний. Многие из них показывают глубокое понимание казахстанцами сегодняшних проблем и путей их эффективного разрешения.

Кроме того, Конституционной комиссией были проведены консультации с разработчиками проектов конституций России, Беларуси, Кыргызстана, получены заключения Международной ассоциации по правам человека, Американской ассоциации адвокатов, включающей специалистов из исследовательского центра библиотеки конгресса США, судей, профессоров уни-

Газета "Казахстанская правда", 11 ноября 1992 года.

верситетов. Приняты также во внимание замечания, высказанные участниками совещания СБСЕ — группы по правам человека, профессорами права из Франции, Дании, Соединенных Штатов и некоторых других стран.

Как вы понимаете, учтены были далеко не все предложения и замечания, тем более что многие из них взаимно исключают друг друга. Поэтому, коротко останавливаясь на некоторых дискуссионных вопросах, я хочу главным образом сосредоточить ваше внимание на тех изменениях, которые по итогам всенародного обсуждения внесены в проект рабочей группой и одобрены Конституционной комиссией.

Подчеркну, что в своей работе мы руководствовались не только желанием создать истинно демократическую Конституцию, соответствующую нормам международного права. Мы исходили и из того, что нам нужна Конституция, которая объединяет людей. Ни один ее пункт не должен вызывать распрей, накалять ситуацию в обществе, провоцировать противостояние. Нам надо открыто обсудить любые острые вопросы и найти по ним такие решения, которые будут соответствовать нашей принципиальной политике, предусматривающей обеспечение равенства всех людей в многонациональном государстве. Я никогда не устану повторять: основа всех наших успехов в преобразовании общества — это единство всех казахстанцев, согласие и мир.

Поэтому начну с проблемы, которая вызвала наибольшее число разнообразных, но одинаково эмоциональных откликов граждан республики. Речь идет о восьмом пункте основ конституционного строя, касающемся статуса языков в нашем государстве. Три года назад мы признали казахский язык государственным, и до сих пор это решение никого не ущемило. Негативную роль сыграло другое — скоропалительные решения по поводу введения делопроизводства на казахском языке, отданные на произвол закоренелым бюрократам, именно на этой почве возникла определенная напряженность в обществе, которую, прямо скажу, стали усиленно подогревать "доброжелатели" из-за пределов Казахстана.

Но языковая проблема ни в коем случае не должна быть объектом дешевого популизма, демагогических спекуляций. Неужели кто-то думает, что, отменив уже принятый закон, мы сможем надеяться на спокойствие в Казахстане? Неужели непредвзятому человеку непонятно, что положение казахского языка сегодня близко к критическому? Язык многих поколений предков нашей общей родины не должен умереть. Разве кто-то хочет стать немым по собственной воле?

Наша языковая политика должна и в законах, и в реальной жизни обеспечивать уважение и к казахскому, и к русскому языкам, и к языкам национальных меньшинств.

Но замечу, что громко кричать о государственном статусе казахского языка значит лишь раздувать оболочку патриотизма. Главное в другом — всемерно способствовать реальному становлению казахского языка как государственного. Конечно, на это уйдут годы кропотливой работы и немалые средства, которых сегодня крайне недостает.

Мы убеждены, что поэтапное, разумное введение казахского языка в делопроизводство не должно означать изъятия из него русского, который, кстати говоря, является одним из официальных языков ООН. Незнание казахского языка значительной частью населения республики — наша боль и трагедия, которую мы будем преодолевать. Но свободное владение русским практически всеми гражданами Казахстана — безусловное преимущество настоящего и будущего республики, поскольку это действительно язык межнационального общения, выполняющий ныне огромную роль в международных связях страны и ее приобщении к достижениям мировой цивилизации.

Но дело в том, что сам термин "язык межнационального общения", как уже многократно отмечалось, не несет в себе конкретной юридической нагрузки. Функцию языка межнационального общения может выполнять любой язык по взаимному согласию и выбору граждан. Не влечет никаких юридических последствий и признание языков культурным достоянием. Именно поэтому, пытаясь найти верное решение столь волнующей всех проблемы, мы остановились на следующей редакции восьмого пункта основ конституционного строя:

"В Республике Казахстан государственным языком является казахский язык. Республика Казахстан обеспечивает свободное функционирование русского языка наравне с государственным языком.

Гражданам гарантируется право пользоваться родным языком. Запрещается ограничение прав и свобод граждан по признаку невладения государственным языком".

Я призываю поддержать такую трактовку.

Другим важным положением основ конституционного строя, которое требовало четкой трактовки, был принцип разделения властей. Весьма откровенно, что на последнем заседании Конституционной комиссии все сошлись в главном: на понимании того, что он осуществляется только на республиканском уровне, и признании необходимости последовательного проведения этого принципа через все содержание высшего документа государства.

Это означает, прежде всего, что Парламент является единственной законодательной инстанцией, а иерархическая вертикаль представительных органов отсутствует.

Вот почему, как я уже отмечал на заседании Президиума Верховного Совета, определение Парламента лучше дать в несколько измененной ре-

дакции, констатируя, что он "...является постоянно действующим и единственным органом, осуществляющим переданную ему народом законодательную власть". Кстати говоря, такая формулировка весьма логично стыкуется с четвертым пунктом раздела "Основы конституционного строя", в котором отмечается, что "народ Казахстана является носителем суверенитета и единственным источником государственной власти республики".

На недавнем заседании Президиума Верховного Совета мы пришли к общему мнению, следуя и дальше логике действенного разделения властей и создания гибкого механизма противовесов, целесообразно предоставить Президенту право назначать глав местных администраций, самому определять состав Кабинета Министров, представляя на утверждение Парламента только кандидатуру Премьер-министра.

Безусловно, самостоятельность не означает бесконтрольности и тем более вседозволенности. Решено, что в проекте Конституции должны быть предусмотрены процедуры освобождения от обязанностей членов Кабинета Министров в случае неоднократного нарушения ими Конституции и законов. При этом Парламент вправе поставить перед Президентом вопрос об освобождении от должности члена Правительства. Данная норма, на мой взгляд, достаточно четко отражает роль Президента и Парламента по отношению к Кабинету Министров.

Подчеркивая известную самостоятельность и значимость последнего, можно вынести его полномочия в отдельную главу. И это не будет пустой структурной перестройкой. Давайте говорить откровенно. Правы ли те, кто, считая, что Президент должен работать без Правительства, приводит в качестве "неопровержимого" примера США? Убежден, что нет. Неправы уже потому, что соотношение частной и государственной собственности в Соединенных Штатах и в Казахстане совершенно разное, и эта разница не скоро будет ликвидирована. Так кто же, если не Кабинет Министров, будет регулировать у нас деятельность государственного сектора экономики?

А если необходимость иметь кабинет с четко очерченными полномочиями – аксиома, то, безусловно, следует поднять и роль возглавляющего Правительство Премьер-Министра.

Қоғамның осы үш жыл ішінде тындырған ісінің ең бастысы – қазақ тіліне деген қоғамдық пікірдің түбегейлі өзгеруіне қозғау салғаны, халқымыздың баланы ана тілінде тәрбиелеуге, оқытуға ынта-ықыласының анағұрлым артқанын дәлелдейтін бірер мысалды ғана келтірейін. 1990 жылмен салыстырғанда қазақ тілінде тәрбиеленетін мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 291-ге, аралас тілдегі бала бақшаның саны 364-ке өскен, жаңадан 292 қазақ мектебі ашылған. Осыдан үш жыл бұрын 105 мың бала қазақ мектебінің табалдырығынан аттаса, биыл ол мектептерге 145 мың балдырған барыпты. Бағалай білсек, бұл – тарихи бетбұрыстың басталғанының, халқымыздың келешегінің жарқын екенінің даусыз дәлелі.

Республика үкіметі алдағы кезде де қазақ тілін, өзге де ұлттар тілдерін дамытуға нақты қамқорлық жасап отыратын мемлекеттік құрылым мәселесін жан-жақты ойластыруға тиіс. Мынау қиын заманда қаржыны жұмсау мекенжайға емес, жеңіл мәшинеге емес, тіл комитетіне емес, оқулықтарға, тілашарларға, тілді меңгеріп жүрген басқа ұлт өкілдерін ақшалай қолдау үшін жұмсау қажет. Мұғалімдерді даярлау, жаңа мектеп, оқу орындарын ашу – міне осылар болуы керек.

Сіздер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алдағы сессиясында талқыланатын Конституция жобасындағы Мемлекеттік тіл мәртебесіне байланысты пікірталасты алаңдай қадағалап отырғандарыңызды білемін. Мен бұл мәселе жөнінде таяуда ғана екі рет пікір айттым. Теледидар арқы-

лы сөйлеген сөзімде де, облыс, аудан әкімдерімен кездескенде де Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі болуы керек, Қазақстан Республикасы орыс тілінің мемлекеттік тілмен бірдей еркін қызмет етуін қамтамасыз ететіні Негізгі Заңымызда көрсетілуі керек дедім. Өз басым Конституция жобасындағы қазақ тіліне қатысты бап өзгермейтініне сенімдімін. Біздің ана тіліміз Қазақстанның мемлекеттік тілі болып, орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей еркін қызмет етіп, барлық азаматтардың ана тілінде сөйлеу құқығына кепілдік беріліп, дүниежүзілік қауымдастықта тіл саясатын демократиялық үрдісте жүргізетін ел ретінде танылатынымызға күмән келтірмеймін. Мұның өзі Қазақстанда өмір сүретін басқа халықтар тарапынан қазақ ұлтының қайта өрлеу талабына түсіністікпен қараудың көрінісі болмақ.

Қазіргі таңда елім деген әр азаматтың ойынан шықпауға тиіс негізгі мәселе – тәуелсіздіктің тағдыры болса деймін. Тәуелсіздік – тарихтың біздің ұрпаққа берген, тағдырдың қазаққа берген басты бақыты, баға жетпес дәулеті. Ғасырлар бойы аңсап келген, енді ғана қол жеткізген мемлекеттік тәуелсіздікті алдағы кезде қалай ұстап тұрамыз, қалай нығайтамыз деген ой санамызды қамшылап, халық алдындағы, тарих алдындағы жауапкершілік жүгін бір сәт те жеңілдетпеуіміз керек. Бүгінгі біздің басты міндетіміз – Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттарын дәл айқындап, нақты қадамдар жасай білу.

Егемендігіміздің өзіндік сипатын, табиғатын айқын ажыратып алудың мәні үлкен. Біздің біраз ағайын Қазақстан егемендігінің этникалық-саяси тұрғыдан ерекшеліктері барлығын ескергісі келмейтін сияқты. Шынтуайтында, ол республика халқының жетекші этносы ретінде қазақтардың ұлттық егемендігінің және Қазақстан халқының тұтас этносаяси қоғамдастығы егемендігінің өзіндік жиынтығы болып табылады. Біздің ішкі саясатымыздың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс дейтініміз де сондықтан. Қазақстанның гүлденуі үшін республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, осында тұратын әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасау керек дейтініміз де сондықтан. Өз басым қазақ халқының әуелден-ақ кез келген ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақта, тату тұра білетін дәстүрлі салиқалылығына, біздің табиғат жаратқан кеңпейілдігіміз бен көршінің мүддесіне бөлекше құрметпен қарайтын салтымызға сүйене отырып, ұлтаралық келісімге қол жеткізе аламыз деп ойлаймын. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін шын мәнінде баянды ете білсек, қазақ тілінің тағдыры да баянды болады. Мемлекеттің өзі нағыз мемлекет болмай тұрып, оның мемлекеттік тілі өз дәрежесіне көтеріле алмайды. Қалай дегенде де тіл – құрал, қарым-қатынас құралы, мақсатты орындаудың құралы. Ал егер құралдың өзін мақсатқа айналдырып жіберсек, түпкі мақсаттың ауылы алыстай беретін болады.

Өңгіменің ашығы керек: Қазақстандағы қазіргі қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуалды қадірлей білмесек, абайсыз айтылған жел сөзге немесе арандатқан айқайға еріп ұлт пен ұлттың арасын ашып алсақ, онда қазір сіз бен біз бас қосып, талқылағалы отырған мемлекеттік тіл мәселесі тұрмақ, сол мемлекеттің өзінің ертеңгі тағдыры не күйге түсері белгісіз. Халқымыз ұлтаралық жарастықты жүзеге асырса, айналадағы елдермен, өз республикамыздағы өзге ұлт өкілдерімен ынтымақты тұрса ғана өркениетті мемлекет құра алады. Күні кеше өткен Дүние жүзі қазақтарының Құрылтайында да айтқанмын, тағы да айтамын: "Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады, Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет".

Осындай саналылықтың үлгісін ең алдымен интеллигенция өкілдері көрсетуге тиіс. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, қоғамның жер-жердегі мүшелеріне, осы құрылтайға қатысып отырған қадірменді азаматтар, сіздерге ұлтаралық қатынастың қандайлық күрделі мәселе екенін жауапкершілікпен сезінетіндеріңіз үшін разылық білдіргім келеді. Сонымен қатар ұсақ-түйекті тергіштеп, түймедейді түйедей етіп көрсететін, қазақтың өзі толық игере қоймаған қазақ тілін өзге ұлт өкілдері білсін деп, өзіміз әлі қадіріне жетпей жатқан тілді өзгелер құрметтесін деп қисынсыз талаптар қоятын, сөйтіп жоқ жерден ашындыратын, тілге қарсылықты қолдан қоздыратындар да арамыздан табылады. Үйрене қоймадың деп байбалам салып, тіл білмейтіндердің бәрін қазақ тілінің қас жауындай көретін шолақ белсенділеріміз де аз емес. Қоғамның кейбір облыстық бөлімшелерінің қызметі саясиланып бара жатқаны, әкімшіліктің ісіне қол сұғып, кадр саясатына араласып, "анау қазақша білмейді, ол жерде отыруына болмайды" деп нұсқау беруге бейім тұратыны да әбестік. Қазір төрт құбыласы теңеліп тұрған адам аз. Қымбатшылық қыспағына түсіп, жүйкесі жұқарып жүрген жанға "біздің тілді білмейсің" деп өкпе-леудің де дәл бүгін қисыны жоқ.

Қазақ тілі – қазақ халқының тілі. Ол ең алдымен қазаққа керек. Ол ең алдымен қазақ халқына қызмет етуі керек. Тіл туралы заңда көзделген, бұйыртса таяуда Конституциямызда бекітілетін мемлекеттік тіл мәртебесі оның қолданылу аясын барынша кеңейтті, мүмкіндігін молайтты. Қазір ана тілімізді пайдалануға ешқандай кедергі жоқ. Енді бәрі де өзімізге байланысты. Кінәні өзгеге аударып, жалқаулығымызды, енжарлығымызды, намыссыздығымызды түрлі себеп-сылтаумен бүркемелеуге бейім тұрамыз, әйтпесе

өз балаларымызбен қазақша сөйлесуге қандай қосымша жағдай керек? Шетелдегі қазақтар кейде бір қалада он шақты-ақ үй отырып ана тілін ұмытпай келеді емес пе?

Қазақтың қыр соңынан қалмай келе жатқан тағы бір дерт туралы айтпай тұра алмаймын. Республика Президенті ретінде мені ұлттық бірліктің жайы кәдімгідей алаңдатып отыр. Жүзге, руға бөлінушілік жөнінде әңгіме көбейіп барады. Мұның өзі қоғамды артқа тартатын, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін нәрсе. Кез келген ұлт әу баста тайпалардан құралады. Заман өте келе, ұлттық сана өсе келе ол тарихтың еншісіне айналады. Өркениетті дүниеде арғы тегім бәлен тайпадан деудің өзі ұят саналады. Ал біздің біраз ағайын ата-бабаларының тұсындағы атауды әлі жамылып жүр. Ол былай тұрсын руы бойынша жақындасу, бірігу, тіпті "бір атаның балалары" бас қосқан жиындар өткізу, қор құру сияқты жайлар бой көрсетуде. Біз тіпті кейінгі кездегі түрліше мерейтойлардың өзін бәсекеге, батыр санасып, би салыстыруға пайдаланып барамыз. Бұл – масқара.

Басқа айтар сөзім жоқ. Біз бүйтіп ел бола алмаймыз. Досқа күлкі, дұшпанға таба боламыз. Біртұтас мемлекет құрып, тәуелсіздік алғанда басымыз қосылмаса мұны келер ұрпақ кешірмейді, тарих кешірмейді.

Тарих демекші, қазақтың өткен өмірінің қай кезеңін алсаңыз да осы бөлінушіліктен, жіктелушіліктен тартқан зардабымыз, көрген қорлығымыз аз болған жоқ. Осындай алауыздықтың кесірінен арғысын айтпағанда, кешегі 37-нің зұлматында талай жайсаңдар сұқ саусақтың ұшында кетті, өзге елдерден алабөтен қисапсыз көп шығынға ұшырадық. Бірлік болғанда, ынтымақ болғанда кешегі Мәскеудің басшылары бірімізді-бірімізге айдап салып, осындай республиканы көлденең көк аттыға билетіп қоя алмас еді. Бөлінгеннен ешкім опа таппайды.

Бұрын тып-тыныш елдерде азамат соғысы өршіп жатқанда, әр қадамымызды, бір-бірімізге қараған қабағымызды әркім-әркім аңдып отырғанда жіктеліп, жіліктенер болсақ, онда біздің өз алдымызға мемлекет құрудағы еңбегіміз еш болатынын, зая кететінін мойындауымыз керек.

Қазақтың бөлінуі де бар, қазақты бөлу де бар. Рушылдықтың XIX ғасырдағы болыс сайлауынан өрши түскені тіпті де тегін емес. Ана жылдағы баламалы сайлау кезінде талай адам: "өзіміздің жігіт екен, соған дауыс берейік" деп үгіт жүргізгені де жасырын емес. Осы қоғамның кейбір басшыларының өзі айтатын "қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ" дейтін "теорияның" да тиянағы шамалы. Өз халқыңды өзің жерлей бергеннен ұтарың не? Бірімізді-біріміз дос көрмейінше, бірімізге-біріміз сүйеу, таяныш болмайынша ешқандай бәтуәлі іс бітпейді.

Тіл туралы айтқанда дінді де қозғамай кете алмаймыз. Қоғам өмірін демократияландыруға бағыт ұстаудың арқасында, шүкір, бұл салада да жаңалық көп. Дінге сенушілер тиісті рәсім-жоралғыларын қысылмай-қымтырыл-

май атқаратын болды. Қазір республикада 68 мешіт салынып жатыр. Басқа конфессиялар да өздерінің діни орындарын ашуда. Халықты парасат тәрбиесіне, отбасы жарастығына бейімдеп, имандылыққа, төзімділік пен бәтуа-шылдыққа шақырып, алауыздыққа жол бермеуде діннің игі ісі талассыз. Дегенмен біздің қандай шаруаны да науқанға айналдырып жіберетініміз қынжылтады, кез келген іс-шараның бас-аяғында қол жайыла қалатыны, ретті жерде де, ретсіз жерде де құран шығарылып жататыны, баспасөзде дінді насихаттау күшейіп кеткені анық. Әсіресе, оң мен солын айырып үлгермеген балаларды ерте бастан дінге бейімдеу етек алып барады. Дінді саясат құралына айналдырғысы келетіндер де жоқ емес. Кейбіреулер менің әкімдердің алдында сөйлеген сөзімнің өңін айналдырып, "Президент дінге қарсы пікір білдіріпті" деп жүрген көрінеді. Бәзбір шаш ал десе бас алатын басшылардың мені теріс ұғып, діндарлардың талап-тілегіне атүсті қарай бастауы да мүмкін. Сондықтан басын ашып айтамын: біздің елде дінге сенушілерге ешқандай қысым жасалмайды, бұл Конституция жобасында да көзделіп отыр. Дінге сену немесе сенбеу әр адамның өз ісі. Тек мұндай күрделі процесті қолдан жеделдетудің жөнсіздігін ескерте кеткім келеді. Өз пікірімше, біздің Қазақстанда ислам фундаментализміне де, діни фанатизмге де тарихи, әлеуметтік негіз жоқ.

Біз тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін осындағы жетекші этнос — қазақтардың ерекше жауапты екенін ұғынуымыз керек. Ұлттық томаға-тұйықтық, қысқа күндік үнемді ойлап әлемдік қауымдастықтан бойды аулақ салушылық, халықаралық байланыстарда тек тарихы, тілі, діні ортақ елдермен ғана жақындасуға бейімдік ешкімге абырой әпермейді. Қазақ мемлекетінің тұтастығына да, осындағы ұлттардың өзара жарастығына да біз ерекше мүдделіміз.

Таяуда, желтоқсанның 13-15-і аралығында астанамызда Қазақстан халықтарының форумы өткізіледі. Біз бұл жиынға үлкен мән беріп отырмыз. Онда көп ұлтты республикамыздағы жарастық, татулық ахуалын сақтаудың, халықтар достығын нығайтудың сан қырлы мәселелері қозғалады. "Халықтар достығы" деген сөзді әдейі атап айтып, қадап көрсетіп тұрмын. Осы ұлы ұғымды ауызға алмайтын болып барамыз. Қаншама қара аспанды төндіре сөйлегенімізбен, ардақты ағайын, халықтар арасында достық болған, қазір де бар, бола да береді. Қарапайым адамдар қай кезде де бір-біріне қол ұшын беріп, ұрыспай-таласпай, тату-тәтті өмір сүре біледі. Олардың арасын суытса саясатты саудаға салып, әрқайсысы өз ұлтының жақтаушысы, жоқтаушысы бола қалған жауапсыз желікбастар суытады. Қазақстанның өзінде де, одан тысқары жерлерде де біздің татулығымызды көре алмайтын, болмашы нәрсе үшін ұлт пен ұлтты қырылыстырып қоюдан тайынбайтындар бар. Сондайлардың арандатуына түсіп, араздыққа, алауыздыққа жол берсек, тілімізді өркендету тұрмақ басымызбен қайғы болып кетеміз. Сон-

дықтан астам пиғылдағы саяси содырлардың әрекетіне де, қазақтың қамын өзінен басқа ешкім ойламайтындай даурығып, өзге ұлттардың намысына тиетін түрліше топтардың қимылына да ерекше абай болуымыз керек. Әсіресе, алып көршіміз Ресеймен, талайдан тағдыр қосқан, бүгінгі биігімізге бірге шыққан орыс халқының өкілдерімен тату-тәтті, тіл табысып тұрудың маңызы ерекше. Қазақстанда бөлісе алмайтын ештеңе жоқ. Көңіл сыйса бәрі де сыяды. Ең бастысы – бізде мүдде ортақтығы бар. Сан түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен сыйластығы бар, туған Қазақстанымызды дәулетіне сәулеті сай, демократиялық елге айналдыруға құлшыныс бар. Біздің қазіргі экономикалық дағдарыстан шығатынымыздың сенімді кепілі де осы. Қолда тұрған қазынамыздың қадірін білейік.

Сөзімнің соңында халықтың асыл мұраты жолында игі іс атқарып келе жатқан "Қазақ тілі" қоғамының алдындағы қыруар міндеттерді жүзеге асыруға Президент, Үкімет тарапынан нақты қолдау болатынын айтқым келеді. Қоғам мүшелері, оның осы құрылтайда сайланатын басшылары Отанымыздағы бірлікке, татулыққа қамқор болуды, қасиетті ана тіліміздің көсегесін көгертіп, абыройын асыруды өздерінің перзенттік парызы деп білетініне сенім артып, құрылтай жұмысына сәттілік тілеймін.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ВТОРОМ КУРУЛТАЕ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ОБЩЕСТВА
"ҚАЗАҚ ТІЛІ"***

Алма-Ата, 26 ноября 1992 года

— ...В нашей жизни происходят отрадные перемены. Одно из важнейших достижений на сегодня — это обретение народом Казахстана духовной свободы. На древней казахской земле вершится исторический поворот к достижению вековечной мечты каждого человека жить свободным в свободном обществе. Мы возрождаем утраченные было нами национальные богатства, в том числе и основу существования нации — родной язык. Немалая заслуга в этом и членов общества "Қазақ тілі".

Все мы с понятным волнением ждем начала работы предстоящей сессии Парламента, на которой будет приниматься Основной закон нашей республики.

Одна из примечательных особенностей проекта новой Конституции в том, что прошедшие дискуссии, рекомендации ученых и практиков, взвешенные суждения граждан республики помогли найти формулировку статьи о статусе языков в нашем государстве, способную надежно послужить делу гражданского мира и национального согласия.

Эта статья предусматривает, что в нашей республике государственным языком является казахский язык. Республика обеспечивает свободное функционирование русского языка наравне с государственным. Гражданам гарантируется право пользоваться родным языком. Запрещается ограничение прав и свобод граждан по признаку невладения государственным языком.

Я уверен, что народные депутаты проголосуют за эти формулировки. И тогда Казахстан предстанет перед всем мировым сообществом как страна, в которой языковая политика проводится на истинно демократических началах.

Я благодарен делегатам курултая и всем членам общества, которые в сложное время проводят большую работу по возрождению родного языка,

*Газета "Казахстанская правда", 28 ноября 1992 года.

помогают обеспечивать межнациональное согласие. В то же время некоторые областные организации общества начали чрезмерно политизировать свою деятельность. Одни вмешиваются в дела местных администраций и проводимую ими кадровую политику. Другие выступают с требованиями к представителям других национальностей, чтобы они немедленно освоили казахский язык. А ведь греха таить нечего – часть самих казахов пока еще плохо владеет родным языком. В нынешнюю исключительно трудную пору, когда в кризисе находится экономика, когда нервы многих людей взвинчены из-за того, что они оказались за чертой бедности, такие действия до добра не доведут. Если мы допустим, чтобы кто-то вбил клин между нациями, если мы разрушим нынешнюю стабильную общественно-политическую обстановку, то не только о государственности языка, а и о дальнейшей судьбе республики говорить будет проблематично.

Основным правилом нашей внутренней политики должен стать принцип межнационального согласия. И первым обязан позаботиться об этом казахский народ как ведущий этнос республики.

Нам нельзя забывать, что суверенитет Казахстана во многом особый. Но прежде всего он представляет собой своеобразный синтез национального суверенитета казахов и суверенитета в целом казахстанского народа как этнополитической общности. Такая уникальность нашего человеческого общежития требует уделять самое пристальное внимание проблемам социальной стабильности и динамичного развития интересов всего многонационального населения республики.

В середине декабря состоится форум народов Казахстана. Этому событию мы придаем большое значение. В последнее время словосочетание "дружба народов" приобрело явно выраженный негативный оттенок. Но там, где эта дружба была искренней и бескорыстной, — именно она помогает сейчас сохранять общественно-политическую стабильность.

Народам Казахстана нечего делить между собой – у них одни тревоги и надежды. Самое же главное то, что у них окрепло одно общее стремление – превратить Казахстан в богатую демократическую страну. И если мы будем жить в мире, дружбе и согласии, то в Казахстане всем хватит места, всем хватит работы, и каждый сможет достичь того, к чему он стремится, на что способен.

У нас есть цель – добиться процветания Казахстана, повышения материального достатка и духовной культуры всех граждан. Ради этого мы живем. Ради этого стоит работать не жалея никаких усилий.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ВСТРЕЧЕ С РАБОЧИМИ И РУКОВОДИТЕЛЯМИ АО
"АЛМАТИНСКИЙ ЗАВОД ТЯЖЕЛОГО МАШИНОСТРОЕНИЯ"***

Алма-Ата, 4 декабря 1992 года

– ...Мелкие предприятия предполагается продавать с торгов или приватизировать на конкурсной основе. Средние – с размером с АЗТМ – будут акционироваться с оставлением контрольного пакета акций за государством, через который оно и будет осуществлять свое регулирование экономикой. Оставшаяся часть акций достается производственному коллективу, а также свободно реализуется населению, в том числе по будущим приватизационным купонам.

На основе акционерных предприятий создаются порядка 20 промышленно-финансовых групп, в которые могут объединиться предприятия как одной, так и самых различных отраслей.

Такая структура обеспечивает высокую стабильность всей системы. Ведь каждый, кто входит в нее, имея акции своих коллег, материально заинтересован в благополучии не только собственном, но и всех партнеров. Кроме того, эти группы приобретут часть акций наших промышленных гигантов, типа Карметкомбината, что вовсе не будет благотворительностью. Ведь любое производство кровно заинтересовано в нормальной работе базовых предприятий, продукцию которых оно в той или иной степени потребляет.

В связи с тем что большинство населения пока слабо разбирается, что делать со своими будущими приватизационными купонами, предполагается создать приватизационные фонды. Именно они станут обеспечивать эффективность вложенных в них средств населения.

*Газета "Казахстанская правда", 5 декабря 1992 года.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОНОМИКА
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖАСТАР ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ*

Алматы, 7 желтоқсан 1992 жыл

– Қазіргі уақытта Қазақстанда 64 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Оларда халық шаруашылығының барлық салаларына арнап кадрлар даярлануда. Жоғары білім жүйесіне 7 университет, Сәулет-құрылыс академиясы және әр түрлі саладағы 56 институт кіреді. Тек күндізгі факультеттерде ғана 200 мыңға жуық студент оқиды. Оқу процесін 20 мыңнан астам педагог қамтамасыз етуде. Олардың арасында 570 ғылым докторлары, академиктер мен профессорлар бар.

Аталған фактілердің өзі әсерлі. Алайда жоғары білімнің жай-күйіне сын тұрғысынан жасалған талдау мұнда көптеген кемшіліктер мен олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Ең алдымен жас мамандар тәрбиелеуге қоғамның ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін талап етпеуі, интеллектілік еңбек беделінің төмен болуы, мамандар даярлауда бәсекелестіктің болмауы, мемлекеттің білім беру қызметіне монополиясы салқынын тигізді. Атап айтқанда, бұл оқыту деңгейінің едәуір төмендеп кетуіне әкеліп соқтырды. Жастардың көп бөлігі оқу орындарына білім алу үшін емес, тек диплом алу үшін түсетін болды.

Сондықтан біздің республикада осы салада өзінің мемлекеттік саясатын тұжырымдау қажеттігі туды. Оның жаңа мазмұны "Білім беру туралы" Заңда баян етілген. *Жоғары мектепті дамытудың жаңа бағдарламасының негізгі бағыттарына тоқтала келіп, Президент ең басым бағыттардың қатарында білім берудің шынайы ізгіліктендірілуі мен демократияландырылуын қамтамасыз етуді, экономиканың нарыққа көшуін ескере отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық қазыналар негізінде жеке адамның өсіп-жетілуі үшін жағдай жасауды атады.* Тұңғыш рет әрқилы білім беру мекемелерінің меншік түрлері бойынша, олардың түрлері мен оқыту мерзімдері бойынша қалыптасуы үшін де алғышарттар қалануда. Жоғары оқу орындарына кадрлар даярлау бағдарламасын, формалары мен әдістерін таңдауда еркіндік, қаржылық және экономикалық дербестік беріледі.

Сонымен бірге қазір жоғары оқу орнында және жоғары оқу орнынан кейін білім беру саласында халықаралық байланыстарды жолға қоюда көп нәрсе

* "Егеменді Қазақстан" газеті, 9 желтоқсан 1992 жыл.

істелуде. Қазірдің өзінде АҚШ-тың, Қытай Халық Республикасының, Германияның, Францияның және басқа елдердің министрліктерімен, оқу орындарымен бірқатар перспективалы келісімдер жасалды. Түркиямен ынтымақтастық қызу қанат жаюда. Оның 20 университетінде жүзден астам мамандық бойынша мыңға жуық адам білім алуда. Ал шетелдік жоғары оқу орнында қазір барлығы екі мыңнан астам жас қазақстандықтар оқып, білім алуда.

Мемлекет басшысының сөзінде материалдық тұрғыдағы проблемаларды шешу мәселесі едәуір орын алды.

Жас ұрпақ пен оның тәлімгерлерінің әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту үшін республика басшылығы шаралар қолданып жатыр. Мысалы, таяу уақытта оқытушылар құрамының жалақысы, студенттердің стипендиясы өсіріледі, жоғары оқу орындарының қоғамдық тамақтандыру жүйесін жақсарту үшін резервтер іздестірілуде.

Алматыдағы ұдайы шиеленісіп бара жатқан қылмыстық жағдай мені алаңдатады. Бұл үшін мейлінше қомақты дәлелдер бар. Студенттер жасаған әрбір бес қылмыстың біреуі астана жастарының үлесіне тиеді. Бұл ретте құқық бұзушылықтардың негізгі бөлігін олар мас күйінде жасайды. Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай және Ақмола облыстарының студенттері де келеңсіз статистикаға едәуір үлес қосуда.

Өткен жылы қабылданған Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заң азаматтардың қалыптасуы мен өсіп-жетілуі үшін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық, құқықтық жағдайлар мен кепілдіктер құру жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық институттар қызметінің аса маңызды бағыттарын белгілеп берді. Бірақ, өкінішке қарай, ол тым баяу жүзеге асырылуда. Жастар мен қыздар үшін тиісті әлеуметтік қызметтер, оқушылар мен студенттерге материалдық көмек көрсету жөніндегі арнаулы қорлар осы уақытқа дейін құрылған жоқ. Оқушылар мен студенттердің кооперативтері мен кәсіпорындары кеңінен таралмай, Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің құрылымдарын қалыптастыру кешіргісіз ұзаққа созылуда.

Білім беруді қаржы тұйығынан шығару үшін, студенттер қабылдауды қысқарту және болашағы жоқ бірқатар жоғары оқу орындары мен техникумдарын жабу сияқты қадамға баруға, сөйтіп мемлекеттік бюджетке қысымды азайтуға дейін баруға тура келеді. Мемлекеттік емес ақылы оқу орындарының жүйесін кеңейтіп, халыққа ақылы оқу орындарында оқуға ақы төлеу үшін процентсіз несие алу мүмкіндігін беру керек. Өнеркәсіп орындары, қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ коммерциялық құрылымдар білім беруге қаржымен қолдау көрсетуде едәуір рөл атқара алар еді. Неғұрлым дарынды да қабілетті жастарды ынталандырудың икемді жүйесін де жасау қажет.

Студенттерді білімді табандылықпен меңгеруге, қазақстандықтардың саяси және ұлтаралық келісімін нығайтуға шақырамын. Онсыз осы заманғы мемлекетті одан әрі құру мүмкін емес.

ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА ВСТРЕЧЕ СО СТУДЕНТАМИ И ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ТВОРЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ АЛМА-АТЫ*

Алма-Ата, 7 декабря 1992 года

– В настоящее время в Казахстане действуют 64 вуза, где готовят кадры для всех отраслей народного хозяйства. В систему высшего образования входят 7 университетов, архитектурно-строительная академия и 56 институтов различного профиля. Только на дневных факультетах учатся около 200 тысяч студентов, учебный процесс обеспечивают свыше 20 тысяч педагогов, среди которых 570 – докторов наук, академиков и профессоров.

Названные факты впечатляют сами по себе. Однако критический анализ состояния высшего образования показывает, что здесь много недостатков и упущений.

В первую очередь на воспитании молодых специалистов сказались невостребованность обществом последних достижений науки и техники, низкий престиж интеллектуального труда, отсутствие конкурентности в подготовке специалистов, монополия государства на образовательные услуги. В частности, это привело к значительному снижению уровня обучения. Большая часть молодежи стала поступать в учебные заведения не для приобретения знаний, а для получения дипломов.

Поэтому в нашей республике и возникла необходимость в формировании собственной государственной политики в этой области. Новое ее содержание закреплено в Законе "Об образовании".

Что касается основных направлений новой программы развития высшей школы, то в числе наиболее приоритетных является обеспечение подлинной гуманизации и демократизации образования, создание условий для развития личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей с учетом перехода экономики к рынку. Впервые закладываются предпосылки и для становления разнообразных учреждений образования по видам собственности, их типам и срокам обучения. Вузам предоставляются свобода в выборе программ, форм и методов подготовки кадров, финансовая и экономическая самостоятельность.

*Газета "Казахстанская правда", 9 декабря 1992 года.

Одновременно многое делается сейчас по налаживанию международных связей в области вузовского и послевузовского образования. Уже заключен ряд перспективных соглашений с министерствами и учебными заведениями США, КНР, Германии, Франции и других стран. Интенсивно развивается сотрудничество с Турцией. В 20 ее университетах учатся около тысячи человек по более чем ста специальностям, а всего в зарубежных вузах сейчас обучаются свыше двух тысяч молодых казахстанцев.

Также руководство республики занимается вопросами повышения социальной защищенности молодого поколения и их наставников. К примеру, уже в ближайшее время будут повышены зарплата преподавательскому составу, стипендии студентам, изыскиваются резервы для улучшения работы системы вузовского общепита.

Меня беспокоит постоянно обостряющееся криминогенная обстановка в Алма-Ате. Основания для этого более чем веские. Каждое пятое преступление, совершаемое студентами, приходится на столичную молодежь. Причем основная масса правонарушений совершается ею в пьяном виде. Значительный вклад в безрадостную статистику вносит и студенчество Восточно-Казахстанской, Джамбулской, Кустанайской и Акмолинской областей.

Важнейшие направления деятельности государственных и общественных институтов по созданию социально-экономических, организационных, правовых условий и гарантий для становления и развития граждан определил принятый в прошлом году Закон о государственной молодежной политике в Казахстане. Но, к сожалению, его реализация осуществляется крайне медленно. До сих пор не созданы соответствующие социальные службы для юношей и девушек, специализированные фонды по оказанию материальной помощи учащимся и студентам. Не получили широкого распространения ученические и студенческие кооперативы и предприятия. Непростительно долго идет формирование структур Госкомитета по делам молодежи.

Чтобы вывести образование из финансового тупика, придется пойти и на такой шаг, как сокращение приема студентов и закрытие ряда бесперспективных вузов и техникумов, и тем самым ослабить давление на госбюджет. Следует расширить сеть негосударственных платных учебных заведений, предоставить возможность населению получать беспроцентные кредиты для оплаты учебы в платных учебных заведениях. Значительную роль в финансовой поддержке образования могли бы играть промышленные предприятия, общественные организации, а также коммерческие структуры. Необходимо разработать и гибкую систему поощрения наиболее одаренной и способной молодежи.

Я призываю студенчество настойчивее овладевать знаниями, крепить политическое и межнациональное согласие казахстанцев, без чего невозможно дальнейшее строительство современного государства.

ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ПЕРЕД РУКОВОДЯЩИМ СОСТАВОМ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА*

Алма-Ата, 8 декабря 1992 года

– ...Несмотря на сложную ситуацию, Правительство выделяет достаточные ассигнования на оборону и обеспечение безопасности. Но каждую копейку из этих народных средств надо расходовать экономно и взвешенно.

Успех военного строительства зависит и от участия в нем местных органов власти, которым предоставлены большие права и полномочия. При главах областных администраций следует ввести должности помощников по военным вопросам. Это позволит накапливать и совершенствовать мобилизационные ресурсы, обеспечивать войска продовольствием и всем другим, необходимым для их деятельности.

Оборона и безопасность республики должны стать всенародной заботой. Наша внешняя и внутренняя политика направлена на предотвращение войны. А военная доктрина имеет сугубо оборонительную направленность и предполагает выполнение совместных задач с вооруженными силами других государств в рамках коллективной безопасности СНГ.

В ходе строительства собственных Вооруженных сил нужно максимально использовать имеющийся военный потенциал, структуры войск, дислоцированных на территории Казахстана. Реализация концепции мобильной обороны предполагает наличие небольших, но мощных группировок, готовых к немедленному использованию армии там, где возникает реальная угроза.

Одной из самых сложных социальных проблем в армии была и остается проблема жилья. В свое время был издан указ об обеспечении в текущем году всех военнослужащих квартирами. Однако происходящие в странах СНГ негативные процессы отразились на выполнении этих планов. Но, несмотря на трудности, главы некоторых областных администраций принимают энергичные меры по погашению задолженности в квартирах для военнослужащих. В конечном итоге вопрос с жильем будет решен положи-

*Газета "Казахстанская правда", 9 декабря 1992 года

тельно, если руководство Вооруженных сил использует для этого все имеющиеся у него возможности. Перед главами местных администраций я также поставил задачу — в следующем году в каждой области построить для военных хотя бы по одному многоквартирному дому.

Экономический кризис отражается и на благополучии военнослужащих, их семей. Правительство не упускает этого из своего внимания. В частности, готовится решение, предусматривающее повышение должностных окладов и окладов по воинским званиям в полтора раза.

Руководство Казахстана сделает все, чтобы представить народу военнослужащего в новом обличье — как истинного патриота-защитника, интернационалиста, готового выполнить любую задачу, поставленную Родиной.

Важным фактором, влияющим на состояние боевой готовности, является обеспечение личного состава питанием, вещевым имуществом, надлежащими бытовыми условиями. Необходимо более чутко реагировать на поступающие письма и жалобы, не допускать перенесения отживших методов руководства воинами в новые условия.

В армейских структурах наблюдается спад воспитательной работы, а это недопустимо. Поэтому принято решение о создании института заместителей командиров и начальников по воспитательной работе — от Министерства обороны до роты. Чтобы он заработал, вопросы социальной защиты и воспитания должны стать одной из главных забот военных советов и коллегий, офицерских собраний, руководителей всех рангов.

Следует поднять роль средств массовой информации в освещении жизни армии, активизировать работу домов офицеров и солдатских клубов, создать ансамбли песни и пляски во всех видах Вооруженных сил, а в воинских частях — коллективы художественной самодеятельности. Их репертуар должен отражать многонациональный характер культуры республики.

Все это очень важно для обеспечения безопасности, территориальной целостности нашей республики, ее суверенитета.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ
ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ
ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ СЕССИЯСЫНДА ЖАСАҒАН
БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 9 желтоқсан 1992 жыл

Құрметті халық депутаттары!

Жаңа ғана ашылған Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясының, асырып айтпағанның өзінде де тарихи сипаты бар. Оның қарауына шын мәнінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясының – Негізгі Заңының жобасы енгізіліп отыр. Біздің барлығымыз – қарапайым еңбекшіден бастап, жоғары билікке ие адамдарға дейін ол бойынша өмір сүріп, жұмыс істейтін, өзіміздің тәуелсіз егеменді демократиялық мемлекетімізді құратын боламыз. Сондықтан, біздер бастаған өзгерістердің табысты болуы, бүкіл сыртқы және ішкі саясат, жақын да болашақ перспективадағы бүкіл Қазақстан қоғамының әл-ауқаты мен тұрақтылығы біздің Конституцияның бүгінгі күнді қаншалықты нақты көрсетіп, оның ережелері мен принциптері ертеңгі күннің талаптарын қандай дәрежеде бейнелейтіндігіне байланысты болмақ.

Біздің әрқайсымыз осы негіз қалайтын құжат 1977 жылғы үлгідегі "дамыған социализмнің" театрландырылған монтаны жағдайында туып отырмағанын жақсы түсінуіміз керек. Сол жылы бір үлгі бойынша одақтас республикалардың соңғы конституциялары қабылданған болатын. Бүгінде біз мүлдем жаңа тарихи және геосаяси шындық жағдайында өмір сүріп отырмыз, ал мұны айқын білуіміз керек. Бұрынғы біртұтас Одақ жоқ, енді бізге жаңа мемлекетті одан мұраға қалған үйіндіден қайта тұрғызуға тура келеді.

ТМД болашағы өзінің қазіргі қалпында зор оптимизм тудырмайтыны құпия емес. Орталықтан ауытқу тенденциясы бұрынғы Одақ территориясында тұратын халықтардың өзара қарым-қатынасының мемлекетаралық, этносаралық, әлеуметтік-экономикалық және басқа формаларының барлық бағыттары бойынша қанат жаюда. Ресейдегі қазіргі жағдай қатты алаңдатушылық туғызып отыр. Онда билік жолындағы күресте тұрақсыздандыру процестері жүріп жатыр. Шын мәнінде біртұтас Ресей мемлекетін бөлшектеуге

* "Егеменді Қазақстан" газеті, 10 желтоқсан 1992 жыл.

шақырған үндеулер айтылуда. Тәжікстандағы, Әзірбайжандағы, Армениядағы, Грузиядағы және басқа мемлекеттердегі істің жағдайы бізді алаңдатпай қоя алмайды. Онда болып жатқан оқиғалар, әрине, Қазақстандағы саяси жағдайға ықпал етеді.

Сондықтан, басқа елдердің ішкі ісіне араласпау принципін қатаң ұстана отырып, біз болып жатқан оқиғаларды мұқият талдап, дипломатиялық жолдармен, халықаралық құқық пен қалыптасқан уағдаластықтарға сүйене отырып, қақтығыстар мен алауыздықтарды реттеуге жан-жақты жәрдемдесуге тырысамыз, экономикалық және ізгілік жәрдемін қоса алғанда, бітімшілік және топтастырушы іс-қимылдарды дамытып келеміз. Бұл біздің ұлттық қауіпсіздігіміздің мүддесіне сай.

Мен кейбір мемлекеттердің басшылығында қалыптасқан ТМД-ға тек өркениетті айырылысу механизмі ретінде қарайтын көңіл-күйді жақтамайтынымды білесіздер. Сондықтан, сіздердің тұрақты қолдауларыңызбен мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша интеграция саясатын жүргізіп келемін. Мемлекет және үкімет басшылары кеңестерін, Парламентаралық ассамблея, Министрлер кеңесін, Үйлестіру-консультациялық экономикалық кеңесін, Банкі одағы мен Мемлекетаралық банкті, ТМД-ның шаруашылық сотын құру жөніндегі инициативаның біздің тараптан жасалғанын еске алсақ та жеткілікті. Минскідегі кезекті кездесуге біз мемлекетаралық сот құру туралы ұсыныс әзірлеп жатырмыз. Ол пайда болған мемлекетаралық және ұлттаралық даулы мәселелерді сыпайы түрде, құқықтық тұрғыдан қарар еді. Біз сондай-ақ Достастықтың ортақ қорғаныс мүддесі саласында да инициативалар ұсындық. Осының барлығы Солтүстік Америкада, Батыс Еуропада, Оңтүстік-Шығыс Азияда аймақтық-экономикалық қоғамдастықтар мен әскери-саяси одақтарда жаппай күштерді қайта топтастыру жүріп жатқан қазіргі уақытта өте маңызды.

Осының бәрі бүгінде жаралып отырған мәселеге, мемлекеттік саясатты тек берік конституциялық іргетасқа, нақты заң кепілдіктері мен өкілеттіктеріне ие бола отырып қана, неғұрлым табысты әрі сенімді жүргізуге болатынына тікелей байланысты.

Таңдап алған бағытпен барынша салыстырылған Конституция қазіргі уақытта біздің өзімізге ішкі проблемаларымызды шешу үшін бұрынғыдан да аса қажет. Ал олар көптеп шоғырланып қалды. Өкінішке орай, әзірге біз экономикалық процестерді дамытудағы стихияны ауыздықтай алған жоқпыз. Әлеуметтік-саяси жағдай жеткілікті түрде тұрақты емес, экономикалық құлдырауды тоқтата алмадық: негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің қарқыны бұрынғысынша нашарлай түсіп, өнеркәсіп өндірісі төмендеуде, әл-ауқат деңгейі құлдырап, төлем балансы қиын жағдайда қалуда. Бізге сырттан танылған инфляция мен баға өсуінің қатерлі қарқыны, көптеген тауарлардың, ақша және валюта қаржыларының жетіспеуі, реформаларды жүзеге асыру-

дағы қателіктер — қылмыс, имандылықтан айрылу, масылдық сияқты әлеуметтік кеселдердің үстемелеп қайталанып отырған жағдайында мұның барлығы қоғамдық ахуалға жақсы әсер ете қоймайды. Ащы да болса мынаны айтқым келеді: егер біз осы келеңсіз процестерді тоқтата алмай, дұрыс арнаға түспейтін болсақ, кез келген билік, мейлі ол заң шығарушы, атқарушы немесе сот билігі болсын, көк тиынға да тұрмайды.

Бірақ сонымен бірге, жағдайға объективті баға беру үшін, тандап алған жолымыз да біздің көптеген істерді тындыра алғанымызды атап өтуге міндеттімін. Ештеңеге сенбейтін және қастық тілейтін адамдардың болжауына қарамастан, ал мұндайлар республикада да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де жетіп жатыр, реформа ТМД-ның сом аймағын тұтастай алғандағыға қарағанда бізде едәуір мақсатты әрі нәтижелі түрде жүзеге асырылуда. Нарықтық реттегіштердің жаңа өскіндері айқын бола түсті. Сол жекешелендіруді алып көрелік. Бүгінгі таңда республикада республикалық және коммуналдық меншіктің төрт жарым мыңнан астам әртүрлі объектілері өзгертілді. Олардың бағаланған құны – 21 миллиард сомнан астам. Өнеркәсіпте орта және ірі кәсіпорындарды акцияландыру қанат жайды. Аграрлық секторда 447 совхоз жекешелендірілді, шамамен 9 мың шаруа қожалығы үш жарым миллион гектар жердің иесі болды, 294 мың Қазақстан отбасылары жалпы көлемі 29 мың гектар саяжай учаскесін алса, бір миллионнан астам қала және село еңбеккерлерінің бау-бақшалық жері бар. Жеке шаруашылықтарға сиырдың жалпы санының тек жартысы, қойдың бестен бір бөлігі, жылқы басының үштен бір бөлігі және шошқаның төрттен бір бөлігі шоғырланған. Іс жүзінде бүкіл мал шаруашылығының өнімділігі нақ соларда тұрақты өсіп келеді.

Біз тапшы азық-түлік тағамдарын, мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, сыра-алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауының алдын алып қана қоймай, бірқатар жағдайларда арттыра да алдық.

Біздің село еңбеккерлеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында қамбаға 33 миллион тоннадан астам астық құйылды. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген сұранысы қамтамасыз етілді. Қажетті мөлшерде жем-шөп дайындалды. Май және техникалық дақылдарды өндіру шамамен екі есе өсті.

Бюджет қаржысын тарту және едәуір теңгермелеп бөлу халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі бірқатар елеулі шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мысалы, бағаның ырықтандырылуы мен өсуіне байланысты ең аз жалақы мен зейнетақы өсіру жағына қарай қайта қаралды. Күнкөріс минимумының өзгеруіне байланысты оларды қайта есептеу тәртібі белгіленді. Еңбекшілердің өз еңбегінің нәтижесіне ынтасын арттыру мақсатында жалақыға деген барлық шектеулер алынды. Мемлекеттік кәсіпорындарға бас-

шылық жүргізу демократияландырылып, оларға экономикалық қызметте кең дербестік берілді.

Өткен кезең біз үшін халықаралық қатынастарды құру тұрғысынан да айрықша мәнді болды. Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Монғолияға, Пәкістанға, Үндістанға жоғары дәрежелі сапарлар болды. Олар үкіметтік, парламенттік, саяси байланыстарды нығайтып, өзара тиімді ынтымақтастықтың іргетасын қалауға көмектесті. Республикаға несие беруді, инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғауды, бізге кадрлар даярлауды, жан-жақты бірлескен қызметті көздейтін ірі көлемді шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына, Еуропалық қайта құру және даму банкіне кірді, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қатысуда, басқа да халықаралық ұйымдармен іскерлік қатынастар орнатты.

Мен осының барлығы жөнінде әдейі жинақтап айтуды ұйғардым. Егер, біз бүгінгі таңда республикамызда қалыптасқан қолайлы жағдайларды – сақталып отырған тұрақтылықты, адамдардың өзімізге деген қалтқысыз сенімін, дүниежүзілік қоғамдастықтың бізге деген құрметін пайдалана алмасақ, онда біз тарихтың, келер ұрпақтың алдында, өзімізге билікті ұстатқан халқымыздың алдында, сайып келгенде, өзіміздің ар-ожданымыздың алдында кінәлі болатынымызды айрықша атап көрсеткім келеді. Тарих алдымызға тартып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асырып, оны туған республикамыздың игілігі жолындағы прогресті жеделдету үшін толық пайдалану біздің парызымыз.

Сондықтан біздің әрқайсымыз өзімізге жүктелген жауапкершілік деңгейін айқын білуге тиістіміз. Сессияда біздің Негізгі Заңымыздың жобасын талқылау бір сәттік саяси немесе өзге де мүдделерді діттемей, қайта сындарлы сипатқа ие болып, ең алдымен, өзімізді сайлаған халық пен мемлекеттің мүддесін білдіреді деп шын пейілмен үміттенемін. Мен нақ осындай әдіске ден қоямын және сіздерді ынтымақтастыққа, даналық пен байыптылыққа шақырамын. Бұл сессия ізгі дәстүрлердің бастауы болсын. Мұның қазір тек Қазақстанның, оның болашағы үшін ғана емес, сонымен бірге Достастықтағы барлық тәуелсіз мемлекеттер мен бүкіл дүние жүзі үшін бұрынғыдан да маңызы зор.

Құрметті халық депутаттары!

Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын алғашқы оқылымнан кейін қабылдап және оны бүкілхалықтық талқылауға ұсынғаннан бері жарты жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде жобаны

қараған барлық облыстық және төменгі жергілікті Кеңестердің сессиялары өтті. Ол еңбек ұжымдарында және азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша өткен жиналыстарда талқыланды. Республика баспасөзінде 500-ден астам әртүрлі мақалалар жарияланып, бұл тақырып теледидар мен радио бағдарламаларында талқыланды. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың өкілдері өз пікірлерін білдірді. Мен халықтың жоғары белсенділігін қанағаттанған сезіммен атап көрсетпекпін. Жаңа Конституцияның жобасын талқылауға 3 миллионнан астам адам қатысып, олар 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер енгізді.

Сонымен бірге жобамен тынымсыз сарапшылық жұмысы да жүргізілді. Ресейдің, Беларусьтің, Қырғызстанның, Украинаның Негізгі Заң жобаларын әзірлеушілермен консультациялар өткізілді. Конституциялық комиссия Адам құқығы жөніндегі халықаралық қауымдастықтың АҚШ конгресі кітапханасы зерттеу орталығының мамандарын, белгілі судьяларды, университеттер профессорларын біріктіретін Адвокаттардың американдық қауымдастығының қорытындыларын алды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің адам құқығы жөніндегі тобы мүшелерінің, Францияның, Данияның, АҚШ-тың және басқа да елдердің жоғары білікті құқық мамандарының айтқан ескертпелері назарға алынды.

Конституция жобасы әкімдердің және жергілікті Кеңес төрағаларының республикалық кеңесінде талқыланды. Мен Конституциялық кеңестің мүшелерімен, қоғамтанушы ғалымдармен және заңгерлермен бірнеше дүркін консультациялар өткіздім, комиссия мәжілістері аралығында жұмыс топтары тұрақты жұмыс істеді.

Конституциялық комиссия алғашқы оқылымда халық депутаттары айтқан, сонымен бірге бүкілхалықтық талқылау барысында да келіп түскен ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып, жобаны жетілдірді және оны Жоғарғы Кеңестің қарауына ұсынып отыр.

Комиссия көп жағдайларда жарияланған мәтіндегі өзгертулер мен толықтыруларды әр түрлі сан алуан, кейде бір-біріне кереғар көзқарастар айтылған өткір пікірсайыстардан кейін енгізгенін сіздердің естеріңізге салуға тиістімін. Қабылданған шешімдер де көбіне аз ғана көпшілікпен өтіп, бірауыздан қабылдана қойған жоқ. Бұл жобаның белгілі бір шамада ымыраға келтірілгенін, сондай-ақ, кейбір ережелер мен баптардың жеткіліксіз әзірленгендігін, оларды сессияда одан әрі талқылауға алғышарттар жасайтынын көрсетеді. Сондықтан оны сіздерге ұсына отырып, бірінші кезекте, жаңа жайттарды сипаттап, сонымен бірге республика Президенті және Конституциялық комиссияның төрағасы ретінде аса маңызды және пікірсайыс туғызатын проблемалар бойынша өз пікірімді айту құқығын пайдаланбақпын.

Конституция жобасы ең алдымен өзінің құрылымы бойынша өзгерді. "Мемлекеттік қызмет" тарауы алынды да, бұл орайда мемлекеттік қызмет

туралы принципті ережелер үшінші бөлімнің "Жалпы ережелер" тарауының бір бабында баяндалды. Бұл салада заң шығару жолымен реттеу тәжірибесінің жоқтығы және Конституцияда мұндай тараудың болуы заң шығарушыны арнайы заң әзірлеп және қабылдау кезінде аса қатаң шеңберге қою мүмкін екендігі танылды. Бұған қоса мемлекеттік қызметті конституциялық жолмен реттеп отыру дүние жүзілік тәжірибеге тән сипат емес.

Конституция жобасы оның құрамдас бөлігі болып табылатын өтпелі ережелермен толықтырылған. Олар Конституцияны күшіне енгізу туралы бұрынғы Заңның орнына ұсынылып отыр.

Республиканың федеративтік құрылысы туралы; жобадан өлім жазасын қолдану мүмкіндігі жөніндегі норманың алынып тасталуы туралы; қоғамдық бірлестіктерге заң шығару инициативасы құқығын бекіту туралы; қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын беру туралы; екі палаталы парламент құру туралы; Президентке тек қана мемлекет басшысы міндетін бекіту туралы ұсыныстар принципті көзқарас тұрғысынан қабылданған жоқ.

Енді Конституция жобасының мазмұнындағы баптар бойынша өзгерістер туралы. Айтарлықтай түзетулер енгізілмеген үш бөлімнің бірі – кіріспе. Бүкілхалықтық талқылаудың барысында оның әртүрлі нұсқалары ұсынылды, олардың мәнісі екі ережеге – қазақ ұлтына мемлекет құрушы ретінде назарды баса аудару және керісінше, мұны жасамауға келіп түйісті. Біз екі нұсқаны да қанағаттанарлықсыз деп таптық.

Конституциялық құрылыстың негізі жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелердің елеулі бөлігі тіл мәртебесіне қатысты болды. Осы даулы мәселе жөнінде Конституциялық комиссия республикада тілдер мәртебесіне қатысты, негізінен Тіл туралы заң нормасын, бірақ оларды бүгінгі күннің ақиқатын ескере отырып, ой елегінен өткізіп қабылдау мүмкіндігін ескерді. Гөп мынада: осы Заңда қолданылған "ұлттаралық қатынас тілі" деген терминнің, бұған дейін әлденеше рет атап өтілгеніндей нақты заңдылық сипаты жоқ. Ұлттаралық қатынас тілі қызметін азаматтардың өзара келісімі және таңдауы бойынша кез келген тіл атқара алады. Баршаны толғандырып отырған осы проблеманың шешімін табуға ұмтылып, біз бір нәрсені – тілдер мәртебесі туралы конституциялық норма республикада тұратын барлық ұлт өкілдері үшін біріктіруші бастама болуы керек дегенді басшылыққа алдық. Біздіңше, Негіздердің 8-тармағының жаңа редакциясы орыс тілінің мемлекеттік тілмен қатар еркін қызмет етуін қамтамасыз етеді және әрбір азаматтың ана тілін пайдалану құқығына кепілдік береді.

Тіл проблемасының адамдардың белгілі бір тобын толғандырып отырғанын біз жақсы білеміз. Бұл арада да жылпостық, кейбіреулердің белгілі бір ұлттар мүддесінің жоғын жоқтаушылар ретінде өздеріне назар аудару

талабы да жоқ емес. Ал бізге осы мәселені талқылау кезінде аса сақтық, ұстамдылық және кемеңгерлік қажет.

Бұған дейін қабылданып қойған Тіл туралы заңның күшін жою туралы мәселені қою әдептілікке мүлдем жатпайды деп ойлаймын. Бұл заңда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Қазір қолданылып отырған заңды қайта қарау қазақ ұлтын тек өз мемлекетінің ішінде ғана емес, сондай-ақ бұрынғы Одақтың басқа егеменді мемлекеттерімен салыстырғанда тең емес жағдайға қояды.

Екінші жағынан, егер Қазақстанда тұратын екі басты этнос арасында егес туса, онда бұдан бәрінің де ұтылатынын әрқашан да есте сақтау керек. Сондықтан Конституцияда біздің орыс тілді азаматтарымыз құқығының кемсітілмейтініне айқын кепілдік берілуі керек.

Негіздердің 6-тармағына өкіметтің үш тармағы өз қызметінде басшылыққа алатын негіздерді айқындайтын және билікті бөлудің өз моделімізді көздейтін ірку және қарсы салмақ жүйесін пайдалануды көрсететін ереже енгізілген. Бұл принциптер мемлекет туралы бөлімде дамытылған.

Конституция жобасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы бөлім басты орын алады. Дегенмен мынаны айта кетейін: меніңше, бөлім баптарының бір бөлігі, ал олар 30 шамалы, республикадағы жағдайдың шындығын, қазіргі бар және келешекте болатын қиындықтарды ескермеген, олар азаматтардың міндеттерімен де өзара байланыстырылмаған. Демократия жағдайында жүздеген жылдар тұрып жатқан мемлекеттердің конституцияларынан осы ережелерді көшіре отырып, нарықтық экономика жағдайында біле тұра қамтамасыз ете алмайтын құқықты жариялап, біз бос жария етуге салынар едік. Сондықтан, менің көзқарасымша, бірқатар баптарды тек редакциялап қана қоймай, олардың қайсысына сенімді кепілдік жүйесін бере алатынымызды, өзіміз жүзеге асыра алатындарымызды ұқыпты ойластыруымыз керек.

Қазіргі заңдылыққа сілтеме жасалған базалық құқықтар мен бостандықтарды жариялайтын жобадағы бірқатар баптарға айырықша назар аударылды. Осындай сілтемелердің болуынан конституциялық құқықтар мен бостандықтарды едәуір шектейтін немесе жоққа шығаратын ықтимал қаупі аңғарылады. Бұл туралы, сондай-ақ, жоба жөніндегі беделді халықаралық ұйымдардың қорытындыларында да айтылған. Оған менің қосарым, тек осы бөлім ғана осындай сілтемелерге толы емес, олар бүкіл жоба бойында тарыдай шашырап жатыр. Мұның мақсаттылығы маған күмән келтіріп отыр.

Конституцияны оқып шығып және оны түсіну үшін қолға республика заңдары мен нормативтік актілерінің көп томдық жинағын ұстап отыру керек.

Бұдан әрі, Негіздердің 5-тармағындағы екінші бөлігіне конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруды шектеу мүмкін және қажет болатын жағдайды реттейтін жалпы норма беру ұйғарылды. Мұндай норма

халықаралық-құқықтық құжаттарға, атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге және дүниежүзілік конституциялық практикаға сәйкес болуы тиіс. Осыған байланысты 2-баптың құқық пен бостандықты заңдармен шектеудің мүмкін болатын жағдайлары мен тәртіптерін нақты реттеуге мүмкіндік беретін жаңа редакциясы ұсынылды.

Жобаның бесінші тарауы бойынша ұсыныстар мен ескертулердің ба-рынша көп саны түсті. Олардың едәуір бөлігі экономикалық және әлеуметтік құқықтарға конституциялық кепілдік беруді нығайтуға бағытталған. Бірақ, тұтастай алғанда, мұндай ұсыныстар қалыптасып келе жатқан нарықтық эконо-мика ақиқатын ескермейді, қазіргі қоғамға бөліп беру көңіл-күйін, масыл-дық психологиясын таратады. Жобаның, әлеуметтік-экономикалық кепілдік-тер туралы мәселедегі кәдімгі байсалдылығы, өкінішке орай, ауыр қабыл-дануда. КСРО Конституциясындағы және Қазақ КСР Конституциясындағы тиісті баптардың тұжырымдамаларын тура қайталауды жақтаушылар да аз емес.

Жобада еңбекке деген құқық туралы ереженің болмауы барынша қар-сылық туғызуда. Дегенмен ойланып қарайықшы, мемлекет кепілдік берген "еңбекке құқық" идеясының өзі теңгермешілік психологиясы билеген жағ-дайда ғана, ал мүшелерінің қажырлы, жоғары өнімді еңбекке деген табиғи ынталандырушысы болмаған қоғамда ғана тууы мүмкін. Дегенмен, біздің қоғамымызға мықтап сіңген дәстүр – еңбек ету құқығын маңызды әлеуметтік жеңіс деп есептелетінін де ұмытуға болмайды. Еңбек ету құқығы көптеген халықаралық құқықтық құжаттарда жарияланған жағдайын да ескеру қажет. Жобаның жаңа бабы осыны ескере ұсынылып отыр.

Республика азаматтарының медициналық қызмет көрсету және білім алу құқығына кепілдікті нығайту қажет деп танылды. Мемлекеттік денсаулық сақ-тау мекемелерінде медициналық жәрдемнің тегін көрсетілетіні, жалпыға бірдей және тегін негізгі орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік оқу меке-мелерінде тегін арнаулы орта және жоғары білім алуға кепілдік берілетіні туралы нақты айту қажет.

Конституцияда осындай қағидалардың болуы нарықтық экономика та-лаптарына сай еместігі туралы пікірлер айтылды. Сондықтан жобада ден-саулық сақтау мен білім берудің жеке жүйесін дамытуға кең жол ашылған. Сонымен бірге мемлекеттік денсаулық сақтау және білім беру мекемелерін шектен тыс коммерциялауға жол беруге болмайды. Олардың материалдық базасы бірнеше ұрпақтың еңбегімен жасалып, ал оларды қаржыландыру салық төлеушілердің қаржысы есебінен негізінен бюджет арқылы жүзеге асырылып келді. Осындай жағдайда республика азаматтарын мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсету және білім алу мүмкіндікте-рінен айыру жөнсіз болмақ. Сонымен бірге жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіншіліктерін көзде-ген артық болмас.

Азаматтардың негізгі міндеттеріне арналған 6-тараудағы конституциялық міндеттер ауқымы елдің мемлекеттік нышандарын құрметтеу міндетімен толықтырылды. Бұл ереже мемлекеттің беделін нығайтуға бағытталған және біздің мемлекеттіміздің белгілерін құрметтеу сезімін дамытуға әсер ететін болады.

"Экономика негіздері" тарауынан ұжымдық меншік туралы ұғым алынып тасталды. Бұл біркелкі қабылданбай отыр. Бірақ өркениетті әлемде меншіктің екі түрі: жеке және мемлекеттік (немесе жария меншік) меншіктің белгілі екенімен де санаспауға болмайды. Бұл орайда жеке меншікке тек жеке азаматтардың меншіктері ғана емес, сонымен бірге олардың бірлестіктерінің де – акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және басқа да меншіктері де жатады. Сондықтан ұжымдық меншік категориясынан бас тарту колхоздардың, артельдердің құқық субъектілігінің конституциялық негізін бұзбайды. Осы аталған шаруашылық субъектілерінің қайсысын жеке меншікке яғни азаматтардың олардың меншігіндегі нақты үлесін айқын бекіту қажет, қайсысын мемлекеттік меншікке жатқызу қажет екенін айқындап алу керек. Қоғамдық бірлестіктердің меншіктерін (соның ішінде кәсіподақтардың) ұжымдық категорияға жатқызу үшін де дәлелді негіздер жоқ. Қоғамдық бірлестіктер меншігінің белгілі бір ерекшеліктері болса да, дүние жүзінің ешбір елінде оны бұл категорияға жатқызбайды. Әдетте, олардың меншігін құқық жолымен реттеу жеке меншікті құқылық реттеуге жақындастырыла бекітіледі.

Тарауда іскерлік бостандығы тек жеке құрылымдарға қатысты екені айқын айтылған. Мемлекеттік құрылымдарға іскерлік бостандығын беру олардың тиісті мемлекеттік қызметтерін орындауына мүлдем кедергі келтіріп, коммерциялануға әкеліп соғады. Оның үстіне мемлекеттік меншік иесі ретіндегі құқығы шектеліп қоймай, өмірлік маңызды салаларымен бірге, республика экономикасын басқару ісіне де қатер төндіреді.

Конституция жобасындағы ең күрделі бөлімнің бірі "Мемлекет, оның органдары мен институттары" бөлімі болып табылады. Бұл әбден түсінікті де – өйткені, мемлекеттік билікті ұйымдастыру маңызды конституциялық мәселе.

Сіздерге ұсынылған жобада "Жоғарғы Кеңес", "Президент", "Министрлер кабинеті", "Мемлекеттің территориялық ұйымдастырылуы және жергілікті басқару" тараулары кейбір өзгерістерге ұшырады. Егер олардың мәнісі туралы оларды сессияға ұсынылған күйінде айтатын болсақ, онда ол төмендегідей.

Жоғарғы Кеңес бірден-бір заң шығарушы орган ретінде анықталған, ал ол мемлекеттік деңгейде билікті бөлу принципіне сай келеді. Сөйтіп, бірыңғай Кеңестер жүйесі туралы дағдылы ой тәркі етіледі. Шын мәнінде де, кеңес жүйесі пирамидасының шыңында тұрған жоғарғы органның болуының өзі өте проблемалы ғой. Осыны негізге ала отырып, бізге заң шығарушы

органды атау нұсқаларын да талқылау керек. Біз сіздердің назарларыңызға талқылау барысында ұсынылған тұжырымдамалардың ішінен ең көп қайталанған тұжырымдамаларды ұсынамыз. Атауды таңдау кезінде заң шығарушы органның басты мақсатын, оның өкілеттігінің мазмұнын, міндетін, құру тәртібі мен қызметін, Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен ұлттық дәстүрлерін басшылыққа алу маңызды деп ойлаймыз.

Жоғарғы Кеңес депутаты республика халқының өкілі болып табылатындығы туралы ереже осы тарауға едәуір жаңалық береді. Ал ол императивтік мандаттан бас тартуды білдіреді. Оның кезінде ең алдымен депутат өзінің сайлаушыларының мүддесін білдіріп, олардың аманаттарымен байланысты болатын.

Жобада Президенттің өкілеттігі анықтала түскен. Халыққа және Жоғарғы Кеңеске оның үндеу тастау құқығы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау құқығы енгізілді. Президент өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өту процедурасы өзгертілді. Жоғарыдан төменге дейін президент билігінің бүкіл көлбеуінің кешенді конституциялық реттелуі берілген, оны абсолюттендірудің мүмкін болмайтынына кепілдік күшейтілген.

Жобаның Министрлер кабинетіне арналған нормаларын пысықтау кезінде комиссия біреудің шетелдік тәжірибесін таза күйінде біздің негізге көшіре салмай, қайта неғұрлым қолайлы үкімет жүйесін құру тілегін басшылыққа алды. Нәтижесінде мынадай конституциялық үлгі: атқарушы билік басшысы ретінде Президент – Президент жасақтайтын күшті Министрлер кабинеті – Үкімет жұмысына тікелей жедел басшылық жүргізу үшін қажетті өкілеттіктерге ие Премьер-министр үлгісі ұсынылады.

Мұндай үлгі, сайып келгенде, соңғы екі жыл бойы осы салада жүргізілген реформаны аяқтауға мүмкіндік береді. Президенттің мемлекет басшысы міндетін атқаруына қажетті назар аударуына, ал Министрлер кабинетіне, өз тарапынан, парасатты дербестік шеңберінде инициативалы әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттің территориялық ұйымдастырылуы мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы тарау да осы жүйенің тек басты принциптері мен элементтері көрсетілген. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өкілеттігін, олардың құзырлығын белгілейтін нормалар алынып тасталды. Жергілікті өкімет жүйесін реформалау, ұтымды құрылымдарын ұдайы іздеу процесінде екенін ескере отырып, аталған мәселелерді ағымдағы заңдармен реттеу ұсынылады.

Алайда аталған тараулардағы жаңалықтарға сипаттама бере отырып, сіздерді аталған мәселе бойынша мейлінше алуан түрлі пікірлердің бар екендігі туралы да хабардар еткім келеді. Тек бүкілхалықтық талқылау барысында ғана тарауға шамамен төрт мың ұсыныстар мен ескертулер келіп

түсті. Демек адамдар мемлекет органдары мен институттарының құрылымы қандай болатынын, олардың өзара іс-қимылы қалай жолға қойылатынын шындап ойлап, біздің барлық өзгерістеріміздің табысы осыған байланысты болатынын әділ болжап отыр. Сонымен бірге, мұнда қандай да болмасын проблеманы шешуге тек концептуалдық көзқарас қана емес, сондай-ақ тіпті жекелеген сөйлемдердің редакциясы да маңызды рөл атқарады. Жоба мәтінін өзірілеу процесінің өзі осыны қуаттап отыр. Сондықтан сессия қарсаңында мен Жоғарғы Кеңеске қабылданбаған ережелердің, дәлірек айтқанда, олардың бір бөлігінің нұсқаларын да ұсынып, конституциялық нормалардың тұжырымдамаларына сіздердің мұқият қарайтындарыңызға сенім арттым. Біз іскерлік жағдайда, шындық тек менің жағымда демей, барлық келіп түскен ұсыныстарды ой елегінен өткізіп және нені қабылдайтынымыз, нені қабылдамайтынымыз туралы уағдаласуға тиіспіз. Мен осындай талқылауды жақтаймын.

Конституциялық комиссияның ұжымдық еңбегі аяқталды, ұсынылған жоба сіздердің қолдарыңызда. Бірақ, осының қарсаңында болған көптеген депутаттармен сұхбаттан маған мәлім болғанындай, әлі де көптеген күмән қалып отыр. Менің де күмәнім бар. Осыған байланысты, оларды ортаға салуды өзімнің борышым деп есептеймін. Мені дұрыс түсініңіздер, сіздерге Конституциялық комиссияның ғана пікірін баяндап, кейбір проблемаларды өзімнің қалай көретінімді айтпай, мен сіздердің ғана емес, сондай-ақ бүкіл қазақстандықтардың алдында толық әділ болмас едім. Бұл ретте, бүкіл халық сайлаған Президент ретінде оның тағдыры үшін, таңдаған бағытты, сайлаушылар қолдаған Президент тұғырнамасы принциптерін жүзеге асыру үшін республиканың бүкіл тұрғындары алдында мен жеке дара жауап беретінімді басшылыққа аламын. Мұны қалай, қандай механизмдерді пайдалана отырып, қандай ретпен істеу керек екендігіне қатысты өз түсінігім де бар. Және бұл түсінік, ешкімге де құпия емес, мен оны өзімнің бүкіл сөздерімде тұрақты баяндап, өз қызметімде жүзеге асырып келемін.

Осыған байланысты біздің жобаны ұқыпты талдай отырып, өзім жауабын таба алмаған сұрақ қойғым келеді. Дегенмен біз қандай мемлекеттілік, қандай республика құрудамыз – президенттік, әлде жартылай президенттік пе, парламенттік немесе қандай да болмасын басқасын ба? Біз барлығымыз өзімізде президенттік республика екеніне тоқталдық және мұны өз халқымызға жария еткенбіз. Бірақ жобада мұндай республиканың барлық белгілері бұлыңғыр, ал кейбіреулері мүлдем жоқ та.

Мені аландататын және кең пікірсайыс тудырған басты жайттардың бірі – бұл Жоғарғы Кеңестің, Президент пен үкіметтің өзара арақатынасы, атқарушы өкімет органдарының құрылымы, құрамы мен құзыры.

Жоба бойынша Министрлер Кабинетін құру және оның қызметі парламенттің сыпайы бақылауымен жүзеге асырылады. Бірақ Жоғарғы Кеңес Президенттің Министрлер кабинетінің жекелеген мүшелерін тағайындауы мен босатуына келісім беретінін белгілейтін ереженің осал жерін айтпай кетуге болмайды. Оның үстіне 89-бапта кабинет Президент алдында жауап береді және оның алдына өкілеттігін тапсырады, деп мәлімделген. "Министрлер кабинетінің осы жекелеген мүшелерінің" құрамын кімнің және қандай формада белгілейтіні туралы мәселе аяғына дейін анықталмаған. Ол ол ма, оны қандай белгілер бойынша анықтайды, ол бір ретке немесе мәңгілікке бекітіле ме, әлде өзгеріп отыра ма?

Істің басқа, нақты жағы да бар – Президенттің министрліктер құру және тарату, олардың басшыларын басқа қызметке ауыстыру құқығы бар. Бірақ тағы да, Президент депутаттардың еркіне тікелей байланысты болып отырғанда, ол осы құқығын қалай жүзеге асырмақшы?

82 және 90-баптарда Президент жарлықтар мен өкімдер, ал Министрлер Кабинеті республиканың бүкіл территориясында міндетті күші бар актілер шығарады деп белгіленген. Президент сондай-ақ тапсырма бағытындағы және күші бойынша белгілі бір салаға таралатын қаулы да шығара алар еді деп есептеймін. Премьер-министр кабинетке жетекшілік етіп, оның қызметіне тікелей басшылық жүргізетіндіктен Конституцияда ол шығаратын актілердің формасын атау және олардың заңды күшін көрсету орынды болар еді.

Бүгінде экономикалық қайта құру серпіні мынадай: экономиканың мемлекеттік секторы жедел басқаруға аса мұқтаж болып отыр. Сондықтан Министрлер Кабинеті Жоғарғы Кеңеске дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасын енгізе отырып, қосымша өкілеттіктер сұрап отырғаны бекер емес. Гәп мынада, кезінде өте көкейкесті болған және өзінің оң рөлін атқарған бұрын қабылданған көптеген заңдар қазір нақты шындықты бейнелемейді, олардың кейбіреулері мүлдем жұмыс істемейді, қайта тежеуші факторға айналды. Заңға қажетті түзетулер, әрине жүргізілуде. Бірақ өкінішке орай, өте кешіктіріліп жүргізілуде. Бұрынырақ біздер бірлесіп шығарған және сол кезде прогресшіл жаңалық ретінде қабылданған біздің кейбір заңдар мен нормативтік актілеріміз тексере келгенде, зиянды болып шықты және дереу күшін тоқтатуды әрі жан-жақты ойлануды талап етеді.

Мұны нақты мысалмен дәлелдейін. Сіздер мен біздер кезінде экономикалық еркін аймақ идеясымен әуестеніп және оны тиісті заңдармен және үкімет актілерімен жүзеге асыруға барынша белсене әрекет еттік. Бірақ қазір, уақыт өткен соң, біздің біршама асығыстық жасағандығымыз айқын болды. Мәселе мынада, қазіргі бар тәсіл, менің байқауымда, қазіргі Конституциямен де және біз жаңасына енгізіп жатқан нормалармен де қарама-қайшы келеді. Біз Қазақстан унитарлық мемлекет, жер, оның кен байлықтары, суы,

өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғат ресурстары тек қана мемлекет меншігінде деп мәлімдейміз. Және де бұл даусыз ақиқат. Бүкіл дүние жүзінде табиғат байлықтарын, шикізат қорларын мемлекет бақылап отырады.

Ал біз болсақ, өз актілерімізбен экономикалық аймақтарға, ал оның ең бай шикізат ресурстары бар аймақ екендігін ескеруіміз керек, ұлттық байлығымызды іс жүзінде бақылаусыз шашып-төуге осындай құқық беріп, жағдай жасаймыз, ал бүгінде бұл республиканың материалдық игілігінің және реформаны қамтамасыз етудің ең маңызды көзі болып табылады. Ал маған, бұл олай емес, "қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған өлке" болады деп дәлелдеуге тырысқанда, мұның барып тұрған даңғойлық және хандық болмаса да өзінше бір князьдық құруға ұмтылушылық екенін айқын көремін.

Осыған байланысты, бізге Конституцияда жергілікті өкімет туралы мәселені шешіп, ақыр соңында, осы маңызды проблеманың түйінін табу аса қажет деп ойлаймын. Жақында жаңа Конституциясын қабылдаған Өзбекстан да мұны істей білді ғой, және жап-жақсы істей білді.

Жергілікті өкіметті әрі-сәрі күйінде қалдыруға болмайтындығына мен өзімнің республика бойынша соңғы сапарым кезінде де, облыстардың, аудандардың басшыларымен, осы сессия қарсаңында халық депутаттарымен сұхбаттар барысында да көз жеткіздім.

Дұрыс түсініңіздер, мұны тек басқару құрылымын жетілдіру, қос өкіметке жол бермеу үшін ғана емес, сондай-ақ біздің мемлекеттігіміз бен егемендігімізді қорғау, тұрақтылықты, қоғамдық тыныштықты сақтау үшін де істеу керек.

Мұның саяси тұрғыдан келгенде басқа да, барынша маңызды жағы бар болуы мүмкін. Біздің экономикалық аймақтарымыз – бұл көпшілік жобаларда облыстар, демек мемлекеттік әкімшілік-аймақтық бірліктер. Ал, Конституцияда біз, мемлекетіміз тұтас деп барынша айқын және бір мәнді мәлімдейміз. Бұл нұсқадағы экономикалық аймақ болса, объективті түрде, экономикалық сепаратизмді туғызатынын айтар едім. Біз көріністерін қазірдің өзінде, байқап отырған экономикалық және саяси сепаратизмге ұмтылу бағыты бұл жағдайда бірігіп және бірін-бірі күшейтетіндігі соншалық, оның нәтижесін болжап білу қиын емес.

Бұдан да көбірек айтсам, бізде алаңдатарлық нышандар бой көрсетуде. Жақында өткен кейбір митингілерде Жоғарғы Кеңес пен үкіметке республиканың федеративтік құрылысы үзілді-кесілді түрде таңылған, онда облыстар осы федерациялық субъектілері болуға тиіс деп айтылыпты. Бірақ КСРО-ның ыдырауына, осындай сценарий бойынша жүргенін, қазір де кейбір республикаларда мұның өзі қантөгіспен одан әрі ушығып отырғанын еске түсіріңіздер. Біз мұндайға жол бере алмаймыз және жол беруге тиіс те емеспіз. Бұл егемендікке, тұрақтылыққа, тіпті әрбір қазақстандықтың отбасының тыныштығына тікелей төнген қатер.

Митингілердің бірінде, бір жағынан, мемлекеттік қостілділікті енгізу осындай үзілді-кесілді түрде ұсынылса, ал екінші жағынан басқа тілдердің қызметі туралы ешқандай айтып жатпастан тек қазақ тілін мемлекеттік деп тану ұсынылуда. Біресе ана ұлттың, біресе мына ұлттың өкілдерін көшіру жөнінде шаралар қолдануға шақырған үндеулер естілуде.

Бұлардың қай-қайсысына да біз бекем де бір мәнді жауап беруге тиістіміз: үзілді-кесілді талап қою тілі біз үшін қолайлы емес. Бұлардың қай-қайсысы да Қазақстанның тәуелсіз егеменді мемлекет екенін, оның қазірдің өзінде кез келген экстремистерді ақылға келтіріп, қалыптасып келе жатқан мемлекеттік құрылысты шайқалтуға жол бермеуге жеткілікті конституциялық мүмкіндіктері бар екенін түсінетін уақыт жетті. Осы жас мемлекеттің өз азаматтарының, олардың қандай ұлтқа, қандай әлеуметтік жікке, діни конфессияларға, саяси партияларға немесе қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, олардың мүддесінен артық ешқандай мүддесі жоқ. Кез келген егесушілік, шектен шығушылық халыққа қарсы, қатардағы азаматтарға қарсы әрекет етеді, барлық адамдардың бейбіт өмірі мен тыныштығын тәлкек етеді.

Сондықтан, қанеки, туындап жататын барлық мәселелерді жалпы игілік мүддесі үшін байсалды, қызбалыққа салынбай қарайтын болайық. Оларды біз үшін ешкім шешіп бере алмайды. Және олар өркениетті түрде, әділ де жауапкершілікпен талқылануға тиіс. Депутаттарды халық сайлаған, сондықтан олар жеке адамдардың емес, мемлекеттің барлық азаматтарының мүддесі үшін шешімін табуға міндетті. Тек сонда ғана Жоғарғы Кеңес өз міндетін орындайды.

Дегенмен, экономикалық аймақтарға оралайық. Мен бұрынғысынша олардың болуына қарсы емеспін. Мен аймақтардың экономикалық мәселелердегі құқықтарын кеңейтуді жақтаймын, бірақ біздің бұл іске көзқарасымыз, ең бастысы – мақсатымыз қатаң тексеріліп отыруға тиіс. Осыған байланысты Конституцияға мемлекеттіктің бұлжымас белгісі ретінде, ортақ бөлінбес экономикалық кеңістік ұғымын енгізуді ұсынар едім. Заңгерлер мұны дәлірек тұжырымдай алады.

Осындай шегінісім үшін кешірім сұраймын, бірақ біз осындай жетілмеген актілердің алдағы уақытта да пайда болмайтындығына ешқандай кепілдігіміз жоқ деп есептеймін. Ол үшін ешкімді де кінәлағым келмейді. Бұл едәуір дәрежеде объективті процесс, біздің барлығымыз да іс-қимыл үстінде үйренеміз және қателіксіз болмаймыз. Дегенмен мұны реттеу, шұғыл маневр жасауды қамтамасыз ету үшін конституциялық нормалар арқылы – белгілі бір кезеңге және қатаң белгілі мәселелер ауқымында – қазіргі бар заңдардың нормаларын тоқтату, тіпті өзгерту жөнінде жарлықтар шығару жөнінде Жоғарғы Кеңестің Президентке өкілдік беру құқығын көздеген жөн болар еді.

Тоталитаризмге, авторитарлыққа қайтып оралды, демократиялық өзгерістер тоқтатылды дейтін өз атыма наразылықтар мен сынның, оның ішінде сырттан да пайда болатынын білемін. Сөз ретінде айта кетейін, ол қазірдің өзінде айтылып жүр. Бірден мынаны мәлімдеймін: мұндай дәлелдерді қабылдамаймын, демократиялық процестердің дамуын қандай да бір болмасын тоқтату туралы сөз болуы мүмкін емес. Осының барлығы ең алдымен экономикалық реформаларды мүлтіксіз жүргізу үшін және қайталап айтамын, қатаң реттелген өтпелі кезең үшін жасалып отыр. Біздің басымызға түскен экономикалық бей-берекеттікте мұндай шараларсыз болмайтындығына сенімдімін. Егер бізге осы кезеңге күшті атқарушы өкімет қажет болса, біз бұған саналы түрде баруға тиіспіз.

Енді басқа да кейбір жайттар туралы. Мәселен, 65-бапта жазылғандар күмән келтіреді. Оған сәйкес тек Жоғарғы Кеңес мемлекеттік салықтар мен жылуларды белгілейді. Бұл конституциялық реттеудің мәселесі еместігі айдан анық. Белгілі бір кезеңде осы өкілеттіліктердің бір бөлігін үкімет немесе жергілікті билік пен басқару органдарына беру туралы мәселенің туатыны сөзсіз.

Конституция жобасының 119-бабына сәйкес Президент, тізімге енгізілген азаматтардың жалпы санының көпшілік сайлаушылары оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, ол сайланды деп есептеледі. Бұл ретте конституциялық комиссия мұның шын мәнінде республика азаматтары көпшілігінің еркін білдіретіндігін басшылыққа алды. Бірақ басқа да көзқарасқа негіз бар. Ол халықтың сайлау бөлсенділігінің төмендегендігін көрсететін болжам талдамалары жағдайына қатысты. Ондай жағдайда дауыс беруге қатысқандар санынан көдімгі көп дауыс алу арқылы Президентті сайлау мүмкіндігін талқылаған орынды.

Тәжірибе көрсеткеніндей, Президент жанындағы консультативтік-кеңестік органдар және мемлекеттік кеңесшілер институты өзін ақтады. Бұл институттардың, әсіресе, стратегиялық және тактикалық сипаты бар Президент шешімін талдап жасаудағы рөлі айтарлықтай. Мемлекеттік кеңесшілер талдау, жоспарлау, үйлестіру, бақылау қызметтерін атқарады, сондай-ақ бірқатар жағдайларда Президент тапсырмасы бойынша мемлекеттік, әлеуметтік және мәдени құрылыстағы жекелеген салаларды басқаруды жүзеге асырады. Осымен байланысты Конституцияға Президенттің консультативтік-кеңесуші органдар құруына, мемлекеттік кеңесшілерді тағайындауға және қызметтен босатуға құқылығын жазудың мәні бар.

Бірлескен сындарлы жұмыс барысында мен айтып өткен түзетулерді енгізуге болады деген сенімдемін, бұл түзетулер заң шығарушы және атқарушы өкімет билігі өкілеттіктерінің ара жігін айқын ажыратуға бағытталған. Өйткені, мұнымен бәрі де келіседі ғой.

Қарауға беріліп отырған жобада Жоғарғы сот басшылығымен біртұтас сот жүйесі ұсынылады, оның бір палатасы Конституцияны сот арқылы қорғау өкілеттілігіне ие болады. Жобаны әзірлеушілер мұны сот жүйесіндегі көп буындылық және бытыраңқылық жойылады деп түсіндіруде, мұның өзі, біріншіден, сот билігін нығайтуға, екіншіден, бірқатар мәселелер бойынша сот қызметін ұйымдастыруды жақсартуға, (біртұтас процессуалдық негіздердің болуы, белгілі бір істердің соттылығы туралы дау туғызбау, судьяларды әртүрлі категорияларға бөлуді жою, біртұтас аппарат және басқалары), үшіншіден, Конституцияны сот арқылы қорғауды жүзеге асыру кезінде саясилануға ұрынбауға мүмкіндік береді. Соттың міндеті, ең алдымен, Конституцияны қорғау болуға тиіс.

Бұл әңгіме қазіргі Конституциялық және Жоғары арбитраждық соттарға қол сұғу және Конституцияны сот арқылы қорғаудан бас тарту ретінде бағаланбауға тиісті. Конституцияның өтпелі ережелері Жоғарғы сот және сот құрылысы туралы конституциялық заңдарды қабылдағаннан кейін біртұтас сот жүйесін құруды көздейді. Оларды талдап жасау осы Конституцияны қабылдаған кезден бастап екі жылдан кешікпей аяқталуға тиісті.

Біртұтас сот құру идеясы біркелкі қабылданбай және даулы мәселелердің бірі болып отырғанын білемін. Осы мәселе бойынша тіпті мынадан – "қолында өкімет билігі барлар" бірнеше процестерді өткеріп, өзін көрсеткен Конституциялық соттың сазайын беруде деген пайымдаулар пайда болды. Мен мұндай ұйғарымдарға бармас едім. Бұл менің идеям емес, республиканың өзге басшыларына да күдік келтіруге болмайтынын айтуға тиістімін. Біз қазір соттық-құқықтық реформаның алдында тұрмыз және Конституция негізінде Жоғарғы Кеңес осы мәселе бойынша бір шешімге келіп, сот жүйесінің болашағы қандай болмақ, ол өзгеруге тиісті ме, жоқ па, осыны айқындауға міндеттіміз. Егер солай болса, онда осы реформа кезеңін олардың мазмұны мен мерзімі бойынша көздеуіміз керек.

Бүкілхалықтық талқылау барысында судьяларды Президенттің тағайындауы туралы ұсыныстар түсті. Заңгерлер жұртшылығы да осы пікірді алға тартуда. Халық депутаттары осыған назар аударулары тиіс деп ойлаймын. Бұл жағдайда Президент мемлекет басшысы ретінде судьялар тәуелсіздігінің кепілі болады. Олай болса, оның жанында әділ соттың жүзеге асырылуын ұйымдастыру мәселелерін қарайтын судьяларды тағайындау және орындарын ауыстыру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Жоғары сот кеңесі жұмыс істеуге тиіс. Бұл жағдайда осы идеяны жақтаушылардың пікірі бойынша судьялар парламенттік партиялардың, депутаттардың топтық мүдделерінің ықпалынан қорғалатын болады. Ал мұндай ықпалдың болуы әбден мүмкін.

Біз қазір президенттік импичменттің мүмкіндігін тағайындаудан және парламентті таратудан принципінде неге бас тартқанымызды да түсіндіргім келеді. Мәселе, әрине, біреудің жеке жақсы немесе жек көруінде емес. Оның

үстіне менің инициативам бойынша Конституциялық комиссия Президентті қызметінен алу және парламентті тарату туралы баптың нұсқаларын екі рет қарап шықты. Грузия мен Тәжікстанда болған оқиғаларға талдау жасау, достастықтың басқа елдерінде президент пен парламент арасындағы қатынастардың даму серпінін зерттеу, сондай-ақ өзіміздің саяси-құқықтық мәдениетіміздің деңгейіне объективті баға беру қазіргі күрделі жағдайда Президентті орнынан алу және парламентті тарату тетіктерін тағайындау оларды елеулі тұрақсыздандырушы факторға айналдыратын айқын қатері бар екенін көрсетіп отыр. Біздің бүгінгі басты міндетіміз – өкімет институттарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, тіпті конституциялық дағдарыс көлеңкесінің өзінің пайда болуына мүмкіндік бермеу.

Қазір өкімет аласапыранына жол беру – демек мемлекетті кең көлемді бейберекеттіктің құрдымына тарту деген сөз. Біз Жоғарғы Кеңес конституциялық өкілеттілігінің бүкіл мерзімін сөзсіз өтеуі тиіс дегенді негізге аламыз.

Бізге барлық депутаттық корпусты сақтау қажет. Қазір депутаттық өкілеттіліктерін әкімшілік басшыларының тапсыруы туралы мәселені шешетін кез емес. Жаңа өкімет құрылымдарын құруға бір жарым-екі жыл қалғанда сайлау науқанына берілудің, қоғамның саяси қуатын шығындаудың орны жоқ. Егер ол қажет болса, іс пен тұрақтылық үшін қазіргі бар заңдарға тиісті түзетулер енгізуге болады. Қазіргі Жоғарғы Кеңес нарыққа өтпелі кезеңнің заңдық базасын құруды бастады және мақсатты түрде жалғастыруда. Басталған істі аяғына дейін жеткізу керек.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде саяси-құқықтық тұрақтылықтың өзіндік бір үлгісі бола алды және болуға тиіс.

Халық депутаттары жобада көрініс таппаған, бірақ Конституция мәтінін дайындау үстінде белсенді түрде талқыланған басқа да бірқатар конституциялық ережелерге қатысты көзқарастарын айтады деп ойлаймын.

Құрметті депутаттар! Біздің барлығымыз жарты жыл бұрын бастаған істі – жаңа Конституцияны қабылдауды табыспен аяқтаудың қажеттігіне осы залда отырғандардың ешқайсысының да күмән келтірмейтініне мен шын жүректен сенемін. Ол бізге ауадай қажет деп айтсам, мен қателеспес едім және оған себеп те жеткілікті.

Біріншіден, мұның алдындағы Конституция КСР Одағының құрамындағы республиканың Конституциясы болатын. Жаңа тәуелсіз мемлекет өзін-өзі танытуға, соның ішінде бұрынғы құқықтық жүйені өзгерту жолымен де нығайтуға тырысады. Және бұл бірінші кезекте нығайып келе жатқан мемлекеттің барлық заңдары базасының өзегі Конституцияға қатысты.

Екіншіден, қоғамда болып жатқан өзгерістер серпіні бұрынғы Конституцияның аясына сыймайды. Оның тұжырымдамасы мен құрылымы уақыт талабынан кейін қалғандығы сонша, бұл қайшылықтарды ешқандай да түзетулермен жоюға болмайды.

Үшіншіден, билік өкілеттіліктерін іс жүзінде бөлу негізінде мемлекеттік өкімет жүйесінде тепе-теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоғары заң шығару актісі қажет. Бұл ретте өзара тежеу мен қарсы салмақтар жүйесі қаланады.

Атап айтқанда, Конституция сияқты деңгейдегі құжатта көп ұлтты мемлекет ретінде Қазақстанның ерекшелігін толық көрсетуге болады, оның жағдайында сондай-ақ қазақ ұлтын қайта түлетудің барлық алғышарттары жасалады. Сонымен бірге ұлттық және азаматтық тең құқылыққа өкілдері Қазақстанда тұрып жатқан ұлттар тілдерінің және өзіндік мәдениетінің дамуы кепілдік беріледі.

Еркін кәсіпкерлікке, нарыққа қарай ілгерілеудің құқықтық кепілдігі де күшейтілуін талап етеді. Жаңа Конституция, нақ осыған бағытталған. Дегенмен мұнда да тепе-теңдік қажет, өйткені халықтың кедейленген жіктері үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктерсіз экономика негіздерін арнайы құқықтық реттеу болмайынша біздің жағдайымызда нарыққа көшу жүзеге аспайды.

Сыртқы саяси сипаттың да маңызы бар. Қазақстан Республикасы егер өзінің Конституциясы бүкіл әлемге біздің жаңа мемлекетіміз, біздің еліміз әлемдік өркениеттің құрамдас бір бөлігі екендігін, Қазақстан халықаралық қоғамдастыққа өзінің негізі жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылатын тату көршілік және шынайы ынтымақтастық ниетпен кіретіндігін танытқан кезде ғана дүниежүзілік қоғамдастықтың лайықты және тең құқықты мүшесі бола алады.

Сөзімді аяқтай келе, біздің алдымызда тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасының тұңғыш Негізгі Заңын қабылдау міндеті тұрғанын тағы атап өткім келеді. Бұл іс біздің қаншалықты салмақтылықпен, ақылмен және жауапкершілікпен келуімізге көп нәрсе байланысты болмақ. Бүгін бірнеше ғасырға есептелген Конституцияны жасауға ұмтылмаған жөн. Міндет онда емес. Жаңа Конституция қиын және қысылтаяң өтпелі кезеңдегі жағдайда біздің алға жылжуымыздың берік негізі, шынайы егеменді, тұрақты және берекелі Қазақстанды дәйекті түрде жасау жолында сенімді бағдар болуға тиіс.

Құрметті халық депутаттары, бұл жобаны талқылағанда және дауыс бергенде нақ осы тұрғыдан келулеріңізді тағы да сұраймын. Сіздердің риясыз ниеттеріңізге, әділдіктеріңізге және даналықтарыңызға сенемін.

**ДОКЛАД
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА СЕССИИ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА О ПРОЕКТЕ КОНСТИТУЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ИТОГАХ ЕГО ВСЕНАРОДНОГО
ОБСУЖДЕНИЯ***

Алма-Ата, 9 декабря 1992 года

Уважаемые народные депутаты!

Открывшаяся очередная сессия Верховного Совета, скажу без преувеличения, носит исторический характер. На ее рассмотрение вносится проект по сути первой Конституции Республики Казахстан – Основного закона, по которому все мы – от простого труженика и до людей, облеченных верховной властью, – будем жить и работать, строить свое независимое суверенное демократическое государство. И от того, насколько наша Конституция отразит день сегодняшний, в какой степени ее положения и принципы учтут требования дня завтрашнего, будут зависеть успех начатых нами преобразований, вся внешняя и внутренняя политика, благосостояние и стабильность всего казахстанского общества в близкой и отдаленной перспективе.

Каждый из нас должен четко себе представлять, что этот основополагающий документ рождается не в театральном-благопристойной обстановке "развитого социализма" образца 1977 года, когда по шаблону принимались последние конституции союзных республик. Сегодня мы живем, и это твердо надо осознавать, в условиях совершенно новой исторической и геополитической реальности. Нет бывшего единого Союза, и нам приходится строить новое государство на оставшихся от него в наследство руинах.

Не является большим секретом и то, что перспективы СНГ в том виде, в каком оно находится сейчас, большого оптимизма не вызывают. Центробежные тенденции возрастают по всем направлениям межгосударственного, межэтнического, социально-экономического и других форм взаимодействия народов, проживающих на территории бывшего Союза. Серьезную озабоченность вызывает нынешняя ситуация в России, где на фоне борьбы за власть идут дестабилизационные процессы, раздаются призывы в буквальном смысле к разделению единого российского государства. Нас не может не волновать положение дел в Таджикистане, Азербайджане, Армении, Гру-

*Газета "Казахстанская правда", 10 декабря 1992 года.

зии и других государствах. События, происходящие там, конечно же, влияют на политическую ситуацию в целом и в частности в Казахстане.

Поэтому, строго придерживаясь принципа невмешательства во внутренние дела других стран, мы внимательно анализируем происходящее, стремимся дипломатическими путями, опираясь на нормы международного права и существующие договоренности, всемерно содействовать урегулированию конфликтов и разногласий, развиваем миротворческие и консолидирующие действия, включая экономическую и гуманитарную помощь. Это — в интересах нашей же национальной безопасности.

Вы знаете, я не сторонник бытующего в руководстве некоторых государств настроения, в соответствии с которым СНГ рассматривается лишь как механизм цивилизованного развода. И поэтому, при вашей неизменной поддержке, веду интеграционную политику по всем направлениям межгосударственного сотрудничества. Достаточно вспомнить, что от нас исходили инициативы по созданию советов глав государств и правительств, межпарламентской ассамблеи, совета министров, координационно-консультативного экономического совета, банковского союза и межгосударственного банка, хозяйственного суда СНГ. На очередную минскую встречу мы готовим предложение о создании межгосударственного суда, который в корректной, правовой форме рассматривал бы возникающие межгосударственные и межнациональные спорные вопросы. Выдвигали мы инициативы и в сфере общих оборонных интересов Содружества. Все это особенно важно сейчас, когда повсеместно идет перегруппировка сил в регионально-экономических сообществах и военно-политических союзах — в Северной Америке, Западной Европе, Юго-Восточной Азии.

Все это напрямую связано и с рассматриваемым сегодня вопросом: государственную политику можно проводить более успешно и уверенно, лишь имея прочный конституционный фундамент, точные законодательные гарантии и полномочия.

Еще в большей степени максимально выверенная с избранным курсом Конституция нужна в настоящее время нам самим для решения своих внутренних проблем. А их накопилось немало. К сожалению, пока мы еще не обуздали стихию в развитии экономических процессов. Социально-политическая ситуация недостаточно стабильна, не удалось остановить экономический спад: по-прежнему ухудшается динамика основных макроэкономических показателей, снижается промышленное производство, падает жизненный уровень, в критическом положении остается платежный баланс. Угрожающие темпы инфляции и роста цен, навязанные нам извне, нехватка многих товаров, денежных и валютных средств, просчеты в осуществлении реформ — все это, помноженное на неизбежные в подобных ситуациях рецидивы

социальных болезней, таких как преступность, падение нравственности, иждивенчество, не самым лучшим образом сказывается на общественном самочувствии. Пусть будет и несколько резко, но хочу сказать: гроша ломаного не будет стоить любая власть, законодательная, исполнительная или судебная, если мы не сумеем остановить эти негативные процессы и не войдем в позитивное русло.

Но в то же время для объективной оценки положения обязан отметить, что на избранном пути нам немало удалось сделать. Вопреки прогнозам скептиков и недоброжелателей, а таких тоже хватает как в республике, так и за ее пределами, реформы осуществлялись у нас более целенаправленно и результативно, нежели в целом по рублевой зоне СНГ. Заметнее стали появляющиеся ростки рыночных регуляторов.

Взять ту же приватизацию. На сегодняшний день в республике преобразовано более четырех с половиной тысяч различных объектов республиканской и коммунальной собственности. Их оценочная стоимость — свыше 21 миллиарда рублей. Развернуто акционирование средних и крупных предприятий в промышленности. В аграрном секторе приватизировано 447 совхозов, почти 9 тысяч крестьянских хозяйств стали обладателями трех с половиной миллионов гектаров земли, 294 тысячи казахстанских семей получили дачные участки общей площадью 29 тысяч гектаров, а свыше одного миллиона городских и сельских тружеников имеют земельные наделы под огороды. В личных хозяйствах сосредоточена половина общей численности коров, пятая часть овец, треть всего поголовья лошадей и четвертая часть свиней. Именно в них складывается устойчивая тенденция повышения продуктивности всего животноводства. Нам удалось не только предотвратить падение, но в ряде случаев и увеличить производство дефицитных продуктов питания, например, сахара, растительного масла, кондитерских, спиртоводочных, пивобезалкогольных и табачных изделий.

Благодаря самоотверженному труду наших сельских тружеников мы имеем в закромах свыше 33 миллионов тонн зерна. Обеспечены потребности населения в картофеле, овощах, фруктах. Заготовлено необходимое количество кормов. Почти в два раза возросло производство масличных и технических культур.

Привлечение и относительно сбалансированное перераспределение бюджетных средств позволили осуществить ряд значительных мер по социальной защите населения. Так, в связи с либерализацией и ростом цен были пересмотрены в сторону увеличения минимальная заработная плата и пенсии, установлен порядок их перерасчета в зависимости от изменения прожиточного минимума. В целях повышения заинтересованности трудящихся в результатах своего труда сняты все ограничения на заработную

плату. Демократизировано руководство государственными предприятиями, которым предоставлена широкая самостоятельность в экономической деятельности.

Прошедший период был знаменателен для нас и в плане строительства международных отношений. Состоялись визиты на высшем уровне в Китай, США, ФРГ, Францию, Великобританию, Иран, Турцию, Монголию, Пакистан, Индию. Они закрепили правительственные, парламентские, политические связи, помогли заложить фундамент взаимовыгодного сотрудничества. Подписаны крупномасштабные договоры и соглашения, предусматривающие предоставление республике кредитов, взаимное поощрение и защиту инвестиций, подготовку кадров для нас, всестороннюю совместную деятельность.

Казахстан вступил в Организацию Объединенных Наций, Международный банк реконструкции и развития, Международный валютный фонд, Европейский банк реконструкции и развития, участвует в работе Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе, установил деловые контакты с другими международными организациями.

Я намеренно решил в сконцентрированной форме сказать обо всем этом. Хочу особо подчеркнуть: мы будем виновны перед историей, перед грядущими поколениями, своим народом, облекшим нас властью, наконец, перед судом своей совести, если сегодня не воспользуемся сложившимися благоприятными обстоятельствами — сохраненной стабильностью в республике, нерастраченным кредитом доверия людей, приобретаемым уважением мирового сообщества. Наш долг — реализовать предоставленный нам исторический шанс, использовать его в полной мере для ускорения прогресса на благо родной республики.

Поэтому каждый из нас должен четко осознать степень ответственности, которую мы на себя принимаем. Искренне надеюсь, что обсуждение проекта нашего Основного закона на сессии будет носить конструктивный характер, отражать интересы, прежде всего, избравшего нас народа и государства, а не преследовать сиюминутные политические или иные интересы. Я рассчитываю именно на такой подход и призываю вас к солидарности, мудрости и взвешенности. Пусть эта сессия станет началом добрых традиций. Это сейчас, как никогда, важно не только для Казахстана и его будущего, но, думаю, для всего Содружества Независимых Государств мира.

Уважаемые народные депутаты!

Прошло почти полгода с того момента, когда Верховный Совет принял в первом чтении проект Конституции Республики Казахстан и рекомендо-

вал вынести его на всенародное обсуждение. За это время прошли сессии всех областных и большинства нижестоящих местных Советов, рассмотревшие проект. Он был обсужден на собраниях трудовых коллективов и граждан по месту жительства. В прессе республики было опубликовано свыше 500 различных статей, эта тема обсуждалась в программах телевидения и радио. Свое мнение высказали представители политических партий и общественных движений. Я с удовлетворением отмечаю высокую активность населения. В обсуждении проекта новой Конституции приняли участие свыше 3 миллионов человек, которые внесли более 18 тысяч предложений и замечаний.

Параллельно велась и кропотливая экспертная работа над проектом. Были проведены консультации с разработчиками проектов основных законов России, Беларуси, Кыргызстана, Украины. Конституционной комиссией получены заключения Международной ассоциации по правам человека, Американской ассоциации адвокатов, включающей специалистов из исследовательского центра библиотеки конгресса США, известных судей, профессоров университетов. Приняты во внимание замечания, высказанные членами группы по правам человека Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе (СБСЕ), высококвалифицированными специалистами права из Франции, Дании, США и некоторых других стран.

Проект Конституции обсужден на республиканском совещании глав администраций и председателей местных Советов. Мною проведена серия консультаций с членами Консультативного совета, учеными-обществоведами и юристами, между заседаниями комиссии постоянно действовали рабочие группы.

Конституционная комиссия доработала проект с учетом всех поступивших предложений и замечаний, которые были высказаны как народными депутатами при первом чтении, так и в ходе всенародного обсуждения, и представляет его на рассмотрение Верховного Совета.

Должен сразу вас поставить в известность: изменения и дополнения в опубликованный текст вносились комиссией во многих случаях после острейших дискуссий, в ходе которых выражались самые различные точки зрения, порой — взаимоисключающие. И решения принимались далеко не единогласно, нередко при незначительном большинстве. Это говорит о том, что проект в какой-то мере является компромиссом, а также — о недостаточной проработке некоторых положений и статей, создающей предпосылки для дальнейшего обсуждения их на сессии. Поэтому, представляя его вам, намерен в первую очередь охарактеризовать новые моменты, но в то же время, как Президент республики и как председатель Конституционной комиссии, воспользуюсь правом выразить свое мнение по наиболее важным и дискуссионным проблемам.

Проект Конституции изменился, прежде всего, по своей структуре. Исключена глава "государственная служба", при этом принципиальные положения о госслужбе изложены в одной статье главы "Общие положения" третьего раздела. Признано, что опыт законодательного регулирования в этой области отсутствует, и наличие подобной главы в Конституции может поставить в чрезмерно жесткие рамки законодателя при разработке и принятии специального закона. Кроме того, конституционная регламентация государственной службы нехарактерна для мировой практики.

Проект Конституции дополнен переходными положениями, являющимися составной ее частью. Они предлагаются вместо прежнего Закона о порядке введения в действие Конституции.

По принципиальным соображениям не приняты предложения о федеративном устройстве республики; об исключении из проекта нормы о возможности применения смертной казни; о закреплении за общественными объединениями права законодательной инициативы; о возложении на общественные объединения функций государственных органов; об учреждении двухпалатного Парламента; о закреплении за Президентом обязанностей только Главы государства.

Теперь о постратейных изменениях в содержании проекта Конституции. Преамбула — один из тех разделов, который не подвергся существенным коррективам. В ходе всенародного обсуждения предлагались различные ее варианты, смысл которых сводился к двум положениям — акцентировать внимание на казахской нации как государствообразующей и, наоборот, не делать этого. Мы не признали удовлетворительным ни тот, ни другой вариант.

Значительная часть предложений и замечаний по основам конституционного строя касалась статуса языков. Конституционная комиссия по этому дискуссионному вопросу сочла возможным применительно к статусу языков в республике использовать в основном нормы Закона о языках, но переосмыслив их с учетом реалий сегодняшнего дня. Дело в том, что термин "язык межнационального общения", употребленный в данном законе, как это уже неоднократно отмечалось, не несет в себе конкретной юридической нагрузки. Функцию языка межнационального общения может выполнять любой язык по взаимному согласию и выбору граждан. Пытаясь найти решение этой волнующей всех проблемы, мы руководствовались одним — конституционная норма о статусе языков должна стать объединительным началом для представителей всех национальностей, проживающих в республике.

На наш взгляд, новая редакция пункта 8 основ обеспечивает свободное функционирование русского языка наравне с государственным языком и гарантирует каждому гражданину право пользоваться родным языком.

Мы хорошо знаем, что проблема языка волнует определенную часть людей. Здесь опять не обходится без политиканства, желания некоторых обратить на себя внимание как на радетелей интересов тех или других наций. Тем более нам необходимы особая осторожность, выдержанность и мудрость при обсуждении этого вопроса.

Думаю, совершенно некорректно ставить вопрос об отмене уже принятого Закона о языках, где казахскому языку придан статус государственного. Пересмотр уже действующего закона поставит казахскую нацию в неравное положение не только внутри своего государства, но и по сравнению со всеми другими суверенными государствами бывшего Союза.

С другой стороны, надо всегда помнить, что если произойдет конфронтация между двумя главными этносами, живущими в Казахстане, проигрывают все. Поэтому в Конституции надо дать четкие гарантии неущемления прав русскоязычной части наших граждан. Уверен, мы найдем такое решение.

В пункт 6 основ введены положения, определяющие основания, которыми руководствуются три ветви власти в процессе своей деятельности, и указывающие на то, что наша модель разделения властей предусматривает использование системы сдержек и противовесов. Эти принципы получают развитие в разделе о государстве.

Раздел о правах и свободах граждан занимает в проекте Конституции центральное место. Однако должен сразу оговориться: по моему мнению, часть статей раздела, а их порядка 30, не учитывает реальной обстановки в республике, трудностей, которые существуют сейчас и будут существовать в перспективе, не взаимоувязаны они и с обязанностями граждан. Калькируя же эти положения из конституций государств, живущих в условиях демократии сотни лет, мы скатились бы к пустой декларации, провозглашая права, которые заведомо не сможем обеспечить в условиях рыночной экономики.

Следует, на мой взгляд, подумать о том, чтобы не просто отредактировать некоторые статьи, а тщательно продумать, какие из них мы сможем наделить системой надежных гарантий, обеспечивающих их реализацию.

Так распорядилась история, что древняя земля казахов издавна принимала по разным причинам – историческим, политическим, социальным – представителей многих народов, оказавшихся здесь. Еще со времен Ивана Грозного и Петра Первого в наших краях стали появляться беглые люди. Позже здесь начали оседать крестьяне из всех концов России – жертвы земельных переделов, казаки, призванные на защиту границ империи. В прошлом веке произошло крупное переселение уйгуров и дунган. Значительная волна русских, украинских, белорусских, польских переселенцев была вызвана столыпинскими реформами. Степь всегда была местом политических ссылок, трагический накал которых в период сталинской депортации народов достиг небывалого уровня. Не по своей воле, и тем более без учета мнения казахского народа, в республику были переселены корейцы, немцы Поволжья, чеченцы, ингуши, турки-месхетинцы, представители других национальностей. И, наконец, огромные миграционные потоки устремились в Казахстан в период "великих ударных строек" и освоения целинных земель. Естественная миграция населения происходит и сегодня.

Вряд ли какая-нибудь из бывших союзных республик испытала на себе столь мощные переселенческие процессы. Это, разумеется, было вызвано как историческими событиями, так и геополитическим положением Казахстана. Но далеко не последнюю, а может быть, и первую роль в том, что наша земля не отторгла, а стала родным домом для тысяч и тысяч людей, сыграли казахская нация, ее открытость, вековые традиции гостеприимства и добрососедства. В совместном труде, преодолении невзгод и лишений, которых с лихвой выпало на долю старших поколений, в житейских буднях и праздниках сложилась уникальная многонациональная общность народов республики, создавших ее современный облик.

Я вовсе не склонен идеализировать прошлое и настоящее наших межнациональных отношений. Были в их развитии и свои внутренние психологические сложности и извращения национальной политики. Все это не могло пройти бесследно. И не вина, а беда приезжавших в республику, что они были "винтиками" тоталитарной системы, которая не церемонилась с местными обычаями, традициями, духовной жизнью.

Настоящей трагедией это обернулось для казахского народа, его культуры, языка. Подобное, кстати, происходило и в других республиках, и в этом, видимо, одна из причин распада Советского Союза. Система рухнула не только в силу политической и экономической несостоятельности, но и потому, что народы поверили в свои силы, ощутили потребность в возрождении национальных, культурных и духовных ценностей, своих родных языков.

Было бы большой ошибкой видеть в таком стремлении национальное наступление на права других. Это – возврат к нормальному человеческому состоянию. И я искренне верю, что народы республики с пониманием отнесутся к переменам, происходящим в сознании казахского народа, и окажут ему духовную и интеллектуальную поддержку. С другой стороны, надо учесть, что в новых условиях непростые процессы становления переживают и иные народы республики. Это требует такого же понимания и отношения со стороны казахской нации. Нельзя заставить уважать себя, свое национальное достоинство, отказывая в этом другим.

Всем нам необходимо понять простую вещь: нет больше ни старших братьев, ни младших! Агрессивными высказываниями и ультимативными требованиями, которые можно сегодня прочесть в печати, услышать на митингах, даже самое правое дело не осуществить, и тем более не добиться понимания у оппонента. Если же мы, с одной стороны, будем проявлять подозрительность: мол, нас выживают, а с другой, предъявлять претензии, выставлять счета, уже не подлежащие оплате, видеть в прожитой совместно жизни только негативное, то неминуемо зайдем в тупик. Время болезненной реакции на минувшие невзгоды миновало. Пришла пора созидания, строительства нашего государства.

Все мы – не просто жители, мы – граждане Республики Казахстан! И должны проникнуться чувством гордости за свое государство, избравшее путь к жизни, достойной человека, взявшее ответственность перед потомками, должны ощущать чувство семьи единой, уважать как святыни флаг, герб, гимн республики, которые уже знает мир. Именно казахстанский государственный патриотизм может стать главной опорой возрождения республики, всех наций и народностей, населяющих ее.

Народ Казахстана может быть уверен в том, что руководство республики будет твердо и до конца проводить политику национального согласия, прочно стоять на законной основе, не позволит разжечь вражду, под какими бы предложениями она ни возникала.

Недавно я совершил ряд поездок по республике, побывал в трудовых коллективах, у меня были встречи с молодежью, военными, творческой и научной интеллигенцией. В выступлениях по телевидению я отвечал на вопросы людей, представляющих самые разные слои населения. Эти встре-

чи дают мне основание сделать вывод о том, что людей действительно беспокоят те проблемы, о которых я сейчас говорил. Температура общественной жизни всегда чутко реагирует на состояние межнациональных отношений. Но если суммировать мнение абсолютного большинства населения, то оно заключается в одном: нам делить нечего, и единственно возможный путь – это не допустить разжигания страстей, сделать все, чтобы сохранить мир и согласие.

Встречи и беседы с казахстанцами порадовали. Обращает на себя внимание то, что людей еще в большей степени, чем житейские невзгоды, волнуют сегодня проблемы ускорения реформ, становления подлинно рыночных отношений, укрепления власти. Это еще одно свидетельство тому, что происходит перелом в настроениях, растет понимание сути происходящего и желание активно включиться в реальные дела.

В этой связи у меня вызывает искреннее удовлетворение, сказал далее Нурсултан Назарбаев, что в республике растут и крепнут силы сторонников преобразований, твердо стоящих на позициях консолидации общества.

В вас, участниках форума, я вижу именно таких равнодушных людей. Сама идея проведения этого мероприятия представляется очень плодотворной и многообещающей. Дело в том, что Казахстан сегодня обладает довольно редким для стран СНГ преимуществом – относительно высоким уровнем политической стабильности. Однако успокаиваться мы не вправе: если будем сидеть сложа руки, то можем это преимущество растерять. Сейчас вы побывали во многих областях, обменялись делегациями, увидели, как живут, о чем думают, о чем тревожатся и во что верят люди. И это, надеюсь, принесет всему обществу большую пользу. Но слышим ли мы повседневно голос человека, голос каждого народа и каждой национальности? К сожалению, не всегда. Поэтому такой форум может действовать как бы на постоянной основе. Он способен многое сделать для сохранения и упрочения мира и согласия между нациями и народностями нашего Отечества.

Как, на мой взгляд, продолжить бы работу нашего форума? Думаю, в результате сегодняшнего обсуждения мы могли бы создать новый общественный институт – Ассамблею согласия и единения народов Казахстана. Это была бы неполитическая, неправительственная организация, решающая задачу всенародного укрепления межнационального согласия в Казахстане.

Вполне понимаю и разделяю чувства, испытываемые сегодня людьми. Дело в том, что народ давно устал от политической говорильни и трескотни, от выяснения отношений между политиками, от нашего невнимания к таким простым и понятным истинам, которые выражаются словами "семья", "родители", "хлеб", "земля". Каждый переживает сейчас процесс привыкания и осмысления своего нового состояния, своего места в многонацио-

нальном государстве. Каждый задумывается о своем будущем, о судьбе своих детей, имеет свой взгляд на развитие событий. И предлагаемая ассамблея стала бы именно таким внеполитическим органом, который отражал бы весь спектр чаяний, идеалов и интересов всех народов Казахстана.

Высота моральных принципов участников этой ассамблеи может быть обеспечена путем выдвижения в ее состав из областей, городов, районов, сел и аулов наиболее уважаемых и принципиальных представителей. Это – умудренные жизненным опытом люди, представители всех профессий, наций, конфессий из всех регионов нашей республики. Таких людей у нас много, в том числе и в этом зале.

Об организационном оформлении ассамблеи говорить еще, может быть, рановато. Но некоторые контуры ее деятельности обозначить допустимо. Она могла бы иметь в своем составе комиссии по самым живо трепещущим проблемам общественного развития. И в первую очередь, конечно, — по межнациональному согласию, профессиональным интересам, межконфессиональному и духовному взаимодействию, укреплению семьи и защиты интересов детей. Могут быть и другие комиссии, отвечающие насущным потребностям людей. Самое главное в том, чтобы они держали в фокусе общественного внимания все основные вопросы межнационального согласия, опирались на традиционные ценности, нормы и идеалы всех народов нашей республики.

Внося это предложение, я надеюсь, что оно найдет понимание и поддержку и без долгих проволочек будет реализовано на практике. И убежден в том, что народ Казахстана сумеет сообща преодолеть непростой и ответственный этап развития государства. Наше единство – основное условие успеха в этой работе.

Я от всей души поздравляю участников форума с праздником – Днем республики, первым праздником государственного уровня, и желаю, чтобы его проведение всегда способствовало укреплению дружбы народов Казахстана.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА ЖАСАҒАН
БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 15 желтоқсан 1992 жыл

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗ ЖОЛЫ, ӨЗ БОЛАШАҒЫ БАР

Қымбатты отандастар!

Бүгін біз екі жылдан астам уақыт бұрын өзінің егемендігі туралы мәлімдеген біздің мемлекетіміз – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жылдығын атап өтеміз. Артқа көз тастап, өткен уақытты ойша жаңғыртқанымда мен күрделі сезім құшағында қаламын. Ол көптеген оқиғаларға толы болды. Ол өзіміздің есімізде, біздің балаларымыз мен немерелеріміздің жадында сақталып қалары сөзсіз. Бұл біздің мемлекеттігіміздің негізі, ең маңызды іргетасы қаланған, жаңарған Қазақстанның Елтаңбасы, Туы мен Гимні дүниеге келген, планетамыздың көптеген елдері біздің тәуелсіздігімізді танып, бізді өзінің дүниежүзілік отбасына қабылдаған күндер болатын. Бұл кез келген халық үшін бақытты, бұрын-соңды болмаған қуанышты оқиға. Біз өз тарихымызды, мәдениетімізді шынайы қайта түлетуге кірістік. Өзіміздің ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе бастап, өзіміз бұрын өмір сүріп келгендегіден мүлдем жаңа, біз үшін ашық қоғамның тұңғыш заңды негіздерін құрдық.

Осындай қуатты әлеуметтік, саяси, экономикалық жаңғыру бір мезгілде қандай тарихи кезеңде болып көрген! Халықтың ғасырлар бойғы жадында мұндай ештеңе болған жоқ қой деп ойлаймын. Осы қысқа уақыт аралығында біздің үлесімізге тиген шұғыл бетбұрыспен байланысты маңызды оқиғалар тығыз араласып кетті. Бірақ мен, барлық қиыншылықтарды жеңе отырып, біз беймәлім, күрделі жолдардың алғашқы ізашарлары болғанымыз үшін де тағдырға ризалығымызды білдіретінімізге сенемін.

Осы уақыт ішінде біз дүниежүзілік экономикалық жүйеге интеграциялану процесі қаншалықты қиын екенін ұғындық. Онда Қазақстан өзіне лайықты, тең құқылы және құрметті орын алғысы келеді. Біз өзімізге ерікті түрде

* "Егеменді Қазақстан" газеті, 16 желтоқсан 1992 жыл.

жүктеген жауапкершілік жүгінің қаншалықты зор екенін сезіне алдық. Қоғам бұрынғысынша әлеуметтік-экономикалық процестердің стихиялы дамуының қыспағында қалып отыр. Оны нарықтық экономиканы қалыптастырудың қазіргі кезеңінде ауыздықтау да қиын. Қанат жайған инфляция және онымен байланысты бағаның шарықтауы, табысты бірқалыпты бөлмеу және қылмыстың өсуі, ақыр соңында, ірі көлемді реформалар жүргізудегі көңіл құлазытатын, бірақ өкінішке орай, сөзсіз болмай қоймайтын қателіктер – осының барлығы қоғамның көңіл-күйіне мүлдем теріс әсер етіп, бүкіл қазақстандықтарға, жұмысшы немесе село еңбеккері, интеллигенция өкілі, зейнеткер, тіпті бала болсын, барлығына ауыртпалығын түсіріп отыр.

Біз өзімізден қайта жаңғыру жолына түсуге күш-жігер таба білгендіктен де бір орынды шымырлай бермей, қайта таңдап алған бағытта дәйекті түрде батыл қадамдар жасауымыз керек. Мен қанша күш-жігер жұмсасақ та, әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы құру қажеттігі туралы айтып тұрмын.

Өзінің әлеуметтік-саяси, ұлттық, экономикалық және басқа ерекшеліктерінен тұратын Қазақстанның өзгешелігі нарықтық қатынастар құруға деген өз тәсілін іздеуді талап ететіні сөзсіз. Алайда кез келген ұлттық ерекшелік нарықтың басты, түпкілікті мәнін құрайтын оның негізгі принциптерін қалауынша өзгертуге мүлдем жол бермейді.

Әрине, ескі құрылымдар қиратылып жатқан кезде өтпелі кезеңнің шығындары болмай қоймайды. Экономикалық құлдырау көз алдымызда болып жатыр. Бірақ, оның неліктен болғанын қарап көрейік. Біздің экономикамыздың тәуелді сипаты, принципінде, бұрынғы шаруашылық байланыстардың үзілуіне төтеп бере алмады. ТМД елдерінен қажетті көлемдегі жеткізілімдер тоқтатылысымен өндіріс дереу құлдырай бастады.

Басқа себеп мынада, біз біртұтас сомдық аймаққа байлаулымыз және оны барынша сақтауға ұмтылып отырмыз, өйткені, ол негізінен барлығымыз үшін де тиімді. Дегенмен қолма-қол ақшаның жетіспеуі, Қазақстан берген өнімдер үшін 200 миллиард сомнан астам қарыздар болып отырған ТМД елдері тарапынан төлем төленбеуінің өсе түсуі, таяу болашақта бұл проблеманы шешудің нақты болашағының жоқтығы – осының барлығы өз валютамызды енгізуге бізді мәжбүр етуі мүмкін.

Осының барлығы тұтастай алғанда объективті қиындықтарды туғызып отыр. Бірақ жағдайдан шығу халық шаруашылығын басқарудың келмеске кеткен әміршіл тәсілін жандандырып, кейін шегінуде емес, қайта дәйекті әрі бұлжымас реформаторлық іс-қимылда жатыр.

Бүгінде түбегейлі экономикалық реформаның басты мақсаты – мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Және де оны біз ешқандай тежеуге жол бермейміз.

1992 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, республикада төрт жарым мыңнан астам әртүрлі республикалық және коммуналдық меншіктердің объектілері қайта құрылды. Олардың бағаланған құны – 21 миллиард сомнан астам. Өндірістегі орта және ірі кәсіпорындарды акцияландыру процесі жеделдеді. Аграрлық секторда 447 совхоз жекешелендірілді. Жекешелендіру ауқымы ай сайын өрістеуде, демек, біз өте маңызды іске – нарықтық экономиканың пайдасына халықты психологиялық жағына икемдеуге қол жеткіздік, сондықтан да жекешелендіру мәселесі саяси сипат алып, біздің қызметіміздегі маңызды бағытқа айналып келеді.

Үкімет таяудағы үш жылға жекешелендірудің талданған бағдарламасын жасады. Оның мәні Премьер-министр С. А. Терещенконың Жоғарғы Кеңес сессиясында жасаған баяндамасында айтылды. Бұл жұмысқа Бүкіл дүниежүзілік банктің, Қайта құру және дамудың еуропалық банкі мен Халықаралық даму жөніндегі агенттік қатысты. Қазір бағдарлама талқыланып жатыр, соңынан мен оны бекітемін.

Өтіп бара жатқан жылдың есебіне жекешелендірудегі айқын ілгерілеу мен оның тұжырымдамасының дәлденуімен қатар, меншіктің жеке, акционерлік және басқа формаларына рұқсат ету, кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заң актілері, мақсаты кәсіпкерлікке қолдау көрсету болып табылатын құрылымдар құру, ақыр соңында, салық, қаржы-несие және банк жүйелерін реформалау сияқты нарықтық қатынастарды нығайту жөніндегі қадамдарды жатқызуға болады. Осы іс-әрекеттердің бәрі ниет білдірген әрбір адамның қажетті кәсіпкерлік бостандығын қамтамасыз етуге, қабілеті мол, еңбексүйгіш, тапқыр адам өзінің бар мүмкіншілігін толығымен көрсете білуіне бағытталған.

Биылғы ауылшаруашылық жылының қорытындылары бізге мемлекеттік экономикалық құрылыстың сан-салалы міндеттерін шешуде орасан зор деңгей болды. Біздің диқандарымыздың дәнді дақылдардан рекордты өнімге қол жеткізгені мәлім. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген қажеті қамтамасыз етілді. Жем-шөптің жеткілікті қоры дайындалды. Майлы және техникалық дақылдар өндірісі екі есе дерлік өсті.

Егер егін орағына өткен жылдармен салыстырғанда механизаторлардың аз қатысқанын, комбайндар мен автокөлік құралдары санының едәуір қысқарғанын ескерсек, оның үстіне бұған отынмен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етудегі бұрын-соңды кездеспеген қиыншылықтарды қосатын болсақ, біздің село еңбеккерлеріміз іс жүзінде мүмкін емес нәрселерді жасады деп айтуға толық хақымыз бар. Бүгінде еңбектегі ерлік пен қаһармандық туралы марапат сөздер айту қалған тәрізді, бірақ мен республикамыздың егін жайында атқарылған жұмысты нақ осы сөздермен сипаттаған болар едім. Осынау салтанатты күні Қазақстан диқандарына орасан зор рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Егер біз өзіміздің агроөнеркәсіптік кешеннің көптеген мұқтаждарын қаржыландырсақ, өте дұрыс істеген болар едік деп ойлаймын. Өткен кезеңдерде Қазақстанның әрбір миллиард пұт астығына байланысты "бүкілхалықтық сән-салтанат" дейтіннің қандай марапатталып келгені естеріңізде болар. Диқандардың құрметіне сылдыр мадақтау сөздер айтылып, наградалар жаңбырдай жауатын. Бірақ осы насихаттық дабыраның бәрі село еңбеккерлерін аярлықпен тонаудың бүркемесі ғана болатын. Өйткені Қазақстанның совхоздары мен колхоздарынан тіпті тұқымдық қор да бір түйіріне дейін сыпырып әкетілетін.

Бүгінгі таңда біз түскен валютаның және шетелдік несиелердің барынша көп мөлшерін нысаналы түрде ауылшаруашылық өндірісін жаңа технологиялармен жарақтандыруға жұмсау қамында жүрміз.

Қазір бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары технологиялы мәшинелер шығаруды ұйымдастыру үшін ірі шетел инвестицияларын тарту жұмысы жүргізілуде.

Егер біз, тапқан қаржыны республикалық немесе жергілікті деңгейдегі чиновниктер емес, бұлар өздерінің пайдасына қандай дәлелдер келтірсе де, қайта тек өнімді шығарушының өзі иелік ететіндей істемесек, бізді ешқандай күрделі қаржы құтқара алмайтынына сенімдімін.

Осыған байланысты біз село қасында тапшы азық-түлік тағамдарын мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, сыра-алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауының алдын алып қоймай, сондай-ақ бірқатар жағдайда үдете де алдық.

Біздің экономиканы реформалаудағы кейбір өзгерістер мен қазіргі проблемалар туралы айта отырып, тауар өндіру потенциалын өсіру қажеттігі туралы да айту керек. Белсенді, мақсатты құрылымдық саясат жүргізген жөн. Ол, нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге экономиканы қайта жаңғыртуға басқарылатын сипат берер еді. Басқаша айтқанда, әңгіме мемлекеттік реттеу туралы болып отыр. Ол біздің нарыққа қарай қадамымыздың барлық кезеңінде бұдан былай белсенді қолданылатын болады.

Меніңше, көп кешіктірмей тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған қаржы-экономикалық сипаттағы бірқатар маңызды акциялар жүргізу керек. Әңгіме несие саясатындағы өзгерістер, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісін реттеу жүйесін өзгерту, салық саясатын жетілдіру, тікелей шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы жағдай жасау туралы болып отыр.

Экономикада болып жатқан күрделі процестер, өндірістің жеткіліксіз төмен қайтарымы әлеуметтік сала деп дәстүрлі аталатын салалардың күйіне ауыр әсер етуде. Биылғы жылы елеулі қаржы қиындықтарына қарамастан, білім берудің мемлекеттік мекемелері жүйесін сақтап қалдық. Рыноктық экономика мамандарын дайындау жөніндегі факультеттер ашылды, жаңа жо-

ғары оқу орындары, техникумдар, колледждер ұйымдастырылды. Жоғары оқу орындарына, білім берудің мемлекеттік емес мекемелеріне айтарлықтай бостандық беретін "Білім беру туралы" Заң қабылданды. Дәстүрден тыс түрдегі оқу орындары шындыққа айналды. Қазақ мектептері, балалар бақшалары мен мектептен тыс мекемелер жүйесі айтарлықтай кеңіді. Өзбек, тәжік, ұйғыр, неміс мектептері жұмыс істей бастады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шетел мемлекеттерінің 25 білім беру министрліктерімен байланыс орнатылды және 15 ірі келісім жасалды. Бірнеше мың жігіт пен қыз басқа елдердің университеттерінде оқуда, халық шаруашылығының мамандары АҚШ-та, Түркияда, Оңтүстік Кореяда, Францияда, ФРГ-де тәжірибеден өтуде. Қазақ-Түрік және Қазақ-Египет университеттерін құру туралы келісімге қол жетті. Павлодар технологиялық университетінің негізінде Қазақ-Неміс академиясы құрылды.

Дегенмен бұл саладағы жағдай бұрынғысынша күрделі қалпында қалып отыр. Өз еңбектерінің ұйымдастырылуына материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігіне қанағаттанбаған білім беру және ғылым қызметкерлері өз жұмыс орындарын тастап кетуде. Кез келген қоғам үшін бұл күйреу қаупін туғызады. Бұл процесті тоқтату үшін, біз білім берудің жалпы мемлекеттік жүйесін құрудың негізгі принциптерін жедел анықтауымыз қажет.

Олар базалық деңгейде тегін білім беруге кепілдікті, білім берудің мемлекеттік емес мекемелерін дамытуды, білім беруді қаржыландырудың жаңа үлгілеріне көшуді, оқытушылар мен үлгеруші студенттерді әлеуметтік қорғау мен ынталандыруды қамтуы тиіс.

Рынокқа көшу жағдайында айрықша назар объектісі денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғау саласы болып табылады. Іс жүзінде бір жыл ішінде денсаулық сақтау реформасының жаңа заңдылық негізі құрылды. Медициналық құралдар, аспаптар мен жабдықтар шығарудың республикалық бағдарламасы бекітілді және Қазақстанның өндірістік, соның ішінде қорғаныс кешенінің кәсіпорындарында медициналық техникаларды шығару басталды.

Балалы отбасыларын қолдау мақсатында бірқатар заңдар мен нормативтік актілер қабылданды. Үстіміздегі жылғы қазанның 1-інен бастап 3 жасқа дейінгі балалар үшін жылына – 7400 сом, 3-тен 18 жасқа дейін – 5500 сом бір мезгілдік жәрдем белгіленді. Көп балалы аналарды әлеуметтік қорғау туралы Президент жарлығы қабылданды.

Республикада, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, қарт адамдар саны көбеюде. Бүгінде үш миллиондай зейнеткерлер мемлекеттік көмек алады. Қазір зейнетақының орташа мөлшері 2100 сом болды. Биылғы жылы зейнетақы мен көмектер бойынша барлық төлемдер 76 миллиард сомға жетті.

1992-1995 жылдарда мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру басталды. Онда олар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық жағдайды жасауға айрықша назар аударылып отыр.

Сонымен бірге медициналық қызмет көрсету жүйесі мен әлеуметтік қорғау механизмдерін түбегейлі өзгерту қажет. Бұл саладағы реформаның басты бағыттары мына төмендегі арнаға келіп саяды.

Біріншіден, халық кепілдікті ең төменгі медициналық көмек алатын бюджеттік-сақтандыру медицинасына көшу, ал оның шеңберінен шығатын қызметтер үшін ақыны азаматтар өздерінің медициналық сақтандыру есебінен төлейтін болады. Бұл дүние жүзінде жалпы қабылданған жүйе және оның неғұрлым тиімді екені сөзсіз.

Екіншіден, адамның еңбекпен қосқан үлесіне баға беруде және, соның салдары ретінде, оны зейнетақымен қамсыздандыруда теңгермешілік принципін жоюға ұмтылады.

Үшіншіден, болашақ зейнеткерлердің ерікті сақтандыруға негізделген жаңа зейнетақы жүйесін құруға ұмтылады. Жаңа экономикалық бағдарламада ауқатсыз азаматтарға адресі қолдау көрсету көзделуде.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірдегі күрделі процестер туғызған проблемалар мен қиыншылықтар біздің әлі де болса жетіліп болмаған қоғамымызда көптеген өңездің бетін ашты. Оған ең алдымен қылмыстың көбеюі жатады. Талай ондаған жылдардан бері алғаш рет республикада тіркелген қылмыстар саны биыл 150 мыңнан асып түсті. Ұрлық, тонау, қарақшылық саны өсуде. Қылмыстың ұйымдасқан түрлері, әсіресе, экономика және қаржы-несие жүйесі саласында ерекше белең алуда. Министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың жекелеген басшылары, жергілікті әкімдер осы бір маңызды істен бойларын аулақ салып, мұнымен тек ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары айналысуға тиіс деп есептеуде.

Нақ осыған байланысты мен осыдан он күн бұрын лауазымды адамдардың республикадағы тәртіп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арналған арнайы қаулы қабылдадым. Құқық қорғау органдары, қаржы бақылау органдары жергілікті жерлердегі атқарушылық тәртіпті мұқият тексеруде, заңдардың, басқа да нормативті актілердің бұзылуына ықпал ететін себептер анықталуда. Мемлекет қаржысы мен ресурстарын талан-таражға салушы, өзінің қара басының мүддесі үшін қызмет бабын теріс пайдаланушы басшыларға ең қатаң шаралар қолданылатын болады.

Біз көшелерде және қоғамдық орындарда, ақыр соңында, тәртіп орнату үшін ең батыл іс-қимылдар қолданамыз. Біздің қатаң әдістер қолдануымызға

азаматтар түсіністікпен қарайды деп ойлаймын, өйткені, қылмыстың етек алуы алдында бұдан былай шегінерлік жер жоқ.

Қымбатты достар! Кеше, меніңше, біздің көпұлтты республикамыздың өмірінде үлкен оқиға – Қазақстан халықтарының форумы болды. Бұл шараның маңыздылығы, ең алдымен, оның ұлтаралық келісімді, азаматтық тыныштықты, біздің рухани бірлігімізді сақтап, нығайту жолдары туралы жемісті әңгіменің өрбуінде. Бүгінгі, көңілді кірбің шалған заманда, форум өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды қаймықпай жеңеміз деген оптимизмге бөлеп, сенімділік ұялатқан оқиғаға айналды. Мүдделілікпен пікір алысу, форумға қатысушылармен әңгімелер мемлекеттің ұлттық саясатының бұдан былай да Қазақстанда тамыры ғасырларға тартылған достық пен туысқандық дәстүрлеріне негізделе береді деген сенімімді нығайта түсті. Біздің осынау баға жетпес игілігімізді көптеген ұрпақтар жасаған, сондықтан да оны жоғалтуға біздің құқымыз жоқ.

Бізде еске аларлық және мақтануға тұрарлық нәрселер бар. Біз өткен соғысты, ортақ үлкен жеңісімізді ұмытуға болар ма? Қазақстан жерінде қалалар мен зауыттар тұрғызып, астық өсірген ондаған ұлттар өкілдерінің бірлескен орасан зор еңбегінің нәтижелерін сызып тастауға болар ма? Мен өткен мен бүгіннен, интернационализм ұғымы қастерлі болған, туған республиканың, оның халқының гүлденуі ісі үшін өздерінің бар жан жылуын, бар күш-қайратын берген және беріп келе жатқан өткен кездегі де, қазіргі де көптеген жерлестеріміздің есімдерін атай аламын.

Мен кеше форумда Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын алғашқы үш лауреатқа – академик Мехлис Сүлейменовке, Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегинге және жазушы Герольд Бельгерге зор қанағат сезімімен тапсырдым. Олардың республика алдындағы еңбектегі және шығармашылық зор табысы кең танымал, олар туралы тағы да айтып жатпай-ақ қояйын. Нақ осындай адамдардың арқасында, ал олар республикада басым көпшілік екеніне мен сенімдімін, біз ұлтаралық татулықты сақтап тұрмыз, жерді тіреп тұрған да нақ солар.

Бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып, қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп отырған адамдардың өзара сезімі мен бір-біріне деген ынтымағы ешқашан үзілмейтініне сенімдімін. Мен, сан мыңдаған, ұлты әртүрлі біздің отандастарымыздың отбасында бастары біріккені туралы айтпай-ақ та қояйын. Мұның барлығы – біздің өміріміздің шынайы көрінісі, нақты, өмірлік интернационализм.

Мен форумға Қазақстан халықтарының татулық пен бірлік ассамблеясын құруды ұсынғанда, ең алдымен, осы адамдардың қам-қаракеттері мен арман-мүдделерін ойлаған едім. Біздің Одақ ыдырағаннан кейін туған принципті жаңа жағдайда тұрып жатқанымызды ұмытпау керек. Ірі держава ыдырап, әдетке айналған қатынастар мен байланыстар қираған жағдайда адам

өзін қолайсыз сезінбесе оғаш болар еді. Әркім өз отбасының, балаларының болашағы туралы, қоғамдағы өз орны туралы ойға қалады. Сондықтан, әрине, қай ұлтқа қарайтынына қарамастан әрбір адамның айтары бар. Біз осы дауысты естіп, қандай да болмасын халықты не алаңдататынын білуге тиіспіз. Ассамблея мемлекеттік емес, саяси емес моральдық орын, ұлттар мен ұлыстардың рухани біріктіруші ұмтылысын білдіруші бола алар еді.

Біршама тұрақтылыққа қарамастан бізде ұлт саясаты мәселесінде проблема жоқ, барлығы да жап-жақсы әрі дін-аман деп айтуға әлі ерте. Едәуір дәрежеде бұл өткен он жылдықтарда жол берілген бұрмалауларға, демографиялық процестерге, халықтардың өзара арақатынасы проблемасына салауатты да қырағы көзқарастың болмауымен түсіндіріледі.

Қоныстану мәселесін алайық. Ол жүздеген жыл бұрын басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып жатыр. Қай халықтың және кімнің ырқымен Қазақстанда болып шыққанын бүгінде қайталап жатудың қажеті жоқ. Тек бір ғана кезең – миграция процестерінің ықпалымен қоныстанушылардың өздерінің, сондай-ақ байырғы халықтың да психологиялық және әлеуметтік көңіл-күйінің өзгергеніне тоқталайын. Мұнда миллиондаған адамдар келді: біреулер жақсы тұрмыс іздеп келсе, екінші біреулер айдалып келді, ал тағы біреулері "комсомол жүрегінің қалауымен" келді. Осы аталғандардың бәрі де негізінен Қазақстанда уақытша болуға үміт артты деп айтсам қателеспеспін. Көбі кейін шынында да кері қайтты. Бірақ өмір өз дегенін істеді: жап-жақсы жалақы, аз болса да, бірақ өмір сүріп, жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай, жергілікті тұрғындармен қатынастың жақсылығы арқасында адамдар осы жерде қоныстанып қалды.

Алайда, ашығын айтайық, олардың байырғы халықпен арасындағы қатынасы бізмәнді қалыптасқан жоқ. Қоныстанушылар да, байырғы халық та, әрине өз кінәсінен емес, сол кездегі жүйе белгілеген оқшау ұяларда қала берді. Сондықтан тек ол қирағаннан кейін ғана жағдай түзеле бастады. Алайда, бұл процесс жанға батарлық, таптаурындарды қиратумен байланысты болып шықты. Сондықтан мұны бүгінде барлық халықтар жете ұғынуы тиіс.

Ең алдымен, қазақ халқының жүздеген жылдар ішінде тұңғыш рет мемлекеттілігін орнатуға, толыққанды дамуға, өзінің ізгі дәстүрлерін, мәдениеті мен тілін қайта түлетуге мүмкіндік алғанын түсіну керек. Бұл табиғи ұмтылыс және оны барлық халықтардың оң қабылдайтынына сенімдімін.

Сондай-ақ барлық басқа халықтардың тоталитаризм дәуірінен кейін қайта жаңару, кем-кетіктерден және стереотиптерден құтылатын күрделі кезеңнен өтетіндігін түсінуі тиіс. Рухани келісім, кәдімгі адамдық бірін-бірі түсінушілік – міне, біздің барлығымыздан қазір талап етілетін ең бастысы осы болар.

Мен айтқан мәселелердің біз үшін принципті маңызы бар. Бұлардың барлығы осылайша немесе басқаша түрде және тәуелсіздік жағдайында жасалған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында көрініс

табатын болады, ал оның жобасымен жұмыс қазір аяқталуға жақын. Бұл шын мәнісінде республиканың барлық халқының және оның азаматтарын жекелей алғанда, әрқайсысының мүддесін білдіретін өзекті құжат болмақ. Адам, оның құқығы, бостандығы және заңды мүддесі Негізгі Заңда алдыңғы қатарға шығарылады. Біз бастаған қайта жаңаруда бүкіл Қазақстан қоғамының игілігі мен тұрақтылығын, біздің мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатымызды жүзеге асыруда табысқа жетуді қамтамасыз ету үшін оны солай етіп жасау біздің қолымыздан келетіндігіне мен сенімдімін.

Бүгінде біздің халықаралық аренадағы іс-қимылымызға көп нәрсе қатысты. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастыққа кіру процесін белсенді түрде жалғастыруда. Бұл, сөзсіз, қиын да көпшілігінде біз үшін жаңа іс. Меніңше, түбегейлі ұлттық-мемлекеттік мүддеге сәйкес келетін өзіміздің сыртқы саяси жүйемізді айтарлықтай қысқа мерзім ішінде жасауға қол жеткендігі ең маңыздысы болып табылады. Екінші жағынан, біздің сыртқы саясатымыздың бойында оны әлемдік қоғамдастықтың қолдауын қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық қуат бар. Мұның жарқын дәлелі Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі болып отыр. Біз БҰҰ-ға бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қараймыз және барынша осы бір құрметті де беделді халықаралық ұйымның тиімді қызметін жан-жақты нығайтуға қолдау көрсетеміз.

Қазақстан Қайта құру және даму халықаралық банкіне, Халықаралық валюта қорына кірді, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қатысады, басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнатты.

Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Пәкістанға, Үндістанға мемлекеттік сапарлар жасалды. Олар саяси байланыстарды жоғары деңгейде бекітті, өзара тиімді ынтымақтастыққа негіз қалауға көмектесті.

Біздің мемлекетпен ауқымды екі жақты байланыстарды дамытуға және Қазақстанда сенімді серіктес табуға Батыс Еуропа елдерінің ұмтылып отырғанын атап өткім келеді. Бұған республиканың демократияландыруға, экономиканы нарықтық реформалауға алған бағыты, республикаға Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы буын мүмкіндігін беретін геосаяси жағдайы көмектесті.

Біздің сыртқы саяси проблемаларымыз барған сайын мазмұнды бола түсуде. Біз оларды алдағы уақытта да Қазақстанның ұлттық мүддесіне жауап беретін жағдайда одан әрі жан-жақты дамытуды жақтаймыз.

Ұлы шығыс көршімізбен сауда-экономикалық ынтымақтастықта айтарлықтей прогресті қамтамасыз еткен Қытай Халық Республикасымен белсенді саяси диалог жүргізілуде. Бізді тарихымыз бен мәдениетіміздің ортақ-

тығы байланыстыратын Түркиямен достық пен ынтымақ үнемі бекіп келеді. Араб мемлекеттерімен қатынастар жолға қойылуда.

Біздің сыртқы саяси проблемаларға мемлекеттік көзқарасымыз халықаралық тұрақтылыққа деген терең мүдделілікпен анықталады. Біз барлық елдермен қатынастардың тепе-тең дамуын жақтаймыз және жекелеген этникалық қауымдастықтар мен саяси одақтарға қарай бұра тартпақ емеспіз.

Біздің сыртқы саясатымыз үшін ел қауіпсіздігін қамтамасыз еткеннен және қазақстандықтардың бейбіт өмірін қорғаудан артық маңызды міндет жоқ. Мұндағы ең маңызды мәселе – біздің Ресеймен қатынасымыз. Біз онымен Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы ұзақ мерзімді шарт жасастық. Алайда тиімді ұжымдық қауіпсіздік жүйесінен тыс жағдайда аймақтағы нақты қауіпсіздік туралы айту мүмкін емес шығар. Осыны басшылыққа ала отырып, біз Азиядағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға, Азия қауіпсіздігі механизмдерін құруға бағытталған шараларды қолдаймыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру және оның қызметінің кезең-кезеңді қамтитын перспективасы осы қызметті одан әрі дамытумен қатар баяндалған болатын.

Республиканың аймақтық проблемалар бойынша айқындамасы кез келген даулы мәселе бойынша реттеудің сенімді және барлығына қолайлы формуласы жасалуы тиіс екендігіне сүйенеді. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа аймақтың халықаралық институттардың бітімшілік потенциалын күшейтуді сөзсіз қажет деп есептейміз.

Республика төңірегіндегі әскери-саяси жағдайды бағалап, әскери қауіп көлемі мен сипатын болжай отырып, біз қол жеткізілген Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту туралы келісімді қабыл аламыз, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салуға бағытталған инициативаларды қолдаймыз. Бұл мәселе бойынша біз Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен келісілген бағыт жүргіземіз және әскери құрылысты принципінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүшелермен бірлесіп жүргізу қажет деп есептейміз. Міне, сондықтан біз тиісті Шартқа қол қоюға бардық. Біртұтас қорғаныс кеңістігі арқылы біріккен мемлекеттердің күш-жігерін келісу үшін қадамдар жасаудамыз. Біздің әскери доктрина Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарулы қорғау үшін қажеттігінің барлығымен жарақталған шағын, икемді армияның болуын көздейді.

Біздің сыртқы саясатымыздағы басымдықтардың арасында – ашық теңізге бөгетсіз шығуды қамтамасыз ету, Тынық мұхиттан бастап Қытай, біздің территория, Орта Азия, Иран мен Түркия арқылы трансевразия темір жол транзитін ұйымдастыру бар. Мемлекеттік делегацияның Иранға соңғы сапары Каспий теңізін Қазақстанды Солтүстік Иранмен және Парсы шығанағымен байланыстыратын көлік артериясына айналдыру туралы уағдалас-

тықпен аяқталды. Осы жоспарларды жүзеге асыруда біз халықаралық экономикалық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға үміт артамыз. Сондай-ақ дүние жүзінің көптеген мемлекеттерімен әуе қатынасы да дамиды.

Біздің сыртқы саясатымызда ескерілетін тағы бір жайт – "ислам факторы". Біз оған реалистік тұрғыдан қараймыз және халықтың ислам мәдениетінің рухани негіздеріне деген ұмтылысын, исламның қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы маңызын ескереміз. Ислам дүниесі зор ресурстарға ие, сондықтан мұны назарға алмауға болмайды. Сонымен бірге біздің елімізде діни фундаментализмді күшейту туралы әңгіме жүргізу үшін бізде қандай да болмасын негіз жоқ.

Біздің сыртқы саясатымыздың басым бағыттарының бірі – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерімен өзара қатынас. Бұл қатынас оңай дамып жатқан жоқ. Бұл туралы менің талай рет айтуыма тура келді. Бірақ біз, өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық қайтсе де кеңінен қанат жайып, нығаяуы үшін барлық күш-жігерді жұмсаймыз. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан сындарлы ұсыныстар жасамаған мемлекет басшыларының іс-жүзінде бірде-бір кездесуі болған емес.

Алайда олар әрқашан да түсіністікке ие бола бермейді, ал кейде дәлелсіз күмән тудырады. Турасын айтқым келеді: біздің ұсыныстарымыздың екі жақты сипаты жоқ, біз дүниежүзілік экономикалық қоғамдастықта қалыптасқан мінез-құлық ережелерін сақтауға тырысамыз. Қазақстан бұрынғы тиімсіз шаруашылық байланыстарды сақтауға шақырмайды, дегенмен, әзірге жаңа, барынша тиімді байланыстар табылғанға дейін қазіргі бар оң және өзара қолайлылардың барлығын бұзуды да жақтамайды. Біз сондай-ақ экономикалық бірігу мәселесін саяси мемлекетаралық құрылыс проблемаларынан нақты бөліп қараймыз.

Біз қаншалықты қаламасақ та, еңбекті мемлекетаралық бөлу, сауда рынқтарындағы бәсекелестік және тағы сол сияқты дүниежүзілік шаруашылық принциптері объективті өмір сүреді. ТМД мемлекеттерінің жеке алғанда әрқайсысының бүгінде шикізат пен қару-жарақтан басқа, толық өзіне жетерлік экономикасы, әлемдік рынокта бәсекелес бола алатын өнімдердің мол тізбесі жоқ. Сондықтан да мемлекетаралық кооперацияны сақтау және дамытудың қажеттілігі мен мүмкіндігі, ортақ кеден-экономикалық кеңістік, Достастықтың сом аймағы объективті түрде өмір сүреді. Тек осы жағдайда ғана біз едәуір дәрежеде отандық өнімдердің дүниежүзілік рынокта бәсекелес бола алмайтындығынан сөзсіз туындайтын шығындарды өтей аламыз, жұмыс орнымен, еңбекпен және миллиондаған адамдарды табыспен қамтамасыз етеміз.

Бір сөзбен айтқанда, қиындықтарға қарамастан ТМД мемлекеттеріне қатысты өз идеяларымызды біз табанды түрде жүргізетін боламыз. Олар тиісті өзара тиімді институттық жүйелер құру арқылы толығымен жүзеге асуы мүмкін.

Қымбатты отандастар!

Өткен кезең қиын да жемісті жұмыспен өтті. Біздің әрқайсымыздың сайып келгенде оның тиісті жемісін беретіндігіне, Қазақстанды гүлденген және лайықты, бақытты өмірдің өркениетті жолына шығаратынына сенетіндігімізді айтсам қателеспеспін. Бұл, сөзсіз іске асады. Дегенмен алда тұрған істердің көлемі аса ұлан-ғайыр, адам айтқысыз қиындықты жеңу үшін көп уақыт қажет. Шындықтың көзіне тура қарасаң, әзірге біздің қоғамымыз өткеннің ескі дағдысымен өмір сүріп жатқандығын мойындауымыз керек. Бәрі бірдей, Қазақстан Республикасы – өзінің заңы, өзінің жолы, өзінің болашағы бар мемлекет екендігі фактісін түбегейлі танып, білген жоқ. Сондықтан да біз өзіміз, бірлесе отырып республикада тұратын барлық адамдардың игілігі үшін қандай күрделі болса да өзіміздің барлық проблемаларымызды шешуге тиіспіз. Біз үшін ешкім де Қазақстанды жаңғыртпайды, ол үшін дүниежүзілік қоғамдастықтан орын әпермейді, біздің тұрмысымыздың деңгейін көтермейді.

Бүгінде біз өз іс-қимылдарымызды тексеретін нақты бағдарларымызды естеріңізге салғым келеді. Таяудағы үш жылда тұтыну рыногын қалыпқа түсіруіміз, содан кейінгі бес жылда – экономиканың шикізаттық сипатын жеңуге, 10-11 жылда – жаңа индустриалды елдердің қатарына қосылуымыз керек. Егер біздің тұрмысымыздың материалдық жағын ғана алатын болсақ, міне біз осыған ұмтыламыз.

Сондықтан да мен сіздерді қажырлы еңбекке, шыдамдылық пен ұлттық келісімге шақырамын, өйткені, тек осы үш фактор ғана халық үшін алға қойған мақсаттарға жетудің берік кепілі бола алады.

Мерекелеріңіз құтты болсын қымбатты қазақстандықтар!

ДОКЛАД
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ, ПОСВЯЩЕННОМ ДНЮ
НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ*

Алма-Ата, 15 декабря 1992 года

У КАЗАХСТАНА СВОЙ ПУТЬ, СВОЕ БУДУЩЕЕ

Дорогие соотечественники!

Сегодня мы отмечаем годовщину независимости нашего государства – Республики Казахстан, более двух лет назад заявившей о своем суверенитете.

Сложное чувство охватывает меня, когда, оглядываясь назад, я воскрешаю в памяти минувшее время. Оно было насыщено такими событиями, которые наверняка останутся в нашей памяти, в памяти наших детей и внуков.

Это были дни, – когда закладывались основополагающие, краеугольные камни нашей государственности, когда родились герб, флаг и гимн обновленного Казахстана, когда большинство стран планеты признали нашу независимость и приняли нас в свою мировую семью. Это счастливые, необыкновенно радостные события для любого народа.

Мы приступили к подлинному возрождению своей истории, культуры, начали самостоятельно вести свою собственную внутреннюю и внешнюю политику, создали первые законодательные основы принципиально нового для нас общества, в корне отличающегося от того, в котором жили раньше.

В какие еще исторические периоды одновременно могли происходить столь мощные социальные, политические, экономические преобразования. Думаю, ничего подобного нет в вековой памяти народа. В этом коротком временном отрезке тесно переплелись важнейшие события, связанные с небывало крутым поворотом, выпавшим на нашу долю. Но я верю, что, преодолев все трудности, мы все-таки поблагодарим судьбу за счастье принадлежать к поколению первопроходцев неизведанных, сложных путей...

За это время мы приблизились к осознанию того, насколько труден процесс интеграции в мировую экономическую систему, где Казахстан хотел

*Газета "Казахстанская правда", 16 декабря 1992 года.

бы занять место достойное, равноправное и уважаемое. Мы сумели почувствовать, сколь велик груз ответственности, который добровольно возложили на себя. Общество по-прежнему находится под прессом стихийного развития социально-экономических процессов, которые трудно обуздать в нынешний период становления рыночной экономики. Растущая инфляция и связанный с ней взлет цен, неравномерное распределение доходов и рост преступности, наконец, обидные, но, к сожалению, неизбежные ошибки в проведении крупномасштабных реформ – все это самым отрицательным образом сказывается на общественных настроениях, тяжким бременем ложится на всех казахстанцев, будь то рабочие или сельские труженики, интеллигенция, пенсионеры и даже дети.

Поскольку мы нашли в себе силы стать на путь преобразований, нам нельзя топтаться на месте, а надо решительно делать последовательные шаги в избранном направлении. Я имею в виду формирование социально ориентированной рыночной экономики, каких бы усилий это ни стоило.

Безусловно, специфика Казахстана, заключающаяся в его социально-политических, национальных, экономических и других особенностях, требует поиска собственных подходов к созданию рыночных отношений. Однако любая национальная специфика вовсе не допускает вольного интерпретирования основных принципов рынка, составляющих его главную, коренную суть.

Конечно, издержки переходного периода, когда идет ломка старых структур, немалые. Экономический спад налицо. Но давайте разберемся, почему он произошел. Зависимый характер нашей экономики, в принципе, не мог противостоять разрыву былых хозяйственных связей. Как только прекратились в необходимых объемах поставки из стран СНГ, производство немедленно пошло на убыль. Другая причина в том, что мы привязаны к единой рублевой зоне. И искренне стремимся всемерно сохранить ее, поскольку она, в принципе, выгодна для всех. Но недостаточность наличных денег, нарастающие неплатежи со стороны стран СНГ, которые задолжали Казахстану за поставленную продукцию более 200 миллиардов рублей, отсутствие реальных перспектив разрешения этой проблемы в ближайшем будущем — все это может поставить нас перед необходимостью введения собственной валюты.

Все это, вместе взятое, и составляет объективные трудности. Но выход из положения состоит вовсе не в том, чтобы пятиться назад, реанимируя изжившие себя методы командного управления народным хозяйством, а в последовательной и неуклонной реформаторской деятельности.

Главная задача радикальной экономической реформы сегодня — это приватизация государственной собственности. И никакого ее замораживания мы не допустим.

По состоянию на 1 октября 1992 года в республике преобразовано более четырех с половиной тысяч различных объектов республиканской и коммунальной собственности. Их оценочная стоимость — свыше 21 миллиарда рублей. Активизировался процесс акционирования средних и крупных предприятий в промышленности. В аграрном секторе приватизировано 447 совхозов. Масштабы приватизации с каждым месяцем нарастают, а значит, мы добились очень важного — психологической перестройки населения в пользу рыночной экономики. Поэтому вопросы приватизации приобретают политический характер и становятся важнейшим направлением нашей деятельности.

Правительством разработана детальная программа приватизации на ближайшие три года. Ее суть изложена в докладе Премьер-министра С. А. Терещенко на сессии Верховного Совета. В этой работе участвовали эксперты Всемирного банка, Европейского банка реконструкции и развития и Агентство по международному развитию. Сейчас программа находится в стадии обсуждения, после чего будет мною утверждена. В чем ее основные особенности?

В актив уходящего года, наряду с наглядными подвижками в приватизации, уточнением ее концепции, можно отнести и такие шаги по укреплению рыночных отношений, как разрешение на частную, акционерную и другие формы собственности, законодательные акты, направленные на защиту предпринимательства, создание структур, задачей которых является поддержка предпринимателей, наконец, реформирование налоговой, финансово-кредитной и банковской систем. Все эти действия направлены на то, чтобы обеспечить каждому желающему необходимую предпринимательскую свободу, чтобы более способный, трудолюбивый и предприимчивый мог в полной мере себя реализовать.

Огромным подспорьем в решении многоплановых задач государственного экономического строительства стали для нас итоги нынешнего сельскохозяйственного года. Как известно, нашими хлеборобами достигнута рекордная урожайность зерновых. Обеспечены потребности населения в картофеле, овощах, фруктах. Заготовлено необходимое количество кормов. Почти в два раза возросло производство масличных и технических культур.

Если учесть, что в уборке принимало участие меньше механизаторов, чем в прошлые годы, значительно сократилось количество комбайнов и автотранспортных средств, да прибавить к этому небывалые трудности с обеспечением топливом и другими материально-техническими ресурсами, мы вправе сказать, что наши сельские труженики сделали практически невозможное. Сегодня как-то не принято произносить высокопарные слова о трудовой доблести и героизме, но именно этими словами я позволю себе охарактеризовать ту работу, которая свершилась на полях нашей республики.

В этот торжественный день позвольте сказать хлеборобам Казахстана огромное спасибо.

